



Insurance

**Nomad**

# Тұрақты даму туралы есеп 2024-2025

# Ақпаратты ашып көрсетуге арналған түсініктеме

Компанияның тұрақты дамуы туралы есебінде 2024 жылға арналған статистикалық деректер мен Компанияның ішкі құжаттары, сонымен қатар 2025 жылдың алғашқы үш тоқсаны бойынша оқиғалар қатары пайдаланылады. Сондықтан Есеп «2024-2025 жылдарға арналған Тұрақты даму есебі» деп аталады.

Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде қаржылық шоғырландыру периметріне кіретін филиалдар мен өңірлік кеңселер есепке енгізілген. Ақпаратты ашу периметрінен алып тасталған қандай да бір ерекшеліктер қарастырылмаған.

2024–2025 жылдарға арналған тұрақты даму туралы есеп «Nomad Insurance» СК» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 12 наурыздағы шешімімен бекітілген (№9 хаттама).

# Мазмұны

- 04 Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы
- 05 Басқарма Төрағасының жолдауы
- 06 Біздің тарих
- 07 Компания туралы
- 08 Миссия және құндылықтар
- 09 География
- 10 Негізгі көрсеткішер
- 11 Лицензиялар
- 12 Басқарма
- 13 Сақтандыру сыныптары
- 14 Жеке тұлғаларға арналған сақтандыру өнімдері
- 16 Заңды тұлғаларға арналған сақтандыру өнімдері
- 18 Сақтандыру сыныптары
- 19 Флагмандық сақтандыру сыныптары
- 22 Қайта сақтандыру
- 26 Қаржылық инклюзия мысалдары
- 27 Тұрақты сақтандыру өнімдері
- 29 Цифрлық қызметтер және инновациялар
- 30 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

## Маңызды тақырыптарды таңдау үдерісі және ESGаясындағы негізгі жетістіктер

- 31 Басым ТДМ-ын таңдау
- 33 Маңызды тақырыптар
- 36 Е бағыты бойынша тақырыптар
- 37 S бағыты бойынша тақырыптар
- 40 G бағыты бойынша тақырыптар
- 42 **G бағыты бойынша негізгі жетістіктер**
- 43 Корпоративтік басқару
- 44 Корпоративтік басқару кодексі
- 45 Корпоративтік әдеп кодексі
- 46 Директорлар кеңесі
- 47 Директорлар кеңесі туралы ереже
- 48 Директорлар кеңесі мүшелері туралы ақпарат
- 49 Директорлар кеңесі комитеттері
- 52 Директорлар кеңесі жанындағы Андеррайтингтік кеңес
- 53 Директор кеңесі жанындағы активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес
- 55 Басқарма туралы ереже
- 56 Қаржылық көрсеткіштер
- 57 Салықтар
- 58 Компания төлеген салықтардың динамикасы
- 59 Тұрақты инвестициялар
- 60 Андеррайтинг
- 62 Тәуекелдерді басқару жүйесі
- 66 Негізгі тәуекелдерге жауап беру шаралары
- 67 Комплаенс және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы әрекет
- 68 Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет
- 70 Құпиялылық саясаты
- 71 Ақпараттық қауіпсіздік
- 72 Ақпараттық қауіпсіздік процестерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету
- 73 **Е бағыты бойынша негізгі жоспарлар**
- 74 Энергия
- 75 Су және ағынды сулар
- 76 Қалдықтар
- 77 Компанияның климаттық мақсаттары
- 78 **S бағыты бойынша негізгі жетістіктер**
- 79 Стандарттарға сәйкестік
- 80 Серіктестік желі
- 81 Қауымдастықтарға мүшелік
- 82 Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары
- 84 Еңбек тәртібі
- 85 Компанияның іскерлік этикасы
- 87 Корпоративтік мәдениет
- 93 Әлеуметтік жауапкершілік
- 94 Жұмысқа тартылу белсенділігін зерттеу
- 95 Қызметкерлерді оқыту және дамыту
- 97 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
- 98 Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі
- 99 Клиенттердің қаржылық сауаттылығы
- 100 Маркетинг
- 102 GRI көрсеткіштері
- 104 Қолданылатын қысқартулар мен аббревиатуралар

# Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы



**Алмас Саятович  
Мынбаев**

Директорлар кеңесінің Төрағасы

## Құрметті серіктестер, клиенттер және әріптестер!

Екі онжылдықтан астам уақыт бойы «Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ адамдар, бизнес және мемлекет алдындағы ұзақ мерзімді міндеттемелерді өз мойнына алатын қазақстандық сақтандыру компаниясы ретінде дамып келеді. Акционер ретінде мен үшін компанияның өсуі тек қаржылық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар қоғам мен қоршаған ортаға қатысты тұрақты әрі жауапты тәжірибелерге негізделуі қағидатты маңызды.

ESG-тәсіл біздің стратегиямыздың табиғи жалғасына айналды. Біз сақтандыру секторы тәуекелдерді басқаруда – адамдардың өмірі мен мүлкін қорғаудан бастап климаттық және технологиялық сын-қатерлерге әрекет етуге дейін – маңызды рөл атқаратынын түсінеміз. Сондықтан біз үш негізгі бағыт бойынша жұмысты жүйелі түрде күшейтіп келеміз: адами капиталды дамыту, қоршаған ортаға жауапты қарау және корпоративтік басқару сапасын арттыру.

Біз адамдарға ерекше көңіл бөлеміз. Компанияда нәтижемен қатар этика, құрмет және сенімді жоғары бағалайтын кәсіби мамандардан құралған мықты команда қалыптасқан. Біз қызметкерлердің дамуына инвестиция саламыз, қауіпсіздік мәдениетін және тең мүмкіндіктер қағидаттарын қолдаймыз. Компанияда кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынған. Бүгінде адами капитал ұзақ мерзімді тұрақтылықтың басты драйвері екеніне сенімдімін.

Корпоративтік басқару бағыты да біз үшін аса маңызды. Мұнда ашықтық, есеп берушілік, заңнаманы сақтау және сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбеушілік – жай ғана декларация емес, жұмысымыздың міндетті стандарттары. Директорлар кеңесі ESG-тәуекелдер мен бастамаларды тұрақты түрде қарастырып, оларды компанияның стратегиялық шешімдеріне енгізіп отырады.

Компаниямыздың тұрақты дамуы – Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қосқан үлесіміз, кәсіпкерлікті қолдау және азаматтардың қорғалу деңгейін арттыру. ESG-тәсілді дәйекті түрде іске асыру бізге тек бүгінді ғана емес, келер ұрпақтың болашағын да ойлайтын сенімді серіктес ретінде қала беруге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

*Ізгі тілектермен,  
**Алмас Мынбаев***

# Басқарма Төрағасының жолдауы

## Қадірлі достар, әріптестер және Номад Иншуранс серіктестері!

Біздің команда үшін тұрақты даму – бұл менеджмент ретіндегі міндетіміз ESG-тәсілді ұрандар жиынтығынан компания сенімділігін арттыратын және біздің клиенттердің өмірін жақсартатын нақты процестерге, өнімдерге және қызметтерге айналдыру болатын күнделікті тәжірибеге негізделген жұмыс.

Есеп беру кезеңінде біз сандық трансформацияны жалғастырдық, сақтандыру өнімдерін қолжетімдірек етіп, клиенттер деректерінің қорғанысын күшейттік және клиенттермен өзара коммуникацияны неғұрлым ашық еттік. Біз онлайн байланыс арналарын дамытып және қызметтерді клиенттердің әртүрлі топтарының, соның ішінде ірі, шағын және орта бизнестің қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы қаржы сауаттылығының және инклюзияның артуына ерекше көңіл бөлеміз.

Адамдар үнемі біздің шешімдеріміздің өзегінде болғандықтан, біз оқыту мен тәлімгерлік жүйесін қалыптастырып, ішкі кадрлар резервін дамытудамыз және де бағалау және ынталандыру құралдарын енгізудеміз. Біздің күн тәртібіміздің маңызды бөлігі ол қызметкерлердің денсаулығы, амандылығы және қауіпсіз еңбек жағдайлары, сонымен қатар сыйлы және ашық корпоративтік мәдениет.

Сондай-ақ біз өз қызметіміздің экологиялық аспектісіне де мұқият көңіл бөлеміз. Сақтандыру компаниясы үшін бұл, ең алдымен, өнімдер мен андеррайтингтегі климаттық және техногендік тәуекелдердің бағалауы мен есебі, сонымен қатар, цифрландыру және ресурстарды тиімді пайдалану арқылы экологиялық әсерімізді біртіндеп төмендету.

Корпоративтік басқару бөлімінде біз ішкі бақылау мен комплаенс-процестерді күшейтіп, тәуекелдерді басқару, мүдделер қайшылығы мен этикалық мінез-құлыққа байланысты бірқатар саясаттарды жаңарттық. Біздің компанияда шешімдер барынша ашық, ақылға салынып және стэйкхолдерлердің мүддесіне сай қабылданатынына біздің клиенттеріміз бен серіктестеріміздің сенімді болуы айрықша маңызды.

Қазіргі күні біз ESG күн тәртібін тек бір реттік жоба ретінде емес, дамудың ұзақ мерзімді даму векторы ретінде қабылдаймыз. Осы қағидаларды дәйекті түрде жүзеге асыру бізге әрі қарай да адамдарға, кәсіпке және қоғамға болашаққа сеніммен қарауға көмектесетін сенімді серіктес болып қалуға мүмкіндік беретініне көзім жетеді.

*Құрметпен,  
Даурен Иманжанов*



Даурен  
Касымханович  
Иманжанов  
Басқарма төрағасы

# Біздің Тарих

2004

«Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ құрылды. Қазақстан Республикасы аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алды.

2006 -2008

Компания өңірлік желіні белсенді дамытуға кірісті, Қазақстанның ірі қалаларында алғашқы филиалдар ашты. Жеке және заңды тұлғаларға арналған сақтандыру өнімдерінің портфелін кеңейтті.

2012

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес корпоративтік басқару және ішкі бақылау стандарттары енгізілді. 2012 жылғы шілдеде Fitch Ratings компанияның қаржылық тұрақтылық рейтингін «B-»-тен «B»-ге дейін көтерді.

2015

Компания сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша сақтандыру нарығының жетекші қатысушыларының қатарына енді.

2018

Онлайн-сатылымдар мен электрондық сақтандыру полистері іске қосылды.

2020

Клиенттерге арналған цифрлық сервистер мен мобильді қосымша дамытылды.

2021

2021 жылғы желтоқсанда S&P Global Ratings «Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның қаржылық және кредиттік рейтингісін «BB» деңгейіне дейін көтеріп, болжамды «Тұрақты» деп бағалады.

2022

Сақтандыру жағдайларын реттеуді автоматтандыру және клиенттік сервисті жақсарту бойынша жобалар іске асырылды.

2023

2023 жылғы желтоқсанда S&P Global Ratings компанияның ұзақ мерзімді рейтингісін «BB»-ден «BB+»-ке дейін көтерді, болжам – «Тұрақты». Корпоративтік басқаруға тұрақты даму (ESG) қағидаттарын енгізу басталды.

2024

Компания Қазақстанның сақтандыру нарығында табысты жұмыс істегеніне 20 жыл толуын атап өтті.

# Компания туралы

«Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ 2004 жылы құрылып, бүгінгі таңда Қазақстанның жалпы **сақтандыру нарығындағы жетекші компаниялардың бірі болып** табылады. Құрылған сәттен бастап Компания нарықтық сақтандыру стратегиясын ұстанып келеді, клиенттерге **сенімді әрі қолжетімді шешімдерді** ұсынып, клиенттік сервисте кросс-сатуларға емес, **цифрлық қызметтерге** басымдық береді.

«Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ **Қазақстанның барлық 17 облысында** және республикалық маңызы бар 3 қалада ұсынылған, жеке және заңды тұлғаларға сақтандыру қызметтерін көрсетеді. Компанияның акционері – **100% акцияға иелік ететін «Номад» Сақтандыру тобы» ЖШС**. Топ құрамына сондай-ақ «**Nomad Life**» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ және цифрлық өнімдерді әзірлеуге маманданған «**NDFS**» ЖШС кіреді.

## 6

міндетті сақтандыру  
сыныбы

## 18

ерікті сақтандыру сыныбы



Маңызды жетістіктер қатарында **қызмет сапасының жоғары деңгейі үшін «Жыл таңдауы»** және **«Мінсіз»** марапаттары (2009, 2023), **сақтандыру төлемдерін жедел жүзеге асырғаны үшін «Жыл таңдауы»** (2013), **«Сала көшбасшысы»** (2017) және **HR-брендті дамыту мен үздік стратегия үшін «HR-бренд»** (2014) бар. Сонымен қатар, Компания **«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры** АҚ-та аккредиттелген.

«Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ қызметі **ашықтық, сенім және адал серіктестік** қағидаттарына негізделеді. Компанияның қаржылық тұрақтылығының жоғары деңгейі шарттар портфелін қайта сақтандыру қорғанысының икемді әрі тиімді жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі, бұл тәуекелдерді тиімді басқаруға және клиенттердің мүдделерін **сенімді қорғауға** мүмкіндік береді.

## БІЗДІҢ МИССИЯ

Адамдардың өзара көмегіне арналған, сенімге, кәсібилікке, жеке көзқарасқа және адал қарым-қатынасқа негізделген, заманауи технологиялармен жабдықталған ең тиімді, ауқымды әрі ашық платформаны қалыптастыру, сондай-ақ клиенттің сақтандырылған мүлкін пайдалана алмайтын мерзімін қысқарту.



## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

### Жасампаздық

Біз өз Компаниямызды мақтан тұтамыз, қарапайым әрі ашық сақтандыру өнімдерін ұсынып, Қазақстан халқы үшін тұрақты болашақ қалыптастырамыз.

### Шабыт

Біз адамдардың бағалы тәжірибесін қолдана отырып өзімізге сенеміз және жаңа мақсаттарға жетуге шабыттандырамыз.

### Нәтижелілік

Күн сайын беріктік қорын арттыра отырып, біз уақытқа тәуелсіз тұрақтылық пен төзімділікті дәлелдейміз.

### Сенім

Біз көпжылдық сенімді қызметімізбен өзімізге деген сенімді арттырамыз.



Қазақстанның  
қалаларындағы

**20** өкілдігі

**39**

сату  
бөлімшелері

«Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ **Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында** қызметін жүзеге асырып, негізгі экономикалық және іскерлік орталықтарды қамти отырып, жеке және корпоративтік клиенттер үшін сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда «Nomad Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ инфрақұрылымы **17 филиал мен 39 сату бөлімшесін** қамтиды, бұл клиенттерге тиімді қызмет көрсетуге, олардың қажеттіліктеріне жедел жауап беруге және ел аумағы бойынша жоғары деңгейдегі сервисті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Компанияның бас кеңсесі Алматы қаласында орналасқан**, ал филиалдық желі Астана, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Өскемен, Атырау, Қызылорда, Талдықорған, Орал, Петропавл, Семей, Жезқазған, Теміртау, Балқаш, Екібастұз және басқа да ірі қалаларды қамтиды.

# Негізгі көрсеткіштер

Қазақстан нарығында  
**20 жыл**

2023-2024 ж. сақтандыру  
сыйлықақыларының  
**75%-ға**  
өсуі

**BB+**  
S&P Global Ratings  
Агенттігінің рейтингтік  
бағасы

2024 жыл қорытындысына  
сәйкес сыйлықақылар  
көлемі бойынша  
**ТОП-3**

01.01.2025 ж. жағдай  
бойынша меншікті капитал

**25,9 млрд. теңге**

2024 ж. қорытындысы бойынша туристерді міндетті және  
шетелге шығушыларды ерікті сақтандыру бойынша

**1 орын**

01.01.2025 жылғы жағдай бойынша  
Компанияның активтері

**64,2 млрд. теңге**

Компания  
қызметкерлерінің саны

**691**

Компанияда

**15+**

этникалық топ  
жұмыс атқарады

Компания қызметі барысында  
барлық жылдар ішінде  
ақпараттың таралу жағдайлары

**0**

ESG критерийлеріне сәйкес  
келетін қаржы құралдарының  
үлесі

**24%**

2023-2024 жылдары төленген  
салық

**6,9 млрд.  
теңге**

**2,32**  
01.01.2025 жылғы жағдай  
бойынша төлем қабілеттілігі  
маржасының жеткіліктілік  
нормативі

Қазақстан бойынша  
қызмет көрсететін

**39**  
бөлімше



Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға  
26.12.2022 жылғы №2.1.18 лицензия

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ 26 желтоқсан 2022 жылғы № 2.1.18 қолданыстағы лицензиясына ие, ол 6 міндетті және 18 ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқық береді.

kzAA

BB+

Компанияның сенімділігі мен тұрақтылығы **S&P Global Ratings** халықаралық рейтингтік агенттігімен де расталған:

- сақтандыру компаниясының қаржылық тұрақтылығы рейтингі және эмитенттің кредиттік рейтингі — **«BB+»**,
- ұлттық шкала бойынша рейтинг — **«kzAA»**
- болжам — **«Тұрақты»**.

Компания **«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры АҚ-та аккредиттелген**, бұл Компанияның сенімділік пен корпоративтік басқарудың жоғары талаптарына сәйкестігін растайды.

Халықаралық сертификаттардың, лицензиялардың, аккредитациялар мен рейтингтердің болуы Компанияға деген жоғары сенімділік деңгейін, оның қаржылық тұрақтылығын және корпоративтік басқару мен тұрақты даму саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкестігін растайды.



**Иманжанов Даурен  
Касымханович**  
Басқарма төрағасы



**Нурмамбетова  
Индира Диасовна**  
Қаржы мәселелері жөніндегі  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Кененбаев Бейбит  
Советбекович**  
Басқарма төрағасының  
орынбасары



**Назарғалиев Курман  
Бактиярович**  
Сату жөніндегі Басқарма  
Төрағасының орынбасары



**Кадеров Андрей  
Михайлович**  
Андеррайтинг және қайта  
сақтандыру жөніндегі  
Басқарма Төрағасының  
орынбасары



**Сейтбек Руслан  
Сейтбекұлы**  
Корпоративтік бизнесті дамыту  
жөніндегі басқарушы директор,  
Басқарма мүшесі



**Алибеков Мурат  
Рымбекович**  
Жеке сақтандыру жөніндегі  
басқарушы директор,  
Басқарма мүшесі

# Сақтандыру сыныптары

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ алты міндетті және он сегіз ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асырады.

2024 жылғы жағдай бойынша Компания жеке және заңды тұлғаларға арналған сақтандыру шешімдерінің кең спектрін ұсынады, олар **үш негізгі бағытты** қамтиды: міндетті сақтандыру, ерікті жеке сақтандыру және ерікті мүліктік сақтандыру.

## Міндетті сақтандыру

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- экологиялық сақтандыру;
- туристі сақтандыру;
- қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі.

## Екікті жеке сақтандыру

- жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- ауру жағдайына сақтандыру, оның ішінде шетелге шығатындар үшін.

## Ерікті мүліктік сақтандыру

- автомобиль, теміржол, әуе және су көлігін сақтандыру;
- жүктерді сақтандыру;
- мүлікті залалдан сақтандыру;
- автомобиль, әуе және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- кәсіби жауапкершілікті сақтандыру;
- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- заңды тұлғалардың қарыздарын сақтандыру;
- өзге қаржылық шығындардан сақтандыру;
- қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;
- титулдық сақтандыру.

2023–2024 жылдардағы сақтандыру сыйлықақыларының жалпы өсімі

**+75%**

**Сақтандыру өнімдерінің әртүрлілігі** бізге экономиканың негізгі секторларында сақтандыру қорғанысын тиімді қамтамасыз етуге, сондай-ақ корпоративтік және жеке клиенттер үшін **жекелендірілген шешімдер** әзірлеуге мүмкіндік береді.

# Жеке тұлғалар үшін сақтандыру өнімдері

## Денсаулық және мүлік



## Кәсіби мамандарға



# Жеке тұлғалар үшін сақтандыру өнімдері

## Автокөліктер



## Саяхат



# Заңды тұлғалар үшін сақтандыру өнімдері

## Жауапкершілік




# Заңды тұлғалар үшін сақтандыру өнімдері

## Автокөлік



Автокөлік иелерінің  
үшінші тұлғалар  
алдындағы  
жауапкершілігі

## Саяхат



## Құрылыс

## Жүк тасымалдау



Жүктерді сақтандыру

## Мұнай операциялары

# Сақтандыру сыныптары

2022–2024 жылдар аралығында «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ сақтандырудың негізгі үш сыныбы бойынша **тұрақты өсім** көрсетіп келеді.

Барлық бағыттар бойынша оң динамика «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ әртараптандырылған стратегиясының тиімділігін және Компанияның сақтандыру портфелінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету қабілетін растайды.


**Міндетті сақтандыру** Компания қызметінің негізгі бағыты болып қала береді.

**2024 жылдың** қорытындысы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі **27,3 млрд** теңгеге жетіп, **2022 жылмен** салыстырғанда **82%-ға** артты.


**Ерікті жеке сақтандыру** ең қарқынды оң үрдісті көрсетуде: үш жыл ішінде сыйлықақылар көлемі 2022 жылғы **2,7 млрд теңгеден** 2024 жылы **6,5 млрд теңгеге** дейін өсіп, 2,4 еседен астам артты. Бұл нәтиже клиенттердің сенімінің артуын және жеке тұлғаларға арналған сақтандыру қорғанысы бағдарламаларының танымалдылығын көрсетеді.

**Ерікті мүлктік сақтандыру** да тұрақты өсімді көрсетуде. Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2022 жылғы **21,5 млрд теңгеден** 2024 жылы **34,9 млрд теңгеге** дейін ұлғайып, **62%** өсімді көрсетті.


2024 жылғы клиенттік портфельдің құрылымы




Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары , млрд теңгемен



Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары , млрд теңгемен



Ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары , млрд теңгемен



# Флагмандық сақтандыру сыныптары

## Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық -құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (АҚЖМЖС)


«НОМАД Иншуранс» СК АҚ-ның АҚЖМЖС полисі міндетті сақтандыру түрлерінің портфелінде орталық орын алады. Бұл сақтандыру түрі жол-көлік оқиғалары болған жағдайда автокөлік иелерінің қаржылық қорғанысын қамтамасыз етіп, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтейді.

2022–2024 жылдары сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша тұрақты оң динамика байқалады, бұл клиенттердің жоғары сенім деңгейін және азаматтардың қаржылық қорғаныс жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын өнімге тұрақты сұранысты көрсетеді.

2022 жылдан 2024 жылға дейін АҚЖМЖС бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсімі

**+115%**

Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық -құқықтық жауапкершілігі бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге




## Автокөлік құралын сақтандыру (КАСКО)

КАСКО — ерікті мүліктік сақтандыру сегментіндегі негізгі өнімдердің бірі. Полис автокөлікті тәуекелдердің кең спектрінен — ұсақ зақымданулардан бастап көлік құралын толық жоғалтуға дейін кешенді қорғауды қамтамасыз етеді.

КАСКО жол-көлік оқиғалары мен табиғи апаттардан бастап өрт, ұрлық және заңсыз әрекеттерге дейін күтпеген жағдайлардан автокөлікті жан-жақты қорғауды қамтамасыз етеді.

2022–2024 жылдардың қорытындысы бойынша осы бағыттағы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі тұрақты деңгейде — 9,3–9,8 млрд теңге аралығында сақталып отыр, бұл қалыптасқан нарықты және өнімге тұрақты сұранысты көрсетеді.

Автомобиль көлігін ерікті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге



# Флагмандық сақтандыру сыныптары

## Заңды тұлғалар үшін туристерді міндетті сақтандыру

Бұл сақтандыру өнімі саяхат барысында туристердің өмірі мен денсаулығын қорғауды, сондай-ақ сақтандыру жағдайлары туындаған кезде туроператорлар мен агенттіктер үшін қаржылық кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

2022–2024 жылдардың қорытындысы бойынша осы сақтандыру түрі бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 4,3 млрд теңгеден 5,4 млрд теңгеге дейін өсіп, 26%-ға артты.


Мұндай динамика туристік нарықтың қалпына келуін, іскерлік және жеке сапарлардың артуын, сондай-ақ туроператорлардың клиенттер алдындағы жауапкершілігінің күшеюін көрсетеді.

Цифрландыру және ыңғайлы онлайн-сервистердің арқасында туристерге арналған сақтандыру полистерін рәсімдеу жеңіл әрі қолжетімді бола түсті, бұл Компанияның осы сегменттегі позицияларын одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

2024 жылы туристерді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсімі

**+38,5%**

Туристерді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге



## Ауру жағдайына сақтандыру, оның ішінде шетелге шығатындар үшін

Ауру жағдайына ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде шетелге шығатындарға арналған полистерді қамти отырып, «НОМАД Иншуранс» СК АҚ-ның ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады. Өнім күтпеген жағдайларда клиенттерге Қазақстан аумағында да, оның шегінен тыс жерлерде де медициналық және қаржылық қорғаныс ұсынады.


2022–2024 жылдардың қорытындысы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2,6 млрд теңгеден 6 млрд теңгеге дейін өсті.

Компания портфеліндегі жеке бағыттардың бірі – еңбек мигранттарын медициналық сақтандыру. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, медициналық сақтандырудың болуы шетел азаматтарының ел аумағына кіруі және заңды түрде болуы үшін міндетті шарт болып табылады.

2022–2024 жылдар аралығында ауру жағдайына сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсімі

**> 2,3 есе**

Ауру жағдайына сақтандыру, оның ішінде шетелге шығатындар бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге




# Флагмандық сақтандыру сыныптары

## Азаматтық -құқықтық жауапкершілікті сақтандыру

«НОМАД Иншуранс» СК АҚ үшінші тұлғаларға зиян келтірумен, шарттық міндеттемелерді орындамаумен және басқа да тәуекелдермен байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұсынады. Бұл бағдарламаларға автомобиль, әуе, су және ғарыш көлігі иелерінің жауапкершілігін сақтандыру, сондай-ақ кәсіби жауапкершілікті сақтандыру сыныптары кірмейді.

2022–2024 жылдардың қорытындысы бойынша осы бағыттағы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1,9 млрд теңгеден 9,1 млрд теңгеге дейін өсіп, 4,7 еседен астам артты. Мұндай өсім бизнес пен жеке клиенттердің азаматтық-құқықтық тәуекелдерден сақтандыруға деген сұранысының артқанын көрсетеді.

Азаматтық -құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге




## Мүлікті залалдан сақтандыру

«НОМАД Иншуранс» СК АҚ жылжымайтын мүлікті — пәтерлер мен жеке үйлерден бастап бизнес-орталықтар мен сауда-ойын-сауық орталықтары сияқты ірі коммерциялық объектілерге дейін қамтитын мүлікті залалдан сақтандыруды ұсынады. Бұл сақтандыру түрі автомобиль, теміржол, әуе, су және ғарыш көлігіне, сондай-ақ жүктерді сақтандыруға қатысты қамтуды қамтымайды.

2022–2024 жылдардың қорытындысы бойынша осы бағыттағы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 4,5 млрд теңгеден 6,4 млрд теңгеге дейін өсіп, жеке және заңды тұлғалар арасында мүліктік активтерді сақтандыруға тұрақты сұранысты көрсетеді.

Мүлікті залалдан сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге



# Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыру «НОМАД Иншуранс» СК АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі және тәуекелдерді басқару жүйесінің стратегиялық элементі болып табылады. Халықаралық қайта сақтандыру бағдарламаларына қатыса отырып, Компания әлемдік корпорациялардың ірі тәуекелдері бойынша міндеттемелердің бір бөлігін өзіне қабылдайды, осылайша олардың қосымша қаржылық қорғанысын қамтамасыз етіп, тұрақты халықаралық портфель қалыптастырады.

## Қайта сақтандыру бойынша стратегиялық серіктестері

«НОМАД Иншуранс» СК АҚ тәуекелдерді Қазақстанда да, шетелде де сенімді түрде қайта сақтандырады, S&P рейтингтері **жоғары жетекші халықаралық қайта сақтандыру компанияларымен** ынтымақтаса отырып, олардың қатарында:


- Allianz Global Corporate & Specialty SE (Германия) - «AA»
- Triglav Re (Словения) - «A»
- Hannover Re (Германия) - «AA-»
- Kuwait Re (Кувейт) - «A+»
- Polish Re (Польша) - «A-»
- SCOR (Франция-Ресей) - «A»
- Sava Re (Словения) - «A»
- Swiss Re (Германия) - «A+»
- PVI Insurance (Вьетнам) - «A-»
- Tokio Marine HCC (Ұлыбритания) - «A+»
- Lloyd's Syndicates (Ұлыбритания) - «A+»
- Chubb European Group Limited - «AA»

**2024 жылы** Компания **20 млрд теңге** көлемінде қосымша **катастрофалық сыйымдылықты** және **200 млн теңге** көлемінде **моторлық облигациялық** шартты сатып алу арқылы қорғанысын күшейтті. Біз Еуропа, Азия, Америка, Африка, Таяу Шығыс және Океания мемлекеттерін **қамтитын кең географиялық ауқымда** кіріс қайта сақтандыруды жүзеге асырамыз.


**2023 жыл ішінде** Австралия, Қытай, Оңтүстік Корея, Мысыр, Ресей Федерациясы және басқа да елдердегі серіктестермен **1875 қайта сақтандыру шарты** жасалды.

Біздің серіктестеріміздің қатарында **Berkshire Hathaway Specialty Insurance (BHSI), HP, Apple, Johnson & Johnson, Walt Disney, IBM, Coca-Cola, Bosch** және басқа да танымал компаниялар бар.

Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге



Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, млрд теңге



2024 жылы Компанияның қайта сақтандыру операциялары қамтыған географиясы

**104 ел**

# Қайта сақтандыру


## Халықаралық қайта сақтандыру бағдарламаларына қатысу

Компания қызметі келесі секторларды қамтиды:

### 1. Өнеркәсіп, жабдықтар және технологиялар

Bosch

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ жабдықтар, электрқұралдар, компоненттер мен технологиялық жүйелер өндірісі саласында жұмыс істейтін жаһандық өнеркәсіптік концерннің мүліктік тәуекелдерін қайта сақтандыруды жүзеге асырады. Қамту Германия, АҚШ, Қытай, Түркия, Үндістан, Венгрия және Чехия елдеріндегі активтерге таралады.



HP (Hewlett Packard)

HP тәуекелдерін қайта сақтандыру мүлікті, жабдықтарды, өндірістік активтерді және қызметтің үзілу тәуекелдерін қамтиды. Қамту бүкіл әлем бойынша әрекет етеді (жер сілкінісі мен су тасқыны тәуекелдерін, сондай-ақ бірқатар ерекшеліктерді: соғыс, кибершабуылдар, терроризмді қоспағанда).

### 2. Азық -түлік өнеркәсібіжәне сусындар



Coca-Cola HBC

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Coca-Cola тәуекелдерін бірқатар елдерде қайта сақтандырады: Нигерия, Польша, Италия, Греция, Венгрия.

### 3. Тау-кен өндіру және металлургия өнеркәсібі



Saudi Arabian Mining Company (Maaden)

Компания Сауд Арабиясындағы фосфаттарды өндіру мен өңдеуге, сондай-ақ фосфатты тыңайтқыштар өндіруге маманданған мемлекеттік тау-кен корпорациясының мүліктік тәуекелдерін қайта сақтандыруға қатысады.

2022 жылғы 23 қарашада болған сақтандыру жағдайы сапасыз анодтарды пайдаланумен байланысты болып, соның салдарынан 280 электролизер бес аптаға тоқтатылды. Қайта сақтандыру жабыны аясында Компания 59,3 млн теңге көлемінде төлем жүзеге асырды.

### 4. High-tech және микроэлектроника



TSMC Taiwan Semiconductor Manufacturing Company)

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ TSMC компаниясының мүліктік тәуекелдерін қайта сақтандырады – бұл Apple, Qualcomm, AMD, NVIDIA және басқа да компанияларды чиптермен қамтамасыз ететін жартылай өткізгіштер өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы. Қамту Тайвань аумағындағы өндірістік желілерді, жабдықтарды, ғимараттарды және дайын өнімді қамтиды. Сақтандыру жабыны өрт, жарылыс, табиғи апаттар, оның ішінде жер сілкінісі тәуекелдерін қамтиды.

2024 жылғы сәуірде магнитудасы 7,7 балл болған жер сілкінісінен кейін TSMC шығындары бойынша қайта сақтандыру жабыны аясында Компания 331,2 млн теңге көлемінде төлем жүзеге асырды.

# Қайта сақтандыру

## 5. Автокөлік индустриясы



### Al Habtoor Motors (БАӘ)

Компания Таяу Шығыстағы премиум-класс автокөліктерінің жетекші дистрибьюторы — Al Habtoor Motors компаниясының мүліктік тәуекелдерін қайта сақтандыруға қатысады. Al Habtoor Motors Mercedes-Benz, Bentley, McLaren, Rolls-Royce және басқа да брендтерді ұсынады. **2024 жылдың екінші тоқсанында** БАӘ-де болған нәсер жаңбырлардың салдарынан компания зардап шекті. Дубайда бір тәуліктің ішінде жылдық жауын-шашын мөлшеріне жуық көлем түсуі нәтижесінде компанияның кеңсе үй-жайлары, жабдықтары және көлік құралдары зақымданды. Қайта сақтандыру шартына сәйкес «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ келтірілген зиянды өтеу үшін **шамамен 240 млн теңге** көлемінде төлем жүзеге асырды.

## 6. Фармацевтика және денсаулық сақтау



### Johnson & Johnson

Қайта сақтандыру компанияның өндірістік желілерін, дәрілік препараттарын, медициналық жабдықтарын және өзге де негізгі активтерін қамтиды.

2023 жылы қайта сақтандыру шарттары бойынша өтелген залал сомасы

**263,5 млн. теңге**

# Қайта сақтандыру

## Ірі қайта сақтандыру жағдайлары

### Mall of Dhahran-дағы өрт (Сауд Арабиясы)



**2022 жылғы 13 мамырда** Сауд Арабиясының Шығыс провинциясындағы ең ірі сауда орталықтарының бірі — Mall of Dhahran аумағында шамамен 220 мың шаршы метрді қамтыған ауқымды өрт орын алды. Қайта сақтандыру шарты бойынша «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның үлесі **1,85 млн сауд риялын (шамамен 492 мың АҚШ доллары)** құрады. Компания өз міндеттемелерін толық орындап, төлемді толық көлемде жүзеге асырды.

### Дубайдағы өндірістік алаңдағы өрт



**2022 жылғы қарашада** Дубайда қалдықтарды қайта өңдеу зауытында ірі өрт орын алды. Өрт тез арада көршілес үй-жайларға, соның ішінде сақтанушы жалға алған қоймаға таралды. **Жалпы расталған залал шамамен 568 мың АҚШ долларын** құрады. Қайта сақтандыру жабыны аясында «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ өзінің жауапкершілік үлесі ретінде **162,5 мың АҚШ доллары** көлемінде өтемақы төледі.

### Джидда қаласындағы су тасқыны (Сауд Арабиясы)



**2022 жылғы қарашада** теңіз жағалауындағы Джедда қаласында өңірдегі метеобақылау тарихындағы ең күшті су тасқыны орын алды. Зардап шеккендердің бірі — ірі автодилер Universal Motors Agencies болды, оның қоймасы жақын маңдағы биіктіктен аққан су тасқынының салдарынан су астында қалды. Автодилердің **жалпы шығыны шамамен 392 мың АҚШ долларын** құрады. Қайта сақтандыру шарты аясында «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **112 мың АҚШ доллары** көлемінде өтемақы төлеп, өз жауапкершілік үлесін толық орындады.

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **Berkshire Hathaway Specialty Insurance (BHSI)** компаниясымен стратегиялық келісім жасасты — бұл Berkshire Hathaway холдингінің құрамына кіретін сақтандыру компаниясы, оны Уоррен Баффет басқарады.

BHSI **178 елдің** әрқайсысында тек бір сақтандыру серіктесімен ғана жұмыс істейді, және Қазақстандағы серіктес ретінде «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ таңдалды.

Бұл серіктестік Компанияның BHSI-дің қатаң талаптарына сәйкес келетінін және Қазақстанда Berkshire Hathaway жаһандық тобының клиенттеріне қызмет көрсету үшін жеткілікті сараптамасы мен сенімділік деңгейіне ие екенін растайды.

# Қаржы инклюзиясының мысалдары

Сақтандыру қызметтерінің **қолжетімділігі** қағидаттарын іске асыру аясында «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **микросақтандыру** бағытын дамытуда, бұл **азаматтардың барынша кең тобына** сақтандыру қорғанысын алуға мүмкіндік береді. Компанияның осы саладағы қызметі **қолжетімді тарифтер** мен **рәсімдеудің қарапайымдылығы** арқылы **халықтың қаржылық қамтылуын арттыруға** және **сақтандыру мәдениетін** қалыптастыруға бағытталған.

## Микросақтандыру өнімдерінің қатарына мыналар кіреді :

### «Доплимит»

**Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру** — міндетті АҚЖМЖС полисінен тыс қосымша сақтандыру жабынын қамтамасыз етеді. Полистің ең төменгі құны **3 000 теңгеден** басталады, бұл өнімді **кең ауқымды автокөлік иелері үшін**, оның ішінде сақтандыру құны төмен көлік құралдарының иелері үшін қолжетімді етеді.

### «Әуе жолаушысы »

**Әуе жолаушыларына арналған кешенді сақтандыру** бағдарламасы — багаждың жоғалуы, рейстердің кешігуі, сапардан бас тарту және жазатайым оқиғалар сияқты тәуекелдерден қорғауды қамтиды. Полистің құны **2 200 теңге** болып, **1 470 000 теңгеге дейін сақтандыру өтелімін** қамтамасыз етеді, бұл жұмыс немесе оқу мақсатында сапарлайтындарды қоса алғанда, клиенттердің кең тобы үшін баға мен қорғаныс деңгейінің теңгерімді арақатынасын ұсынады.

### «Пәтер полисі»

**Мүлікті сақтандыру бойынша онлайн-өнім** — тұрғын үйді өрттен, су басудан, табиғи апаттардан және құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауға бағытталған. Полис Компанияның сайты арқылы **толықтай қашықтан** рәсімделеді, кеңсеге бару қажет емес. Сақтандыру өтемінің ең төменгі құны **500 теңгеден** басталады, бұл **шектеулі қаржылық мүмкіндіктер** болған жағдайда да сақтандыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Компания клиенттердің жеке **қажеттіліктеріне бейімделген сақтандыру өтемінің** икемді құрылымы бар өнімдерді енгізуде.

Мысал ретінде **КАСКО Трансформерді** келтіруге болады — бұл КАСКО бағдарламасының қосалқы өнімі, ол клиенттерге **тәуекелдер мен қосымша опциялар жиынтығын өз бетінше анықтауға** мүмкіндік береді, осылайша сақтандыру қорғанысын жеке басымдықтарына сәйкес қалыптастыруға жағдай жасайды.

**Цифрлық технологиялар мен онлайн-қызмет** көрсету арналарының көмегімен «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ сақтандыруды барынша қолжетімді, ыңғайлы және ашық етеді. Бұл бастамалар сапалы **сақтандыру қызметтері табыс деңгейіне қарамастан әрбір адамға қолжетімді** болатын инклюзивті сақтандыру экожүйесінің дамуына ықпал етеді, сондай-ақ халықтың экономикалық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету бөлігінде ұлттық және жаһандық тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдайды.

# Тұрақты сақтандыру өнімдері

## Экологиялық сақтандыру



Экологиялық сақтандыру компанияларды олардың қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін залалдың қаржылық салдарларынан қорғауға арналған. Егер ұйымның иелігінде ауа, топырақ, су ластануына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жойылуына әкелуі мүмкін қауіпті объектілер немесе өндірістік процестер болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық сақтандыру шартын жасау міндетті болып табылады.

Мұндай полис апаттардың салдарын жоюға және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеуге арналған шығындарды өтейді, табиғатты жауапкершілікпен пайдалануды қамтамасыз етіп, экологиялық тәуекелдерді азайтады.

Экологиялық сақтандыру қауіпсіз өндірістік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді, бизнестің экологиялық жауапкершілігін арттырады және ESG бағытының Environmental құрамдас бөлігі шеңберіндегі маңызды элемент болып табылады.

## Қауіпті объектілерді міндетті сақтандыру

Қауіпті объектілердің жауапкершілігін сақтандыру — **тәуекел деңгейі жоғары өндірістер мен инфрақұрылымды пайдаланатын компаниялар үшін қаржылық қорғаныс құралы**. Ол адамдарға, мүлікке немесе қоршаған ортаға зиян келтірілген жағдайда, апаттар мен оқиғалардың салдарымен күресуге бизнеске көмектеседі.

**Полис зардап шеккен тараптарға өтемақы төлеу, қалпына келтіру жұмыстары, экологиялық оңалту, сондай-ақ осыған байланысты сот және өзге де шығындарды қамтиды**. Мұндай сақтандырудың болуы компанияларды өнеркәсіптік қауіпсіздікке, апаттардың алдын алуға және қауіпті факторларды бақылауға жүйелі түрде қарауға ынталандырады.

ESG контекстінде бұл тәуекелдерді басқарудың жетілгендігін күшейтеді (Governance) және бизнестің экологиялық жауапкершілігін растайды (Environmental), компанияның ықтимал залал үшін жауап беруге және оның салдарын барынша азайтуға дайын екенін көрсетеді.



# Тұрақты сақтандыру өнімдері

## Агросақтандыру



**Тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту** аясында **Qalqan Kezekte** цифрлық платформасы арқылы қолжетімді агросақтандыру жүйесі жүзеге асырылуда. Аталған шешімдер өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы климаттық және биологиялық тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ фермерлік шаруашылықтардың қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

### Құрғақшылықтан өгіс алқаптарын индексстік сақтандыру

Бұл сақтандыру түрі қардың аз түсуі салдарынан және көктемгі кезеңде топырақ ылғалының жетіспеушілігімен күшейетін ылғал тапшылығына байланысты шығындарды өтейді.

### Артық ылғалдан өгіс алқаптарын индексстік сақтандыру

Аталған өнім егін жинау кезеңіндегі мол жауын-шашынмен байланысты тәуекелдерден фермерлерді қорғауға бағытталған. Мұндай ауа райы жағдайлары егін жинауды кешіктіріп, өнім сапасын төмендетіп, шығындарға әкелуі мүмкін.

2024 жылы осы агросақтандыру жүйесінің арқасында фермерлерге 322,7 млн теңге көлемінде сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды, бұл климаттық тәуекелдерден қорғану тетіктерінің тиімділігін дәлелдейді.

### Ауыл шаруашылығы жануарларын сақтандыру

**Сақтандыру** аурулар мен жазатайым оқиғаларға байланысты **негізгі тәуекелдерді қамтиды**, бұл мал шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

#### Жүйенің артықшылықтары

- Сақтандыру жағдайын индексстік және объективті деректер негізінде **автоматты түрде анықтау**.
- **Мемлекеттік субсидиялау**: полис құнының **80%-ға** дейінгі бөлігі бюджет есебінен өтеледі, бұл сақтандыруды фермерлер үшін қолжетімді етеді.
- **Төлемдердің қысқа мерзімі**: сақтандыру жағдайы расталғаннан кейін қаражат шамамен үш апта ішінде төленеді.

#### Серіктестік және халықаралық қайта сақтандыру

Бағдарламаға **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**, қазақстандық сақтандыру ұйымдары және халықаралық қайта сақтандыру компаниялары қатысады, олардың қатарында SWISS Re (Швейцария), XL Insurance Company SE (Франция), Liberty Mutual Insurance SE (Люксембург) және Assicurazioni Generali (Италия) бар.



**Ауыл шаруашылығы жануарларын сақтандыру келесі түрлерді қамтиды:**

- ірі қара мал;
- ұсақ мал;
- жылқылар;
- шошқалар;
- құстар.

# Цифрлық қызметтер және инновациялар

**Цифрлық трансформация «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның стратегиялық басым бағыттарының бірі** және клиенттерге қызмет көрсету сапасын, процестердің ашықтығын және операциялық тиімділікті арттырудың маңызды құралы болып табылады. Компания заманауи технологияларды белсенді түрде енгізіп, өзара іс-қимылдың цифрлық арналарын дамыта отырып, сақтандыру қызметтерін барынша ыңғайлы, қолжетімді және жекелендірілген етеді.

Біз цифрлық ілгерілету мен коммуникацияларға **кешенді тәсілді** қолданамыз.

**2011 жылдан** бастап Компанияда меншікті **CRM жүйесі** және **электрондық құжат айналымы жүйесі** жұмыс істейді, бұл қызметтің негізгі бағыттарын құрылымдауға және оңтайландыруға мүмкіндік берді. Андеррайтингтен бастап сақтандыру төлемдеріне және бухгалтерлік есепке дейінгі бизнес-процестердің басым бөлігі **бірыңғай цифрлық ортаға** біріктіріліп, автоматтандырылған режимде жұмыс істейді. Бұл ашықтықты арттырып, қателіктер тәуекелін азайтады және деректерді өңдеудің жоғары жылдамдығын қамтамасыз етеді.

## Цифрлық тәсілдеме

**Цифрлық трансформация** аясында Компания жеке және заңды тұлғаларға арналған негізгі сақтандыру өнімдерін кезең-кезеңімен **электрондық форматқа** көшіруде. Мұндай тәсіл қағаз құжат айналымынан толықтай бас тартуға мүмкіндік береді және клиенттерге сақтандыру полистерін қашықтан рәсімдеуге, өтініштер беруге және сақтандыру төлемдерін алуға жағдай жасайды.

**Жеке және заңды тұлғаларға арналған жеке кабинеттерді** дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Олар **онлайн-сервистердің толық циклін** ұсынады — сақтандыру өнімдерін сатып алудан бастап, шығындарды реттеу мен сатудан кейінгі қызмет көрсету аясында кеңес алуға дейін. Бұл Компаниямен өзара әрекеттесудің ыңғайлылығын және клиенттік тәжірибе деңгейін едәуір арттырады.

Сонымен қатар Компания клиенттерге кеңес беруге арналған **чат-ботты** және қызметкерлерге арналған **интеллектуалды көмекші жүйелерді** қоса алғанда, зияткерлік **цифрлық құралдарды** белсенді түрде енгізуде.

## ЖИ құралдары

Компанияның әзірлеушілер командасы барлық ақпараттық **жүйелерде жаңа функцияларды жобалау** мен енгізу үдерістерін жеделдету үшін **жасанды интеллектті белсенді түрде қолданады**.

Сонымен қатар, операциялық қызметте әртүрлі интернет-порталдармен өзара әрекеттесуді автоматтандыратын және қолмен орындалатын жұмыстың үлесін қысқартатын ЖИ-агенттер пайдаланылады.

**Компанияның интеллектуалды агенттері** мемлекеттік және коммерциялық сатып алу порталдарын мониторингтен өткізіп, берілген критерийлер бойынша релевантты лоттарды автоматты түрде анықтап, олардың техникалық сипаттамаларын талдайды.

Бұл шешімдер шешім қабылдау үдерісін едәуір жеделдетуге, деректерді өңдеу дәлдігін арттыруға және қызметкерлерді күнделікті қайталанатын жұмыстардан босатуға мүмкіндік береді.

## Компанияның меншікті клиенттік сервистері


Сақтандыру өнімдеріне, полистерге, төлемдерге және жеке ақпаратқа тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ететін **клиенттік портал мен мобильді қосымша**.

**Push-хабарламалар мен SMS-ескертулер** клиенттерге полистердің мәртебесі, төлем мерзімдері және жаңа мүмкіндіктер туралы ақпаратты уақтылы алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **заманауи, тиімді және клиентке бағдарланған экожүйені** қалыптастырып, нарықтағы позициясын нығайтып, бизнес-модельдің тұрақтылығын арттыруда.

# Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Барлық мүдделі тараптармен әріптестік пен өзара іс-қимыл «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ға нарықтағы өз позициясын нығайтуға, халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерді енгізуге, заманауи сақтандыру шешімдерін дамытуға және экономика мен қоғамның тұрақты дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.



## Клиенттер

Компания өз клиенттерін серіктес ретінде қарастырады және олардың қажеттіліктері мен күтулеріне сүйене отырып, сақтандыру өнімдері мен сервистерін үнемі жетілдіріп отырады. Клиенттермен өзара іс-қимыл жеке тәсіл, жеделдік және ашықтық қағидаттарына негізделеді, бұл сенімді нығайтуға және ұзақ мерзімді қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

## Мемлекеттік органдар мен реттеушілер

Мемлекеттік органдармен және реттеушілермен қарым-қатынас маңызды рөл атқарады, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бар. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қатаң сақтайды, салалық бастамаларды дамытуға қатысады және сақтандыру секторын жетілдіру мәселелері бойынша диалогты қолдайды.

## Қоғамдастықтар

Қауымдастықтар мен бизнес-қауымдастықтар тәжірибе алмасу, үздік тәжірибелерді енгізу және сақтандыру секторын жалпы дамыту үшін маңызды алаң болып табылады. Компания салалық бірлестіктерге, сарапшылармен диалогқа және бастамашыл топтарға белсенді қатысып, нормативтік базаны жетілдіруге және нарықты дамытуға үлес қосады.

## Қызметкерлер

Қызметкерлерге ерекше көңіл бөлінеді, өйткені олар Компанияның тұрақты дамуының негізгі ресурсы болып табылады. «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ олардың кәсіби дамуына инвестиция салады, өсуі мен тартылуына жағдай жасайды және сенім мен жауапкершілікке негізделген мықты корпоративтік мәдениетті қалыптастырады.

## Акционерлер

Акционерлер Компания тарапынан тұрақты өсім мен бизнестің ұзақ мерзімді құнын арттыруға мүдделі стратегиялық серіктестер ретінде қарастырылады. Осы аудитория үшін негізгі қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштер, корпоративтік басқару, инвестициялық саясат, ESG-тәсілдер және стратегиялық жоспарлар туралы ақпарат ашылады. Осы тұрақты даму жөніндегі есеп акционерлермен коммуникацияның маңызды құралы болып табылады және оларға Компания стратегиясының тиімділігін әрі оның тұрақты дамуға қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

## Серіктестер

Компания өз стейкхолдерлерімен тұрақты диалогты қолдайды, бұл стратегиялық шешімдерді әзірлеу кезінде олардың күтулері мен ұсыныстарын ескеруге және тұрақты даму саласындағы тәсілдерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ өзінің тұрақты даму стратегиясы аясында экономикалық даму, әлеуметтік және экологиялық әл-ауқат пен орнықты өсімге қосатын негізгі үлес бағыттарын айқындайтын **Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ)** басымдық ретінде белгілейді. Аталған мақсаттар Компания қызметінің стратегиялық бағытын айқындап, Қазақстан Республикасының даму басымдықтарымен және 2030 жылға дейінгі БҰҰ-ның жаһандық күн тәртібімен үйлеседі. Компания ең көп үлес қосатын басым ТДМ қатарына мыналар жатады:

**ТДМ 1:** Барлық жерде кедейліктің барлық нысандарын жою.

**ТДМ 3:** Барлық жастағы адамдар үшін салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және әл-ауқатты арттыруға жәрдемдесу.

**ТДМ 8:** Үдемелі, инклюзивті және тұрақты экономикалық өсімге, толық әрі өнімді жұмыспен қамтуға және баршаға лайықты еңбекке жәрдемдесу.

**ТДМ 9:** Тұрақты инфрақұрылымды құру, инклюзивті және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларды қолдау.

**ТДМ 11:** Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, орнықтылығын және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

**1** Кедейлікті жою



**3** Жақсы денсаулық пен амандық



**8** Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу



**9** Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым



**11** Тұрақты қалалар мен елді мекендер



**1** Кедейлікті жою



«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ клиенттер мен олардың отбасыларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді, күтпеген өмірлік жағдайлар туындаған кезде табысынан айырылу тәуекелінен қорғау құралдарын ұсынады. **Сақтандыру өнімдері ауру, жарақат алу, мүліктен немесе асыраушысынан айырылу жағдайында өмір сүру деңгейін сақтауға көмектеседі.** Компания сақтандырудың қолжетімділігіне басымдық береді — әртүрлі табыс деңгейіндегі адамдарға арналған шешімдерді әзірлей отырып, қаржылық инклюзияны күшейтеді.

Компания **еңбек жағдайларына және қызметкерлер мен клиенттердің денсаулығын қолдауға ерекше көңіл бөледі**. Кеңселерде «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасының элементтері енгізіліп, қауіпсіз әрі жайлы жұмыс ортасы қалыптастырылады. Сақтандыру бағдарламаларының едеуір бөлігі жазатайым оқиғалардан және еңбекке уақытша жарамсыздықтан қорғауға бағытталған, соның ішінде емдеу шығындарын өтеуді қамтиды. Сондай-ақ саяхаттаушыларға арналған арнайы сақтандыру бағдарламалары қарастырылған.

**3** ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ  
ПЕН АМАНДЫҚ



**8** ЛАЙЫҚТЫ  
ЖҰМЫС ПЕН  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ӨСУ



Компания **тұрақты жұмыс орындарын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдайды және адами капиталды жетілдіреді**. Ішкі оқыту бағдарламалары еңбек өнімділігін арттыруға және персоналдың біліктілігін жақсартуға ықпал етеді. «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ жоғары мотивация мен әлеуметтік қорғалу мәдениетін қалыптастырып, сақтандыру саласы мен ел экономикасының дамуына үлес қосады.

Компания ішкі үдерістерді цифрландыру арқылы белсенді түрде жаңғыртуда. Қызмет көрсету мен есептілікті автоматтандыру әкімшілік шығындарды азайтып, басқарудың ашықтығын арттырады. Сонымен қатар клиенттерге Компаниямен өзара әрекеттесуде қолайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін **цифрлық инфрақұрылым мен қашықтан қызмет көрсету сервистері дамытылуда**.

**9** ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ,  
ИННОВАЦИЯЛАР  
ЖӘНЕ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



**11** ТҰРАҚТЫ  
ҚАЛАЛАР МЕН  
ЕЛДІ МЕКЕНДЕР



Сақтандыру қалалар мен олардың тұрғындарына климаттың өзгеруі, табиғи апаттар және техногендік оқиғалармен байланысты өсіп келе жатқан төуекелдерге төтеп беруге көмектеседі. «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ мүлiкті сақтандыру, экологиялық сақтандыру, апаттық төуекелдерден қорғау және басқа да қызметтерді ұсына отырып, қалалық ортаның **тұрақтылығын күшейтеді**: сақтандыру бағдарламалары су тасқыны, дауыл, ерт және өзге де төтенше жағдайлардан келген залалды дер кезінде өтеуге мүмкіндік береді, инфрақұрылымды қалпына келтіруді қолдайды және ТЖ-дың әлеуметтік салдарын азайтады.

# Маңызды тақырыптар

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАР (ECONOMIC STANDARDS)

GRI 201	Экономикалық көрсеткіштер (GRI 201: Economic Performance)
GRI 202	Нарықтағы қатысуы (GRI 202: Market Presence)
GRI 205	Жемқорлықпен күрес (GRI 205: Anti-corruption)
GRI 207	Салықтар (GRI 207: Tax)

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАР (ENVIRONMENTAL STANDARDS)

GRI 302	Энергия (GRI 302: Energy)
GRI 303	Су және ағын сулар (GRI 303: Water and Effluents)
GRI 306	Қалдықтар (GRI 306: Waste) 2020

## ҚОҒАМДЫҚ СТАНДАРТТАР (SOCIAL STANDARDS)

GRI 401	Жұмыспен қамтылу (GRI 401: Employment)
GRI 402	Еңбек қатынастары (GRI 402: Labor/Management Relations)
GRI 403	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (GRI 403: Occupational Health and Safety)
GRI 404	Оқыту және білім беру (GRI 404: Training and Education)
GRI 405	Алуандық және тең мүмкіншіліктер (GRI 405: Diversity and Equal Opportunity)
GRI 416	Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі (GRI 416: Customer Health and Safety)
GRI 418	Тұтынушылар деректерінің құпиялылығы (GRI 418: Customer Privacy)


# Маңызды тақырыптар

«НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ өзінің тұрақты даму қызметінің маңызды тақырыптарын GRI (Global Reporting Initiative, 2021 нұсқасы) стандарттары негізінде айқындайды, ашықтық, мүдделі тараптарды тарту және стратегиялық өзектілік қағидаттарын сақтай отырып. Бірінші кезең – Компания басшылығымен жүргізілген сұхбаттар. Маңызды тақырыптар тізбесін қалыптастыру үдерісі 3 кезеңнен тұрды.

Екінші кезең – шамамен 20 негізгі қызметкердің, соның ішінде жоғары басшылар мен бейінді бөлімшелер жетекшілерінің қатысуымен өткен Стратегиялық сессия аясында жүзеге асырылды. Өрбір қатысушыға сақтандыру саласының ерекшелігі мен Компания қызметіне бейімделген GRI 2021 тақырыптарын, сондай-ақ стратегиялық тұрғыда бағдарланатын S&P Global ESG Score халықаралық рейтингі тақырыптарын анонимді түрде бағалау ұсынылды. Бағалау 1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша жүргізілді, мұнда 10 – ең жоғары басымдықты, ал 1 – ең төмен басымдықты білдіреді. Барлық бағалар жинақталып, әрбір тақырыптың Компания үшін жиынтық салмағын анықтауға мүмкіндік берді.

Үшінші кезең – GRI тақырыптарын S&P Global рейтингіндегі ұқсас тақырыптармен салыстыру болды. Бұл GRI бойынша басымдық Y осінде, ал S&P әдіснамасы бойынша маңыздылық X осінде көрсетілген маңызды тақырыптар матрицасын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл есептілік стандарттары мен рейтинг талаптары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етіп, екіжақты объективтілікке қол жеткізді.

Маңызды Тақырыптар Матрицасы



# Маңызды тақырыптар

Осылайша, **GRI стандарттарының барлық тақырыптары үш басымдық деңгейі бойынша бөлінді — өте жоғары, жоғары және орташа.** Мұндай саралау олардың «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ қызметіне ықпал ету дәрежесін, мүдделі тараптардың күтулерін, Компанияның стратегиялық мақсаттарын және халықаралық ESG-рейтингтер талаптарын көрсетеді.

## 1. Өте жоғары басымдықтағы тақырыптар

- **GRI 201:** Экономикалық нәтижелілік
- **GRI 202:** Нарықтағы қатысуы
- **GRI 205:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- **GRI 402:** Еңбек қатынастары
- **GRI 404:** Қызметкерлерді оқыту және дамыту
- **GRI 416:** Өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігі
- **GRI 418:** Клиенттердің деректерінің құпиялылығы

Бұл тақырыптар Компанияның экономикалық тұрақтылығымен, сақтандыру қызметтерінің сапасымен, клиенттер алдындағы жауапкершілігімен және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтаумен тікелей байланысты.

## 2. Жоғары басымдықтағы тақырыптар

- **GRI 401:** Жұмыспен қамту
- **GRI 403:** Еңбекті қорғау және қызметкерлердің қауіпсіздігі
- **GRI 405:** Өртүрлілік және тең мүмкіндіктер
- **GRI 207:** Салықтар

Аталған мәселелер Компанияның ұзақ мерзімді дамуына жағдай жасайды, кадрлық саясаттың тұрақтылығын қолдайды, операциялық тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді және мемлекет пен қоғамның сенімін нығайтады.

## 3. Орта басымдықтағы тақырыптар

- **GRI 302:** Энергия
- **GRI 303:** Су және су бұру
- **GRI 306:** Қалдықтарды басқару

Бұл топтағы тақырыптар Компанияның экологиялық жауапкершілігі және тұрақты дамудың заманауи талаптарына сәйкестігі үшін маңызды. Алайда, қазіргі бизнес-профилі аясында олардың әсері орташа деңгейде бағаланады және біртіндеп жетілдіру бағыты ретінде қарастырылады.

# Е аясындағы тақырыптар



## Энергия (GRI 302)

«Nomad Insurance» СК» АҚ электр энергиясын ұтымды пайдаланады және мұндай мүмкіндік қарастырылған бірқатар кеңсе үй-жайларында электр энергиясын тұтынуды мониторингтеуді жүргізеді. Компания қызметкерлер арасында энергияны үнемдеп пайдалану мәдениетін дамытады: түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, үнемдеу қажеттігін еске салады, энергия үнемдеуді экологиялық менеджмент жүйесіне енгізеді және шығынды қысқарту мүмкіндіктерін анықтау үшін деректерді талдайды. Жалға алынған кеңселерде Компания деректер алу және ашықтықты арттыру үшін басқарушы ұйымдармен өзара әрекеттеседі. 2026 жылдан бастап барлық кеңселерде есеп жүргізу жоспарланып отыр.

## Су және ағын сулар (GRI 303)

«Nomad Insurance» СК» АҚ су ресурстарын жауапты пайдалануды енгізеді және бас кеңседе әрі филиалдарда су тұтынуды мониторингтеуді жүргізеді. Компания су тұтыну динамикасын талдайды және қызметкерлерді ресурсты ұқыпты пайдаланудың маңыздылығы туралы хабардар етеді. «Жасыл офис» саясаты аясында 2026 жылдан бастап су есебін барлық филиалдарға кеңейту және жалға берушілермен өзара әрекеттесу арқылы егжей-тегжейлі деректер алу жоспарлануда, бұл су ресурстарын басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



## Қалдықтар (GRI)

«Nomad Insurance» СК» АҚ қалдықтарды бөлек жинау тәжірибелерін енгізіп, экологиялық жауапты корпоративтік мәдениетті қалыптастыруда. Барлық кеңселерде сұрыптауға арналған жәшіктер орнатылған, ал қызметкерлер бірреттік материалдарды пайдалануды қысқартуды қолдайды. Мүмкіндік бар филиалдарда қалдықтарды басқаруға байланысты шығындардың есебі жүргізіледі; ал қалған жағдайларда кәдеге жарату қызметтері жалдау төлеміне енгізілген. 2026 жылдан бастап Компания жүйелі тәсілге көшуді жоспарлап отыр — «жасыл тәжірибелерді» ресми құжаттарда бекіту, түзілетін қалдықтар көлемін есепке алуды енгізу және оларды қайта өңдеуге жіберуді күшейту арқылы айналмалы экономика қағидаттарына жақындау.





### Жұмыспен қамтылу GRI 401

«Nomad Insurance» СК» АҚ еңбек қатынастарын құрмет, теңдік және сенім қағидаттары негізінде қалыптастырады. **Компания 2024 жылғы 30 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің №31 хаттамасымен бекітілген Корпоративтік әдеп кодексін басшылыққа ала отырып, қауіпсіз әрі жайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Бұл құжат мінез-құлық пен кәсіби этиканың бірыңғай стандарттарын айқындайды.** Компания корпоративтік мәдениетті дамытуға, қызметкерлердің тартылуын арттыруға және оларды ұстап қалуға ерекше назар аударады: **200-ден астам қызметкер компанияда 10 жылдан астам уақыт еңбек етеді.** 2025 жылғы тартылу деңгейін зерттеу **сенімнің, қанағаттанушылықтың, тартылудың және адалдықтың жоғары деңгейін** көрсетті. Компания ашық диалог, өзара құрмет және кәсібилік атмосферасын қолдайды, бұл қызметкерлердің уәждемесінің өсуіне және ұжымның ішкі бірлігінің нығаюына ықпал етеді.

### Еңбек қатынастары GRI 402

«Nomad Insurance» СК» АҚ-та көшбасшылық пен диалог мәдениеті құрмет, ашық қарым-қатынас және басшылардың жеке жауапкершілігі қағидаттарына негізделген. Менеджерлер бастамашылдықты қолдайды, сенім мен қызметкерлердің тартылуын арттырады, осылайша тұрақты, әділ әрі қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. «Nomad Insurance» СК» АҚ-та **еңбек дауларын сотқа дейін реттеудің ресми тетігі — жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінен паритеттік негізде құрылған Келісім комиссиясы** жұмыс істейді. Комиссия жеке еңбек дауларын әділ әрі ашық қарауды қамтамасыз етеді, оның шешімдері тараптар үшін міндетті және белгіленген мерзімде орындалуға тиіс. Мұндай тәсіл мүдделер теңгерімін сақтауға және еңбек қатынастарындағы жанжалдарды азайтуға мүмкіндік береді.

# S аясындағы тақырыптар

## Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы GRI 403


«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың кешенді жүйесін іске асырады, ол бас офис пен филиалдарды толық қамтиды. **Негізгі талаптар ішкі нұсқаулықтарда және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарларында бекітілген.** Жүйе тәуекелдердің алдын алуға бағытталған және **қауіпті факторларды бағалауды, қызметкерлерді оқытуды, нұсқама жүргізуді, сондай-ақ эвакуация бойынша тұрақты оқу-жаттығуларды қамтиды.**

Бақылау және әрекет ету функцияларын **Қауіпсіздік қызметі** үйлестіреді. Компанияның тәсілі төтенше жағдайларға жоғары дайындық деңгейін, қызметкерлердің денсаулығын қорғауды және бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.




## Оқыту және білім беру GRI 404

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ үшін қызметкерлерді дамыту басым бағыттардың бірі болып табылады, өйткені персоналдың құзыреттілігі мен тартылу деңгейі клиенттік сервистің сапасына, инновацияларға және бизнестің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. **Компания ақпараттық қауіпсіздік, актуарлық есептеулер және DevOps бойынша кәсіби курстардан бастап, коммуникация, уақытты басқару және сату дағдылары бойынша тренингтерге дейін оқытуға жүйелі түрде инвестиция салады.** Мұндай тәсіл қызметкерлердің біліктілігін тұрақты арттыруды, басқарушылық және цифрлық дағдыларды дамытуды, сондай-ақ тиімділік пен командалық жұмысқа негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.




### Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер GRI 405

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **теңдік, құрмет және инклюзивтілік қағидаттарын ұстана отырып, жынысына, жасына, ұлтына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық қызметкерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.** Компания әр қызметкердің жеке үлесін жоғары бағалап, **кемсітусіз кәсіби өсуге жағдай жасайды.** Ұжым сенімге, өзара қолдауға және ортақ нәтижеге бірлескен жауапкершілікке негізделген біртұтас команда ретінде қарастырылады. Бұл өз кезегінде ынтымақтастық пен өзара құрмет мәдениетінің дамуына ықпал етеді.



### Денсаулық және тұтынушының қауіпсіздігі GRI 416



«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **клиенттермен өзара әрекеттесудің барлық кезеңдерінде — сақтандыру полисін рәсімдеуден бастап сақтандыру төлеміне дейін — сақтандыру өнімдерінің қауіпсіздігін, сапасын және ашықтығын қамтамасыз етеді.** Компания **қаржылық инклюзияны дамыта отырып, микросақтандыруды және клиенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделген икемді бағдарламаларды (мысалы, КАСКО-Трансформер) ұсынады.** **Цифрлық сервистер мен онлайн-арналардың арқасында сақтандыру өнімдері қарапайым, түсінікті әрі сенімді бола түсуде,** бұл тұтынушылардың сенімін нығайтып, олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

### Тұтынушылар деректерінің құпиялылығы GRI 418

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ қағаз тасымалдағыштарда да, электрондық форматта да сақталатын құпия ақпараттың жоғары деңгейде қорғалуын қамтамасыз етеді. Құпия ақпарат сақтандыру құпиясын, коммерциялық құпияны және дербес деректерді қамтитын мәліметтерге бөлінеді.

Компания клиенттерді олардың дербес деректерін қорғау мәселелері бойынша, оның ішінде ақпаратты үшінші тұлғаларға (жеке және мемлекеттік ұйымдарға) ашу тәртібі туралы хабардар етеді. Клиенттерге келесі мүмкіндіктер ұсынылады:

- дербес деректерді пайдалануға келісім беру;
- дербес деректерді пайдалануға берілген келісімді кері қайтарып алу;
- заңнамаға сәйкес деректерді басқа қызмет көрсетушілерге беруді сұрату.

## Экономикалық көрсеткіштер GRI 201

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ тұрақты қаржылық нәтижелер мен капиталды тиімді басқаруды көрсетуде. **2023–2024 жылдардың қорытындысы бойынша компания оң табыстылық деңгейін сақтап, клиенттер мен акционерлер алдындағы барлық міндеттемелерін тұрақты түрде орындап келеді. Меншікті капиталдың рентабельділігі (ROE) капитал базасын нығайтуға және тұрақты өсуге бағытталған теңгерімді стратегияны көрсете отырып, оң деңгейде сақталуда. Төлем қабілеттілігі маржасының нормативі реттеуші белгілеген ең төменгі талаптардан тұрақты түрде жоғары болып, компанияның сенімділігі мен қаржылық тұрақтылығын растайды.**



## Нарыққа қатысу GRI 202

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ **Қазақстанның бүкіл аумағында** қызметін жүзеге асырып, жеке және корпоративтік клиенттер үшін сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. **39 сату бөлімшесінен тұратын филиалдық желі елдің барлық өңірлерін қамтып, қаржылық инфрақұрылымның дамуына және жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды арттыруға ықпал етеді.** Компания **міндетті, ерікті жеке және мүліктік сақтандыру бойынша кең ауқымды бағдарламаларды** іске асырып, экономиканың негізгі секторларында сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді. **2022–2024 жылдар аралығында сақтандыру сыйлықақылары көлемінің 75%-дан астам өсуі компания стратегиясының тиімділігін және ұлттық сақтандыру нарығын дамытуға қосқан үлесін растайды.**

# Г аясындағы тақырыптар

## Жемқорлықпен күрес GRI 205

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ заңдылық, ашықтық және іскерлік этика қағидаттарына негізделген **сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясатын** ұстанады. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі компанияның барлық бөлімшелерін және сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесуді қамтиды.**

Компанияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды анықтау бойынша ресми тетік енгізілген, оған сыйлықтар мен өкілдік шығыстарды бақылау, мүдделер қақтығысын реттеу және ішкі тергеп-тексеру рәсімі кіреді. Барлық қызметкерлер **этика мәселелері бойынша оқытудан** өтеді.

Компания қызметі кезеңінде **бірде-бір сыбайлас жемқорлық фактісі тіркелмеген**, бұл ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін және корпоративтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін растайды.



## Салықтар GRI 207

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ салықтық есепті **Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, ішкі Салықтық есеп саясатына және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына қатаң сәйкестікте жүргізеді.** Компания салықтық есептеулердің ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ететін есептеу әдісін қолданады. Барлық міндетті төлемдер — корпоративтік және жеке табыс салығы, әлеуметтік аударымдар, мүлік салығы және өзге де төлемдер — **толық көлемде және белгіленген мерзімдерде төленеді. 2022–2024 жылдар аралығында салықтық түсімдер көлемі тұрақты түрде өсіп, қаржылық нәтижелердің тұрақтылығын көрсетті.**

Салықтық есептіліктің сенімділігі **халықаралық Grant Thornton компаниясының жыл сайынғы аудитімен расталады.** Заңдылық, ашықтық және адалдық қағидаттары Компанияның салықтық тәжірибесінің негізін құрайды және мемлекет, серіктестер мен қоғам тарапынан сенімді нығайтады.



# Негізгі жетістіктер (G)

# 1

**Компания Корпоративтік әдеп кодексін және Басқарма туралы ережені бекіту арқылы корпоративтік басқару жүйесін нығайтты.**

Аталған құжаттар іскерлік әдептің құндылықтары мен стандарттарын бекітеді, атқарушы органның нақты өкілеттіктері мен талаптарын айқындайды, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы функциялардың бөлінуін қамтамасыз етеді және клиенттер мен акционердің мүддесі үшін ашық, тәртіпті әрі жауапты басқару моделін қалыптастырады.

# 2

Компания **Қазақстан Республикасының Салық кодексі мен Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына қатаң сәйкестікте қызмет жүргізу**, барлық міндетті төлемдерді уақтылы төлеу және салықтық түсімдердің тұрақты өсуін қамтамасыз ету арқылы салықтық тәртіп пен ашықтықтың жоғары деңгейін көрсетті. **Бекітілген Есеп саясаты мен Салықтық есеп саясаты салық салуға бірыңғай тәсілді**, есептің дәлдігін және сенімді есептіліктің қалыптасуын **қамтамасыз етеді**, бұл мемлекет, серіктестер мен қоғам тарапынан сенімді нығайтады.

# 3

Компания барлық стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ете отырып, **тұрақты табыстылықты және нормативтік талаптардан асатын капитал жеткіліктілігінің жоғары деңгейін сақтап келеді. Сақтандыру сыйлықақыларының теңгерімді құрылымы** мен тұрақты сақтандыру өнімдерінің болуы қаржылық басқарудың тиімділігін және бизнес-модельдің сенімділігін растайды.

# 4

Компания деректерді қорғаудың кешенді жүйесі, заманауи техникалық шешімдер және қатаң ішкі регламенттер арқылы **ақпараттық қауіпсіздік саласында инциденттердің нөлдік деңгейін** қамтамасыз етті. Компания қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы **құпия ақпаратты қорғауға ерекше назар аударады.**

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ корпоративтік басқару жүйесін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ **ашықтық, есептілік** және акционер мен стейкхолдерлер алдындағы **жауапкершілік** қағидаттарына сәйкес қалыптастырады.

Компанияны басқару тұрақты қызмет пен ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін басқару және бақылау органдарының үйлесімді жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

**Компанияның қаржылық есептілік мақсаттары үшін толық шоғырландырылған қызметінің барлық түрлері** корпоративтік басқару мен ішкі бақылаудың бірыңғай тәсілдерімен қамтылған.


Барлық деңгейдегі басшылар корпоративтік басқару регламенттерін енгізу және сақтау үшін жауапты болып табылады, **кәсіби басқаруды** қамтамасыз ететін және Компанияның ұзақ мерзімді табысын нығайтатын тұрақты **корпоративтік ортаны қалыптастырады**.

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-та корпоративтік басқаруды ұйымдастыру тәртібін реттейтін **негізгі құжаттарға** мыналар жатады:

- Корпоративтік басқару кодексі
- Корпоративтік әдеп кодексі
- Директорлар кеңесі туралы ереже
- Басқарма туралы ереже
- Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитеті туралы ереже
- Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті туралы ереже
- Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті туралы ереже
- Директорлар кеңесінің активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті туралы ереже
- Андеррайтингтік кеңес туралы ереже

Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізінде **мінез-құлық этикасының мәдениеті, кәсіби қызмет стандарттары** және мінез-құлық пен басқарушылық тәсілдердің бірыңғай стандарттарын қалыптастыратын **корпоративтік құндылықтар** жатыр:

- **Қызметкерлердің үлесін** мойындау, кәсібилікті дамыту және командалық жұмыс
- **Клиентке бағдарлану** (Корпоративтік әдеп кодексі бөлімін қараңыз)
- **Акционер алдындағы** қаражатты тиімді басқару және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін **жауапкершілік**
- **Жеткізушілермен** және іскерлік **серіктестермен** қарым-қатынаста **адалдық** пен **ашықтық**



\* Компанияның акционері «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның 100% акцияларын иеленетін «НОМАД» Сақтандыру Тобы» ЖШС

# Корпоративтік басқару кодексі

**«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ корпоративтік басқару кодексі 2025 жылғы 09 шілдедегі №10 Хаттамамен «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген** және Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құжаты болып табылады. Кодекс Компанияның өз қызметін жүзеге асыру барысында ұстанатын қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығын білдіреді және Компания ішіндегі, сондай-ақ нарықтың басқа қатысушыларымен өзара қатынастарда іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

## Кодекстің мақсаттары:

- Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және жүйелеу;
- Компанияны басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға әрдайым дайын екендігін растау.

## Негізгі қағидаттар

- акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқаруы;
- ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі;
- заңдылық пен әдеп қағидаттарын сақтау;
- тиімді дивидендтік саясат;
- тиімді кадрлық саясат;
- корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу;
- басқару органдары мен жұмыскерлердің акционер және мүдделі тұлғалар алдындағы жауапкершілігі.

**«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ** басқару Компанияның құнын және акционер үшін өзге де пайдаларды барынша арттыру, сондай-ақ ақпараттың тиісті деңгейде ашылуын, ашықтықты және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында тиісті жауапкершілік, есептілік және тиімділік деңгейінде жүзеге асырылады.

**Директорлар кеңесі** Компаниядағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізеді және заңнамадағы, нормативтік құқықтық актілердегі, ұсынымдардағы және қолданылатын үздік тәжірибедегі өзгерістерді ескере отырып, Кодекс ережелерінің тұрақты түрде қайта қаралуын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқарудың нақты құрылымдары, рәсімдері мен «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Жарғысымен, Кодексімен және өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі, оның ішінде:

1. Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер туралы ережелермен;
2. Басқарма туралы ережемен;
3. Ішкі аудит қызметі туралы ережемен;
4. Тәуекелдерді басқару қызметі туралы ережемен;
5. Комплаенс-тәуекелдерді басқару және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл қызметі туралы ережемен.

# Корпоративтік этикалық кодекс

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Корпоративтік әдеп кодексі 2024 жылғы 30 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің №31 Хаттамасымен бекітілген және корпоративтік басқару жүйесінің негізгі элементі болып табылады. Кодекс Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұрақты даму және ESG қағидаттарын сақтауға бағытталған **іргелі құжат болып табылады**. Ол **клиенттерге, акционерге, серіктестерге және персоналға жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын** көрсетіп, адалдық, құрмет, ашықтық, құпиялылықты сақтау және қызметтердің жоғары сапасына бейілділік сияқты қағидаттарды айқындайды.

Корпоративтік әдеп кодексі **корпоративтік мәдениетті нығайтуға**, мүдделі тараптардың **сенімін арттыруға** және Компанияның **оң іскерлік беделін сақтауға ықпал етеді**.

## Клиентке бағдарлану

Компания клиенттерге бағдарланған және қолданыстағы әрі әлеуетті клиенттердің сенімі мен құрметіне лайық екенін үнемі дәлелдей отырып жұмыс істейді, **сондықтан біз:**

- тұтынушыларды қызықтыратын мәселелер, ескертулер мен шағымдар бойынша толық кері байланысты қамтамасыз етеміз;
- тұтынушылардың біздің тұрақты клиенттеріміз болып қалуы, Компанияның достары мен серіктестеріне айналуы, сондай-ақ клиенттердің Компания ұсынатын қызметтердің сипаты, көлемі және шектері туралы хабардар болуы үшін бар күш-жігерімізді саламыз;
- клиенттермен адал қарым-қатынасты қолдаймыз;
- клиенттер сеніп тапсырған құпия ақпараттың құпиялылығын сақтаймыз.

## Қызметтің негізгі қағидаттары

### Командалық рух

Біз өзімізді нарықтағы үздік сақтандыру компанияларының бірі болуға ұмтылған біртұтас команда ретінде қарастырамыз. Командалық жұмыс жоғары бағаланады, өйткені дәл осы жұмыс әрбір қызметкердің, клиенттердің және жалпы Компанияның табысына алып келеді.

### Кәсібилік

Біз қызметтің барлық бағыттары бойынша кәсібиліктің жоғары деңгейіне үнемі ұмтыламыз. Қызметкерлердің құзыреттілігі Компанияның бәсекелестік артықшылығы ретінде қарастырылады.

### Әдептілік

Компания қызметкерлері серіктестермен, клиенттермен, өзге компаниялармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл барысында іскерлік және корпоративтік әдеп нормаларын сақтай отырып, «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ атынан лайықты түрде өкілдік етеді.

### Құрмет

Компания барлық өзара іс-қимыл қатысушыларына: қызметкерлерге, клиенттерге, серіктестерге және бәсекелестерге құрметпен қарау қағидатын ұстанады. Адамға және оның ұстанымына құрмет көрсету корпоративтік мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады.

### Сапа

Компания қызметінің негізінде: «Біздің атқаратын әрбір ісіміз жоғары сапада болуы тиіс» деген қағидат жатыр. Бұл ішкі процестерге де, көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ клиенттермен және барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға да қатысты.

# Директорлар кеңесі



**Мынбаев Алмас Саятович**  
Директор Кеңесінің төрағасы



**Цхай Евгений Владимирович**  
Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор



**Абдрахманов Рустам Муратович**  
Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор



**Иманжанов Даурен Касымханович**  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
Басқарма төрағасы



**Ахматьянов Ринат Фаскаттинович**  
Директорлар кеңесінің мүшесі

# Директорлар кеңесі туралы ереже

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ (2025 жылғы 09 шілдедегі Жалғыз акционердің №10 Хаттамасымен бекітілген) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген.

Құжат **Директорлар кеңесінің құқықтық мәртебесін айқындайды**, оның өкілеттіктерін, қызмет қағидаттарын, отырыстарды шақыру және өткізу, шешімдерді қабылдау және ресімдеу тәртібін, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

## Қоғамның Директорлар кеңесі келесі құжаттарды бекітеді :

- корпоративтік стратегияны;
- еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақыларды есептеу, сондай-ақ қызметкерлерді материалдық көтермелеудің өзге де түрлері бойынша ішкі нормативтік құжаттарды;
- есеп саясатын;
- тәуекелдерді басқару саясатын;
- сақтандыру төлемдері тәуекелдерін басқару саясатын;
- ішкі аудит саясатын;
- ішкі аудит қызметі туралы ережені;
- ішкі аудиттің жылдық жоспарын;
- андеррайтинг бойынша саясатты;
- қайта сақтандыру бойынша саясатты;
- сақтандыру резервтерін қалыптастыру саясатын;
- сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетті статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдау жөніндегі ішкі рәсімдерді;
- инвестициялық саясатты;
- операциялық және ілеспе тәуекелдерді басқару саясатын;
- ҚЖ/ТҚҚ қағидаларын;
- комплаенс-тәуекелді басқару саясатын;
- ұйымдық құрылымды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ішкі құжаттарды.

## Қоғамның Директорлар кеңесі :

- 1) тәуекелдерге негізделген талап етілетін капиталды бағалау нәтижелерін жыл сайын бекітеді;
- 2) Қоғам клиенттерінің өтініштеріне жүргізілген талдауды қарайды және клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту, сондай-ақ клиенттердің өтініштеріне негіз болған себептерді жою бойынша оларды орындау мерзімдерін көрсете отырып шешім қабылдайды;
- 3) басшы қызметкерлердің функционалдық міндеттеріндегі мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығын төмендету жөнінде шаралар қабылдайды;
- 4) Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының тізілімін тоқсан сайын бекітеді;
- 5) Басқарманың, ішкі аудит қызметінің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің есептерін қарайды;
- 6) ішкі (сыртқы) аудиторлардың жүргізген тексерулерінің нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер мен олардың ұсынымдары көрсетілген есептерін қарайды;
- 7) Қоғамға қатысты қолданылған қадағалау шараларының және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өзге де талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 8) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етеді, оның ішінде:
  - ішкі аудит қызметінің тиімді қызметін қамтамасыз етуге;
  - андеррайтинг тәуекелін басқаруға;
  - қайта сақтандыру тәуекелдерін басқаруға;
  - сақтандыру төлемдері тәуекелін басқаруға;
  - инвестициялық тәуекелдерді басқаруға;
  - комплаенс-тәуекелдерді басқаруға;
  - активтер мен міндеттемелерді, оның ішінде ірі мәмілелер бойынша басқаруға;
  - операциялық және ілеспе тәуекелдерді басқаруға және т.б. бақылауды жүзеге асырады.

**Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер** атқарушы органның қарауына берілмейді. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

# Директорлар кеңесі мүшелері туралы ақпарат

Директорлар кеңесі туралы ережемен

**Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын келесі талаптар** белгіленген:

1. Директорлар кеңесінің мүшесі **тек жеке тұлға** бола алады.
2. Директорлар кеңесінің құрамына **келесі тұлғалар кіре алмайды**:
  - **Басқарма мүшелері** (соның ішінде Төраға, ол бір мезгілде Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды) және Қоғамның өзге де қызметкерлері;
  - **жоғары білімі** жоқ тұлғалар;
  - микроқаржы ұйымдарында / қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау саласында / қаржылық қызметтер көрсету және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу қызметтері саласында / қаржы ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласында **талап етілетін еңбек өтілі** жоқ тұлғалар;
  - **мінсіз іскерлік беделі** жоқ тұлғалар;
  - заңда белгіленген тәртіппен **өтелмеген немесе алынбаған соттылығы** бар тұлғалар;
  - басшы қызметкер **лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісімі** кері қайтарылған тұлғалар;
  - **сыбайлас жемқорлық қылмыс** жасаған тұлғалар.

## Еңбек өтіліне қойылатын талаптар

- Директорлар кеңесінің мүшесі – атқарушы директор үшін – 5 жыл және одан көп, оның ішінде кемінде 3 жыл басшылық лауазымда жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;
- Директорлар кеңесінің Төрағасы үшін – 5 жыл және одан көп, оның ішінде кемінде 2 жыл басшылық лауазымда жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;
- Директорлар кеңесінің мүшесі үшін – кемінде 2 жыл, оның ішінде кемінде 1 жыл басшылық лауазымда жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының **кемінде 30%-ын** тәуелсіз директорлар құрауы тиіс.

## Тәуелсіз директор

**Қоғамның тәуелсіз директоры** Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі еңбекақы төлеу бойынша сыйақыны қоспағанда, объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіруі мүмкін Қоғаммен, оның басқаруымен немесе меншігімен байланысты қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қатынастардан тәуелсіз болуы тиіс.

## Директорлар кеңесі мүшелері туралы ақпарат

0-3 жыл	Лауазымда болу мерзімі	0	Директорлар кеңесі мүшелерінің саны, адам.
6 жылдан аса		5	
<b>Жасы</b>			
31-50 жыл		4	
50-ден көп		1	
<b>Білімі мен құзыреттері</b>			
Басқару		2	
Заңгерлік		3	
Менеджмент		2	
<b>Қаржы секторындағы жұмыс тәжірибесі</b>			
Барлығы		5 жылдан аса	

# Директорлар кеңесінің комитеттері

## Аудит комитеті

Аудит комитетінің қызметі **2019 жылғы 23.08 №38 Директорлар кеңесі хаттамасымен бекітілген № И-18 Ережемен реттеледі.**

Аудит комитеті келесі бағыттар бойынша ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесінің жұмысына жәрдемдеседі:

1. Қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын қоса алғанда, қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету.
2. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне бақылау жасау.
3. Сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде олардың біліктілігін және заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын тексеру.
4. Комитет құзыреті шегіндегі өзге де мәселелерді қарау.



**Цхай Евгений Владимирович**  
тәуелсіз директор,  
Аудит комитетінің төрағасы

### Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді :

#### Ішкі аудит қызметі бөлігінде:

- Ішкі аудит қызметінің қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау.
- Ішкі аудит саясаты мен регламенттерін, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарын әзірлеуге қатысу.
- Қызметтің тиімді жұмысына кедергі келтіретін шектеулерді қарау және оларды жоюға жәрдемдесу.
- Тәуелсіз тексерулер жүргізу бойынша ұсынымдар беру.
- Ішкі аудиттің ресурстарының жеткіліктілігі мен тәуелсіздігін талдау.
- Тексерулер нәтижелері бойынша есептер мен Қызметтің ұсынымдарын қарап, кейін оларды Директорлар кеңесіне ұсыну.
- Ішкі аудит қызметіндегі лауазымдарға кандидаттарды іріктеу.
- Қызмет жұмыскерлерінің еңбекақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін алдын ала қарау кіреді.

#### Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі бөлігінде:

- Ішкі құжаттарды өзгерту және жетілдіру бойынша ұсынымдар беру.
- Алаяқтық пен қателіктер тәуекелдерін барынша азайту мақсатында қаржылық есептілікті бақылауды қоса алғанда, ішкі бақылау жүйелерін енгізуге жәрдемдесу.
- Ішкі бақылау мәселелері бойынша бөлімшелердің есептерін алу.
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің жалпы тиімділігін бағалау.
- Ішкі және сыртқы аудит ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізу.

#### Сыртқы аудитпен өзара іс-қимыл бөлігінде:

- Аудиторлық ұйымды таңдау және оның сыйақы төлеу шарттарын келісу бойынша ұсынымдар беру.
- Басшылықпен және ішкі аудитпен өзара іс-қимылды қоса алғанда, сыртқы аудит процесін үйлестіру.
- Мәселелерді құпия түрде талқылау үшін сыртқы аудитормен жабық кездесулер ұйымдастыру.

Комитет Төрағасы тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.

Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

Комитет қабылдаған барлық шешімдер ұсынымдық сипатқа ие және негізделген шешімдер қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

**Комитеттің Жалғыз акционердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсынымдары Директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін оның қарауына ұсынылады.**

# Директорлар кеңесінің комитеттері



**Цхай Евгений Владимирович**

тәуелсіз директор,  
Аудит комитетінің төрағасы

## Стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитет

Комитеттің қызметі **2022 жылғы 08.09 №44 Директорлар кеңесі хаттамасымен бекітілген № ПП-32 Ережемен** реттеледі.

Комитетті құру мен қызметінің негізгі мақсаты – **Компанияның стратегиялық мақсаттарын** (даму стратегиясын) **айқындау мәселелері** бойынша, оның ішінде ұзақ мерзімді перспективада Компания қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелері бойынша алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті – Компанияның стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) айқындау, оларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша тиісті шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру болып табылады.

### Стратегиялық жоспарлау комитеті келесі мәселелерді қарайды:

- Компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын және оны келісуді;
- стратегияның орындалуын және негізгі стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізуді;
- бюджеттің және қаржы-шаруашылық қызмет жоспарларының орындалуын;
- инвестициялық саясатты қалыптастыруды және Компанияның басқа заңды тұлғаларға қатысуын;
- стратегиялық маңызы бар инвестициялық жобаларды;
- акцияларды орналастыру немесе өткізу мәселелерін, оның ішінде олардың санын, тәсілін және бағасын айқындауды;
- Компанияның орналастырылған акцияларды немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алуын;
- облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару шарттарын;
- басқа заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) 10%-ын және одан да көп мөлшерін сатып алу немесе иеліктен шығару мәселелерін;
- таза табысты бөлу және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін;
- Комитет басшысы мен қызметкерлері лауазымдарына кандидатураларды Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну мәселелерін.

**Комитет Төрағасы Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан Директорлар кеңесімен сайланады және Директорлар кеңесінің талабы бойынша Комитет қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады.**

# Директорлар кеңесінің комитеттері



**Абдрахманов Рустам Муратович**  
тәуелсіз директор,  
Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік  
мәселелер жөніндегі комитеттің  
төрағасы

## Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитеттің қызметі **2023 жылғы 06.04 №12 Директорлар кеңесі хаттамасымен бекітілген № И-52 Ережемен** реттеледі.

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті консультативтік-кеңесші орган болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Комитеттің негізгі мақсаты – Қоғамның басшы қызметкерлерінің кадрлық саясат және сыйақы төлеу саласындағы басым бағыттарын айқындау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну, сондай-ақ әлеуметтік мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар мен ұсыныстар беру болып табылады.

### Комитеттің негізгі міндеттері :

- Қоғамды басқаруға білікті мамандарды тартуға және олардың табысты жұмыс істеуіне ынталандырулар жасауға жәрдемдесу;
- корпоративтік әлеуметтік бағдарламаларды дамыту;
- мүдделер қақтығысын реттеу.

**Комитет Төрағасы тәуелсіз директорлар қатарынан сайланады.**

**Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.**

# Директорлар кеңесі жанындағы Андеррайтингтік кеңес

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Андеррайтингтік кеңесі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның ішкі саясаттарына және бекітілген Андеррайтингтік кеңес туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

## Рөлі және мақсаты

### Тәуекелдерді бағалау

Қабылданатын сақтандыру және қайта сақтандыру тәуекелдеріне, оның ішінде облигаторлық және факультативтік шарттарға барабар әрі жан-жақты бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

**Қаржылық тұрақтылық және портфель**  
Сақтандыру портфелінің сапасын бақылау және сыйлықақылар мен төлемдердің теңгерімді арақатынасын қамтамасыз ету арқылы Компанияның қаржылық тұрақтылығын қолдайды.

### Андеррайтингтік саясаттың сақталуы

Барлық сақтандыру жағдайлары мен шарттарды қарау кезінде Компанияның андеррайтингтік саясаты мен қайта сақтандыру саясатының орындалуын қамтамасыз етеді.

### Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз ете отырып, андеррайтинг бөлігінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастырады және дамытады.

Кеңес Компанияның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайды және тікелей Директорлар кеңесіне бағынады. Директорлар кеңесі оның қызмет нәтижелерін Есеп негізінде жыл сайын бағалайды.

## Негізгі қызметтері

- 1) Компанияның Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде андеррайтингтік шешімдер қабылдау;
- 2) қабылданған тәуекелдердің барабар бағалануына бақылау жасау;
- 3) сақтандыруға (қайта сақтандыруға) қабылданатын объектілер мен тәуекелдер бойынша барабар сақтандыру тарифін қамтамасыз ету;
- 4) сақтандыруға (қайта сақтандыруға) қабылданатын тәуекелдер бойынша сақтандыру жабынының шарттарын айқындау;
- 5) белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынған нетто-сыйлықақылар мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері арасындағы оң айырманың (сақтандыру жағдайларының туындау ықтималдық критерийлерін ескере отырып) ұлғаюын қамтамасыз ету;
- 6) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына енгізілетін негізгі және қосымша талаптардың тізбесін айқындау.

## Кеңес құрамы :

**Төраға**  
(Басқарма мүшесі)

**Төрағаның орынбасары**

**Кеңес хатшысы**  
(Дауыс беру құқығынсыз)

**Кеңес мүшелері** — Андеррайтинг департаменті мен Тәуекелдерді басқару қызметін қоса алғанда, **бейінді бөлімшелердің басшылары.**

# Директор кеңесі жанындағы активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңесі Компанияның уәкілетті алқалы органы болып табылады және ықтимал тәуекел деңгейін шектеу жағдайында барынша жоғары табыстылыққа қол жеткізу мақсатында Компания балансының оңтайлы құрылымын қалыптастыру саласында бірыңғай инвестициялық саясат жүргізу, сондай-ақ белгіленген лимиттерге сәйкес сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бөлігінде шешімдер қабылдау және жоғарыда аталған мәселелер бойынша тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесін қалыптастыру мақсатында құрылады.

Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына, Инвестициялық саясатқа және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

Инвестициялық қызмет жөніндегі кеңестің құрамына мыналар кіреді :

Кеңес Төрағасы —Директорлар кеңесінің мүшесі

Төрағаның орынбасары – Басқарма Төрағасы

Кеңес мүшелері :

Қаржы мәселелері жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары

Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы

Қаржы бөлімінің басшысы (немесе жауапты тұлға)

## Рөлі мен мақсаты

**Баланс құрылымын қалыптастыру**  
Активтер мен міндеттемелердің оңтайлы бөлінуін қамтамасыз етіп, тұрақтылықты, өтімділікті және баланс құрылымының стратегиялық әрі нормативтік талаптарға сәйкестігін қолдайды.

**Ірі сақтандыру төлемдері бойынша шешімдер**  
Бекітілген лимиттер шегінде маңызды сақтандыру төлемдері бойынша шешімдер қабылдап, шешімдердің негізділігін, ашықтығын және тәуекел-менеджмент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

**Инвестициялардың табыстылығы және тәуекел-менеджменті**  
Қаржы құралдарын талдауды, инвестициялық саясатты түзетуді және лимиттер белгілеуді қоса алғанда, рұқсат етілген тәуекел деңгейін сақтай отырып, инвестициялық портфельдің табыстылығын барынша арттыруды қамтамасыз етеді.

**Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту**  
Инвестициялық қызмет және сақтандыру міндеттемелері бойынша есеп айырысулар бөлігіндегі тәуекелдерді басқару жүйесін нығайтып, бақылауды, тәуекелдерді уақтылы бағалауды және ішкі саясаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

## Кеңестің негізгі функциялары

- 1) қайта сақтандыру саясатын түзету;
- 2) инвестициялық саясатты түзету;
- 3) Компанияның инвестициялық портфельінің кредиттік, пайыздық және валюталық тәуекелдерге бейімділігі туралы Тәуекелдерді басқару қызметінің қорытындысын қарау;
- 4) Компанияның Директорлар кеңесі белгілеген лимиттерге сәйкес сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ белгіленген лимиттен асқан жағдайда оларды жүзеге асыру бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру;
- 5) инвестициялық шешімдер негізінде активтерді орналастыру.

Кеңес «stop-loss» және «take-profit» лимиттері белгіленетін қаржы құралдарының тізбесін айқындайды.

# Директор кеңесі жанындағы активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес

## Процестер, шешімдер қабылдау және есептілік

### Жұмыс кезеңділігі :

- Отырыстар тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі, қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыстар ұйымдастырылады.

### Мәселелерді қарауға шығару тәртібі :

- Бастамашылар ретінде бейінді бөлімшелердің басшылары әрекет ете алады; әрбір мәселе бойынша талдамалық материалдар мен қорытындылар пакеті дайындалады.

### Шешім қабылдау :

- шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады;
- дауыстар тең болған жағдайда Кеңес Төрағасының дауысы шешуші болып табылады;
- кворум — Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі, бұл ретте Кеңес Төрағасының (немесе оның орынбасарының) және Тәуекелдерді басқару қызметі басшысының міндетті түрде қатысуымен қамтамасыз етіледі.

### Құжаттау :

- барлық шешімдер қаралған материалдарды, талқылау барысын, дауыс беру қорытындыларын және ерекше пікірлерді көрсете отырып, егжей-тегжейлі хаттамаланады;
- отырыстардың хаттамалары мен материалдары белгіленген тәртіппен сақтауға және архивке өткізуге жатады.

### Қызметті бағалау:

- Кеңестің жұмысы туралы жыл сайын есеп қалыптастырылады, оның негізінде Директорлар кеңесі қабылданған шешімдердің сапасын және активтер мен пассивтерді басқару тиімділігін бағалайды.

## Тұрақты даму мен қаржылық тұрақтылыққа қосқан үлесі

### Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің жұмысы арқылы Компания:

- баланс құрылымының сенімділігі мен төлем қабілеттілігін қолдайды;
- инвестициялық шешімдердің ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз етеді;
- тәуекелдерді басқару, инвестициялар және сақтандыру төлемдері арасындағы өзара байланысты нығайтады;
- шамадан тыс тәуекелдерді қабылдау ықтималдығын төмендетіп, ұзақ мерзімді даму үшін тұрақты негіз қалыптастырады.

Бұл орган «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады және негізгі қаржылық шешімдерге кәсіби әрі алқалы тәсілді қамтамасыз етеді.

## Басқарма туралы ереже

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ атқарушы органының қызметі **2025 жылғы 27.03 №12 Директорлар кеңесі хаттамасымен бекітілген Басқарма туралы ережемен** реттеледі. Аталған құжат Қоғамның атқарушы органының мәртебесі мен өкілеттіктерін, шешім қабылдау тәртібін, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады. Өз қызметінде Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін және ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Басқарма және оның басшысы Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерге есеп береді. Атқарушы органның қызметі Компанияның жоғары сенімділігін, сақтанушылар мен акционер мүдделерінің қорғалуын, бизнес-процестердің тұрақтылығын және сақтандыру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Заңнама талаптарын, оның ішінде кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл нормаларын сақтау мен кәсіби басқаруға ерекше назар аударылады.

**Басқарманың негізгі міндеттеріне** операциялық қызметтің жоғары деңгейін қолдау, іскерлік беделді нығайту, сақтанушылардың қанағаттану деңгейін арттыру, Компанияның коммерциялық және әлеуметтік мақсаттарын орындау, сондай-ақ кадрлық әлеуетті дамыту кіреді.

Басқарма мүшелерінің санын Директорлар кеңесі белгілейді және ол **кемінде үш адамнан** тұруы тиіс. Басқарма мүшелерінің кемінде біреуі актуарийлерді оқытуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін расталған біліктілікке ие болуы қажет



**Нурмамбетова Индира Диасовна**

Қаржы мәселелері жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары

“*Тиімді корпоративтік басқару жүйесі — сақтандыру компаниясының тұрақтылығының негізі. Біз барлық басқарушылық шешімдердің ашық түрде, заңнама талаптарына қатаң сәйкестікте және сақтанушылардың мүдделерін ескере отырып қабылдануын қамтамасыз ету үшін жұмысты жүйелі түрде ұйымдастырамыз. Біз үшін бизнес-процестердің сенімділігін, жоғары жауапкершілік деңгейін және Компанияға деген сенімді қамтамасыз ету қағидатты маңызға ие.*”

### «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Басқарма мүшелеріне талаптар

- Жоғары білімі болуы;
- Мінсіз іскерлік беделінің болуы;
- Қажетті кәсіби жұмыс өтілі:
  - Басқарма Төрағасы үшін — **кемінде бес жыл**, оның ішінде **кемінде үш жыл** басшылық лауазымда;
  - Басқарма мүшесі үшін — **кемінде үш жыл**, оның ішінде **кемінде екі жыл** басшылық лауазымда.

# Қаржылық көрсеткіштер

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ бизнес-моделінің тұрақтылығы мен сақтандыру портфелін басқару тиімділігін растайтын оң қаржылық нәтижелерді көрсетуде.


Компания заңнама және реттеуші талаптарын сақтай отырып, клиенттер, серіктестер және акционерлер алдындағы **барлық міндеттемелерін толық көлемде орындауды** қамтамасыз етеді.

Компания активтері соңғы үш жыл ішінде тұрақты өсім көрсетіп келеді. **2022–2024 жылдар аралығында активтердің жиынтық өсімі 101%-дан асты.**

**2023 жылдың** қорытындысы бойынша таза пайда **6,9 млрд теңгені**, ал **2024 жылы 5,1 млрд теңгені** құрады.

2024 жылғы пайданың төмендеуі сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне жұмсалатын шығыстардың, сондай-ақ жалпы және әкімшілік шығыстардың, қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарының ең үздік бағасының амортизациясына арналған шығыстардың артуымен байланысты.


2022–2024 жылдар аралығындағы меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің динамикасы



**60,9 млрд. теңге**

2025 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру қызметінен түскен түсім

Активтер көлемі, млрд теңге



Компанияның төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі реттеуші органның ең төменгі талаптарынан (мәні  $\geq 1,0$ ) тұрақты түрде асып түседі, бұл капиталдың сенімділігі мен жеткіліктілігін растайды.

**29,6 млрд. тенге**

2025 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру шарттары портфельдері бойынша міндеттемелер

2024 жыл бойынша сақтандырудың негізгі сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі

- Мүлікті ерікті сақтандыру
- Міндетті сақтандыру
- Ерікті жеке сақтандыру



Осылайша, Компания тұрақты табыстылықты, теңгерімді дивидендік саясатты және жоғары төлем қабілеттілігі деңгейін көрсетуде. Компания **капиталды тиімді басқару** және өз стейкхолдерлері мен акционерлері алдындағы **міндеттемелерін орындау** қабілетін растай отырып, сенімді қаржылық ұстанымын сақтап келеді.

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының Салық кодексіне және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Компания **салықтық міндеттемелерді толық әрі уақтылы орындауды** қамтамасыз етіп, қаржылық ағындардың жоғары ашықтығы мен болжамдылығын көрсетеді. Компанияның салықтық міндеттемелер бойынша берешегі жоқ. Барлық салықтар мен міндетті төлемдер толық көлемде және белгіленген мерзімдерде төленеді.

### Компанияның салық саясаты келесі қағидаттарға негізделеді:

#### Әділдік және бірізділік

Компания жеке салықтық жеңілдіктерді қолданбайды және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында салық салуға бірыңғай тәсілді ұстанады.

#### Ашықтық және адалдық


Салықтық есептілік бухгалтерлік және қаржылық есептің шынайы деректері негізінде қалыптастырылады.

Компанияда салықтық есеп бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

Есеп саясаты Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 21 қарашадағы №38 хаттамасымен бекітілген.

Салықтық есеп саясаты Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №34 хаттамасымен бекітілген.

2022-2024 ж.ж. Компания төлеген салықтардың динамикасы млрд. теңге



#### Заңдылық және айқындық

Бюджет алдындағы барлық міндеттемелер уақтылы және толық көлемде орындалады.

Қаржы есептемесі *мың теңге	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
<b>Түсім</b>	34 026 115	46 773 700	60 853 329
<b>Салық салуға дейінгі пайда (шығын)</b>	7 569 545	7 803 709	5 108 974
<b>Есептелген табыс салығы (ағымдағы жыл үшін)</b>	1 300 000	987 481	483 436
<b>Төленген табыс салығы</b>	1 418 558	987 481	483 436

# Инвестициялық қызмет

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ инвестициялық қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасы, ҚР Салық кодексі талаптарына және Директорлар кеңесінің **2023 жылғы 3 тамыздағы №34 хаттамасымен бекітілген ішкі Инвестициялық саясатқа** қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Инвестициялық қызметтің мақсаты – активтердің сақталуын және олардың өсуін қамтамасыз ету, Компания активтерінің жеткілікті өтімділік деңгейін қолдау, тәуекелдерді қатаң бақылау жағдайында барынша жоғары табыс алу.

**Инвестициялық шешімдер** Қаржы бөлімшесі мен тәуекелдерді басқару қызметінің сараптамалық қорытындылары негізінде **Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңеспен қабылданады.**

Компанияның инвестициялық қызметі клиенттер алдындағы міндеттемелерді орындау, бизнестің тұрақтылығын сақтау және ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру үшін қажетті тұрақты қаржылық базаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Компанияның Қаржы бөлімі ай сайын инвестициялар бойынша есептерді дайындап, талдайды, оған қаржы құралдарының баланстық және нарықтық құны, олардың табыстылығы, сондай-ақ операциялар көлемі туралы деректер кіреді. Инвестициялардың ашықтығы есептілікті жүргізу, реттеуші орган талаптарын сақтау, сондай-ақ Директорлар кеңесіне тұрақты есеп беру арқылы қамтамасыз етіледі.

**Саясат Директорлар кеңесімен жылына кемінде бір рет қайта қаралады.**

Компанияның инвестициялық портфелі сақтандыру резервтерін орналастыруға рұқсат етілген құралдардың кең ауқымын қамтиды:

## Инвестициялық портфельдің құрылымы

ҚР – ның мемлекеттік құнды қағаздары;

ұлттық даму институттарының облигациялары;

жоғары сенімді корпоративтік облигациялар;

негізгі қор индекстеріне кіретін акциялар;

рейтингтік талаптарға сәйкес келетін екінші деңгейлі банктердегі депозиттер;

исламдық қаржыландыру құралдары;

халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары.



**Матқан Аида Шияпқызы**  
Қаржы бөлімінің басшысы

“Компанияның инвестициялық қызметі активтердің сақталуын және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету басымдығымен құрылған. Біз инвестициялық шешімдерді қайтарымдылық, өтімділік және әртараптандыру қағидаттары негізінде қабылдаймыз, тәуекелдерді бақылауға ерекше назар аударамыз. Мұндай тәсіл Компанияға сақтанушылар алдындағы міндеттемелерді уақтылы әрі толық көлемде орындауға және әртүрлі нарықтық жағдайларда инвестициялық портфельдің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.”

## Тұрақты инвестициялар

«НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның инвестициялық қызметі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, клиенттер алдындағы міндеттемелерді орындауға және ұзақ мерзімді өсуді қолдауға бағытталған. Инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде Компания сенімділік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады.


Инвестициялық саясатқа сәйкес Компания **ESG-факторларды ескере отырып, жауапты инвестициялау тәжірибелерін енгізеді** және жасыл әрі әлеуметтік облигацияларға инвестиция салуға басымдық береді. Бұл жұмыста Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес белсенді қатысады. Эмитенттерді талдау **KASE сайты сияқты** ресми дереккөздердің мәліметтері негізінде жүргізіледі.

2021 жылы KASE алаңында тұрақты дамуды қаржыландыру мақсатында шығарылатын жасыл және әлеуметтік облигацияларды листингке енгізу және орналастыру үшін инфрақұрылым қалыптастырылды. KASE-тегі ESG облигациялар шығарылымдары туралы толығырақ ақпарат келесі сілтеме бойынша қолжетімді: <https://kase.kz/ru/investors/esg-data-platform/financing>.

2024 жылдың қорытындысы бойынша бағалы қағаздар портфеліндегі ESG құралдарының үлесі

**24%**

2022–2024 жылдар аралығындағы инвестициялық портфель құрылымы



«НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның инвестициялық қызметі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, клиенттер алдындағы міндеттемелерді орындауға және ұзақ мерзімді өсуді қолдауға бағытталған. Инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде Компания сенімділік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады.

Экологиялық тәуекелдерді төмендету мақсатында Компания **көмір, мұнай және газ салаларындағы эмитенттердің қаржы құралдарының үлесін кезең-кезеңімен қысқартып, 2040 жылға қарай оны ең төменгі деңгейге дейін жеткізуді жоспарлап отыр.**

Мұнай және газ саласына инвестициялар **тек облигациялар арқылы** жүзеге асырылады және **портфельдің шамамен 10%-ын құрайды**, бұл ретте олардың үлесі **соңғы үш жыл ішінде 20%-дан аспаған.**

Компания **2040 жылға қарай көмір және мұнай-газ инвестициялары үлесін 20%-дан аспайтын деңгейде шектеу жөніндегі міндеттемені бекіту мүмкіндігін қарастырып, осылайша тұрақты даму қағидаттарына бейілділігін растайды.**

# Андеррайтинг

Компаниядағы андеррайтинг **сақтандыруға немесе қайта сақтандыруға** ұсынылған сақтандыру объектісін тәуекелдерді бағалау негізінде **қабылдау рәсімдерінің жиынтығын** білдіреді. Оның мақсаты – актуарий белгілеген шектерде сақтандыру жабынын, сақтандыру шарттарын, франшиза немесе жабын деңгейін және сақтандыру тарифін айқындау. Андеррайтингтің негізгі мақсаты – сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша және жалпы алғанда **теңгерімді әрі рентабельді сақтандыру портфелін қалыптастыру үшін тәуекелдерді іріктеу**. Бұл белгілі бір санаттағы объектілерді сақтандыруға қабылдау және басқа объектілерді сақтандырудан бас тарту арқылы жүзеге асырылады.

## Андеррайтинг мыналарды қамтиды:

- тәуекелдерді талдау, оның ішінде сақтандыру объектісі туралы ақпаратты жинау және зерттеу, тәуекелдерді жіктеу және іріктеу;
- іріктелген тәуекелдерді сақтандыру туралы шешім қабылдау немесе сақтандырудан бас тарту;
- тиісті сақтандыру тарифін айқындау, сақтандыру сомасын келісу және сақтандыру сыйлықақысын есептеу;
- сақтандыру жабынының шарттарын айқындау, тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- сақтандырылған объектінің жай-күйін және тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау.

Компаниядағы андеррайтинг объективтілік, жан-жақтылық, креативтілік, үздіксіздік, сабақтастық, түпкі нәтижеге бағдарлану, залалдың кездейсоқтығы, ықтимал залалды бағалау, залалды бірмәнді айқындау және сақтандыру тәуекелдерін бөлудің тәуелсіздігі **қағидаттарына негізделеді**.

## Андеррайтинг жүйесіне мыналар кіреді:

- филиал директорлары мен сату жөніндегі мамандар жүзеге асыратын **бастапқы (типтік) андеррайтинг**;
- стандартты емес тәуекелдер бойынша андеррайтингке жауапты қызметкерлер жүргізетін **мамандандырылған (жеке) андеррайтинг**.

**Андеррайтинг функциялары** талдамалық, практикалық, әдістемелік және бақылау функциялары арқылы жүзеге асырылады. Оған сақтандыру объектісін сәйкестендіру, тәуекелдердің қабылдану мүмкіндігін бағалау, тарифтерді айқындау, сақтандыру өнімдерін әзірлеу және түзету, қорытындылар дайындау, сондай-ақ сақтандыру объектілерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу кіреді.

Андеррайтингті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше заңнамаға, Компанияның ішкі құжаттарына және сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сүйене отырып, теңгерімді әрі рентабельді сақтандыру портфелін қалыптастыру мақсатында тәуекелдерді іріктеу, талдау және әртараптандыру жұмыстарын жүзеге асырады.

**№И-30 Андеррайтинг саясаты Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы №58 хаттамасымен бекітілген .**

**№И-35 Мүліктік сақтандыру түрлері бойынша андеррайтинг жөніндегі нұсқаулық Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы №58 хаттамасымен бекітілген .**

# Андеррайтинг

Андеррайтинг қызметі «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ бизнес-моделінің негізгі элементі болып табылады және сақтандыру портфелінің сенімділігін, тұрақтылығын және теңгерімділігін қамтамасыз етеді.

Андеррайтингтік шешімдер **Компанияның Андеррайтинг кеңесімен** қабылданады. Дамудың маңызды бағыттарының бірі – тәуекелдерді бағалау кезінде ESG-факторлардың рөлін күшейту. Компания **ESG-критерийлерді типтік андеррайтинг бағдарламаларына енгізуді** жоспарлап отыр, бұл шарттар жасасу кезеңінде экологиялық және әлеуметтік аспектілерді неғұрлым жүйелі түрде ескеруге және тұрақты тәуекелдерді басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Компанияның негізгі қағидаты — **тәуекелдерді мұқият бағалау** және **әрбір клиентке жеке тәсіл қолдану**, бұл салмақты шешімдер қабылдауға және қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың мүлтік кешендерінің құрамына кіретін **қазандықтар мен өзге де қосалқы жабдықтарды** сақтандыру жеке бағыт болып қала береді. Мұндай объектілер де ықтимал тәуекелдер мен пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып талданады.

Мұндай жағдайларда «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ андеррайтингке ерекше мұқияттықпен қарап, қатаң **шектеулер мен лимиттерді белгілейді (мысалы, жекелеген бағыттар бойынша 10%-дан аспайтын деңгейде)** және опырылу, экологиялық әсер немесе үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікпен байланысты тәуекелдерді жан-жақты бағалайды.

Компания **белгіленген жауапкершілік лимиттерін қатаң сақтайды** және **тәуекелдерді бағалауға**, әсіресе энергетика және пайдалы қазбаларды өндіру секторларында, ерекше мұқият қарайды.

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ сақтандырудың негізгі түрлері бойынша, оның ішінде мүлкті, жауапкершілікті, жүктерді және көлік құралдарын (КАСКО) сақтандыру бойынша андеррайтинг жүргізеді.

- **Жүктер мен көлік құралдарын сақтандыру** портфельдің шамамен **20–30%**-ын құрайды.
- Портфельдің **30–40%**-ын **өнеркәсіптік объектілер** алады.
- Ерікті жауапкершілік құрылымында **мемлекет пен үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша жауапкершілікті сақтандыру**, сондай-ақ **келісімшарттардың орындалуын, тұрғын үй және әлеуметтік объектілерді сақтандыру** елеулі үлеске ие.

Андеррайтинг саясаты **көмір секторымен байланысты тәуекелдердің үлесін кезең-кезеңімен төмендетуді көздейді**. Сақтандыру портфелінде **көмір** шикізат ретінде енді жоқ. Сонымен қатар Компания тау-кен өндіру саласындағы клиенттерге қызмет көрсетуді жалғастыруда, өйткені бұл көмір активтерін емес, мысалы, техника, мүлік немесе қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыруды қамтуы мүмкін.

# Тәуекелдерді басқару жүйесі

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-да тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілген, ол корпоративтік басқарудың құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жүйе Компанияның тұрақтылығын, сенімділігін қамтамасыз етуге және акционерлердің, клиенттер мен серіктестердің мүдделерін қорғауға көмектеседі.

Жүйе келесі құжаттар негізінде жұмыс істейді:

- **№И-22 Тәуекелдерді басқару саясаты** (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 27 наурыздағы №12 хаттамасымен бекітілген);
- **№И-92 Операциялық және ілеспе тәуекелдерді басқару саясаты** (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 20 ақпандағы №8 хаттамасымен бекітілген);
- **№ПП-22 Тәуекелдерді басқару қызметі туралы ереже** (Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 27 наурыздағы №12 хаттамасымен бекітілген).

Тәуекелдерді басқару функцияларын жүзеге асыруға **Компанияның Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын** дербес құрылымдық бөлімше — **Тәуекелдерді басқару қызметі** жауапты.

## Негізгі мақсат

Тәуекелдерді басқару жүйесінің **негізгі мақсаты** — тәуекелдерді уақтылы анықтау және барынша азайту, Компанияның тұрақтылығын қамтамасыз ету, тәуекелдерді барынша бақылау және тәуекелдерді бақылау мен мониторингтеу әдістерін жетілдіру.

## Негізгі міндеттер

**Негізгі міндеттерге** мыналар кіреді:

- тәуекелдерді басқару қағидаттарын енгізу және жетілдіру;
- Компания қабылдайтын тәуекелдер деңгейін тиімді бағалау (сәйкестендіру және өлшеу);
- сақтандыру операцияларын жүргізуге байланысты тәуекелдерді бақылау және мониторингтеу;
- Компания қабылдаған тәуекелдер деңгейі мен активтердің сапасы туралы Басқарма мен Директорлар кеңесін хабардар ету;
- Компания қабылдаған және қабылданатын тәуекелдер деңгейін оңтайландыру, активтердің сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

Тәуекелдерді басқару процесі келесі кезеңдерді қамтиды :

## 1 Тәуекелдердің анықтау

- тәуекел қалыптастыратын факторлар мен тәуекелдерді **бағалау** (ықтимал залалдардың себептерін, олардың ықтималдығы мен көлемін жүйелі және тұрақты түрде бақылау және талдау);
- тәуекелдердің ерекшелігіне, туындау факторларына және тәуекелдер картасының деректеріне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша **тәуекелдерді жіктеу**;

## 2 Тәуекелдерді өзгерту

- тәуекелдерді өлшеу, оның жүргізілу мерзімділігі тәуекелдің маңыздылығына қарай Директорлар кеңесімен белгіленеді, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі;

## 3 Тұрақты стресс-тестілер жүргізу және тәуекелдерді талдау;

## 4 Тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау және қолдану;

## 5 Тәуекелдерді басқару жүйесін түзету.

Компания **кемінде үш жылда бір рет** жеке тұлғаларға бағытталған ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру өнімдерінің **тиімділігіне талдау жүргізеді.**

# Тәуекелдерді басқару жүйесі

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару жүйесі Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 27 наурыздағы №12 хаттамасымен бекітілген **№И-22 Тәуекелдерді басқару саясаты** негізінде жұмыс істейді. Құжат тәуекел ұғымы мен түрлерін айқындайды, Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, тәуекелдерді басқару құрылымын айқындайды, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторингтеу және бақылау әдіснамалық базасын, тәуекелдерді басқару құралдарын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысушылардың жауапкершілігі мен функционалдық міндеттерін қалыптастырады. Саясат сондай-ақ кәсіби этика нормаларын, ішкі құжаттарды және корпоративтік басқарудың тиісті тәжірибесін сақтау талаптарын, оның ішінде Компаниядағы тәуекел мәдениетін дамыту қағидаттарын бекітеді.

## Қызметтің негізгі тәуекелдері

### 1. Сақтандыру қызметін жүзеге асырумен байланысты тәуекелдер:

- **андеррайтинг тәуекелі** – сақтандыруға қабылданатын тәуекелдерді дұрыс емес (қате) бағалау тәуекелі;
- **сақтандыру резерві тәуекелі** – жеткіліксіз (адекватты емес) сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәуекелі;
- **сақтандыру төлемдері тәуекелі** – сақтандыру төлемдерін дұрыс емес немесе уақтылы жүзеге асырмаумен байланысты тәуекел;
- **катастрофалық тәуекел** – ауқымды бір оқиғаның әдеттегі деңгейден жоғары сақтандыру төлемдеріне алып келу тәуекелі;
- **қайта сақтандыру тәуекелі** – қайта сақтандыру жабынының жеткіліксіздігі немесе қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарты бойынша төлемді жүзеге асыра алмау тәуекелі.

### 2. Инвестициялық тәуекелдер

Инвестициялық тәуекелдер — Компанияның қайта сақтандыру және инвестициялық қызметі процесінде туындайтын тәуекелдер. Инвестициялық тәуекелдерге мыналар жатады:

- **нарықтық тәуекел** — қаржы құралдарының нарықтық құнының, пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, бағалы металдар құнының өзгеруі салдарынан қаржы нарықтарының қолайсыз қозғалыстарымен байланысты шығыстардың (залалдардың) туындау ықтималдығы.

#### Нарықтық тәуекелдерге мыналар кіреді:

- **валюталық тәуекел** — шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі;
- **баға тәуекелі** — нарық факторларының әсерінен қаржы құралдары мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағаларының қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі;
- **пайыздық тәуекел** — Компания активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі;
- **кредиттік тәуекел** — дебиторлардың төлем қабілетсіздігі, Компанияның инвестициялық портфеліндегі облигациялар эмитенттерінің кредиттік рейтингтерінің өзгеруі салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі;
- **өтімділік тәуекелі** — Компания міндеттемелерін өтеу үшін активтерді жедел іске асыру мүмкін еместігімен байланысты тәуекел.

### 3. Операциялық тәуекел

**Операциялық тәуекел** — ішкі процестерді жүзеге асыру барысында жіберілген кемшіліктердің (қателіктердің), басшылық және өзге де қызметкерлер тарапынан жіберілген олқылықтардың, ақпараттық жүйелердің (технологиялардың) тиісінше жұмыс істемеуінің, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан залалдардың туындау тәуекелі.

# Тәуекелдерді басқару жүйесі

## 4. Комплаенс-тәуекел

– **комплаенс-тәуекел** — Компанияның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, міндетті сақтандыру, акционерлік қоғамдар, бағалы қағаздар нарығы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және (немесе) ұйымның ішкі құжаттарының, сондай-ақ Компания қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтамауы салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау, уәкілетті орган шараларының қолданылу, беделдің төмендеу және (немесе) мүдделер қақтығысының пайда болу тәуекелі;

## 5. Стратегиялық тәуекел

– **стратегиялық тәуекел** — дұрыс емес басқарушылық шешімдер, қабылданған басқарушылық шешімдерді тиісінше іске асырмау және (немесе) Компанияның бизнес-ортаның өзгерістеріне бейімделе алмауы салдарынан залалдардың туындау тәуекелі;

## 6. Ілеспелі тәуекелдер

– **аудиторлық тәуекел** — аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша қаржылық есептіліктің дұрыстығы расталғаннан кейін де анықталмаған елеулі бұрмаланулар болуы мүмкін екенін немесе шын мәнінде ондай бұрмаланулар болмаған кезде қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулар бар деп тану ықтималдығы;

– **топтық тәуекел** — Компания құрамына кіретін сол топтағы ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауы нәтижесінде Компанияның беделіне, маркетингіне және қаржылық жағдайына теріс әсер ету тәуекелі;

– **жүйелік тәуекел** — басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату нәтижесінде Компанияға шығыстардың (залалдардың) келтірілуімен байланысты тәуекел;

– **алаяқтық тәуекелі** — қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттері нәтижесінде шығыстардың (залалдардың) туындау мүмкіндігімен байланысты тәуекел;

– **репутациялық тәуекел** — Компания туралы теріс қоғамдық пікірдің қалыптасуы немесе Компанияға деген сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі;

– **елдік тәуекел** — шет мемлекеттің немесе шет мемлекет резидентінің өз міндеттемелері бойынша төлем қабілетсіздігі немесе міндеттемелерін орындауға ниет білдірмеуі салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі.

**Тәуекелдерді басқару саласындағы регламенттеуші құжаттар** Компания қызметінің мақсаттарына, ауқымына және күрделілігіне сәйкестікті қамтамасыз ету, сондай-ақ тәуекел-менеджменттің озық тәжірибесін, жинақталған тәжірибені, жаңа реттеуші талаптарды, халықаралық тәжірибе мен стандарттарды ескеру мақсатында **қажеттілігіне қарай қайта қаралады.** Компанияның әрбір қызметкері өз функционалдық деңгейінде тәуекелдерді басқаруға белгілі бір дәрежеде жауапты болып табылады, бұл жетілген тәуекел мәдениетін қалыптастыруға және Компанияның тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

# Тәуекелдерді басқару жүйесі

Компанияда қаржылық тұрақтылыққа, міндеттемелердің орындалуына және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін факторларды уақтылы анықтауға, бағалауға және барынша азайтуға бағытталған кешенді тәуекелдерді басқару жүйесі әрекет етеді.

Тәуекел-менеджмент қызметтің барлық негізгі бағыттарын қамтиды — сақтандыру, инвестициялық, операциялық, стратегиялық және комплаенс-тәуекелдер.

Тәуекелдердің жиынтығын визуализациялау және талдау үшін олардың ықтималдығы мен қызметке әсер ету дәрежесін көрсететін тәуекелдер картасы қолданылады.

Әрбір тәуекел белгіленген көрсеткіштер бойынша бағаланып, рейтинг алады, соның негізінде басымдық аймағы айқындалады:

## Жасыл аймақ

Рұқсат етілген лимиттер шегіндегі төмен тәуекел деңгейі.

## Сары аймақ

Бақылау мен мерзімдік мониторингті талап ететін орташа тәуекел.

## Қызғылт сары аймақ

Түзету шараларын және басшылық тарапынан назар аударуды талап ететін жоғарылаған тәуекел.

## Қызыл аймақ

Жедел әрекет етуді және Директорлар кеңесіне баяндауды талап ететін жоғары тәуекел деңгейі.

Тәуекелдер картасы негізгі көрсеткіштерді мониторингтеу және талдау барысында тұрақты негізде қалыптастырылып, жаңартылып отырады. Бағалау нәтижелері басқарушылық және жария есептілікке енгізіледі, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және Компанияның сыртқы және ішкі сын-қатерлерге тұрақтылығын арттыру үшін пайдаланылады.

## Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің үш қорғаныс желісі қолданылады :

- 1 **Бірінші желі**  
Өз қызметі шеңберінде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын операциялық бөлімшелер.
- 2 **Екінші желі**  
Мониторинг пен әдіснамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін Тәуекелдерді басқару қызметі және комплаенс-бақылау қызметі.
- 3 **Үшінші желі**  
Тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылаудың тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізетін Ішкі аудит қызметі.

# Негізгі тәуекелдерге жауап беру шаралары

## 1. Катастрофалық (техногендік және табиғи) тәуекелдер

**Қазақстан аумағының 75%-ы** жер сілкіністерінен бастап су тасқындары мен орман өрттеріне дейінгі **табиғи апаттар қаупіне ұшыраған**. Ресми деректер бойынша, 2024 жылы төтенше жағдайлардан келген залал **460 млрд теңгені** құрады. Соған қарамастан, тұрғын үй қорының тек 3,2%-ы ғана сақтандырылған.

Компанияның «Мүлікті сақтандыру», «Құрылыс объектілерін сақтандыру» және «Жылжымалы мүлікті сақтандыру» сыныптары бойынша сақтандыру портфелін талдау сейсмикалық қауіпті аймақтарда тәуекелдердің едеуір шоғырланғанын көрсетеді, бұл жер сілкінісі болған жағдайда ірі залалдардың туындау ықтималдығын арттырады.

### Компания катастрофалық тәуекелдерді келесі шаралар арқылы басқарады:

- сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан объектілерге қатысты сақтық (консервативті) андеррайтинг саясатын жүргізу;
- жетекші халықаралық қайта сақтандырушылармен катастрофалық жабынды қоса алғанда, облигаторлық және факультативтік қайта сақтандыру шарттарын жасасу;
- стресс-сценарийлерді модельдеу арқылы ықтимал ең жоғары залалды (PML) бағалау;
- портфельдің катастрофалық оқиғаларға төтеп беру қабілетін тұрақты түрде бағалау.

**2026 жылдан бастап** Қазақстанда **тұрғын үйлерді табиғи апаттардан міндетті сақтандыруды** енгізу жоспарлануда, бұл болашақта мемлекеттік операторды енгізу және басқа да тетіктер арқылы нарық қатысушыларының сақтандыру процесін толықтай қайта құрылымдауы мүмкін.

## 2. Құқықтық тәуекелдер

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ қызметіне Қазақстан Республикасының жалпы сақтандыру саласын реттейтін заңнамасындағы өзгерістер елеулі әсер етеді.

**2024–2025 жылдары** Компания әлеуметтік маңызы жоғары және жаппай сақтандыру түрі болып табылатын **көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС)** саласында елеулі өзгерістерге тап болды.

### Негізгі өзгерістерге мыналар кіреді:

- бірқатар өңірлер бойынша тарифтердің төмендеуі;
- оның ішінде Алматы қаласы бойынша;
- уақытша кіретін автокөліктер үшін коэффициенттердің 2 есеге төмендеуі;
- жол-патрульдік полицияның қатысуынсыз жол-көлік оқиғаларын реттеуге арналған Еурохаттама тетігінің іске қосылуы;
- сақтандыру омбудсмені арқылы сотқа дейінгі реттеу институтының дамуы.

Тәуекелдің қосымша факторы ретінде ҚЕХС 17 стандартын енгізу болып табылады, бұл сақтандыру міндеттемелерін есепке алу процестерін қайта құруды, өтпелі кезеңде ҚЕХС 4 бойынша есептілікті қатар жүргізуді және бағалаудың ретроспективтік әдістерін қолдануды талап етеді.

### Құқықтық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Компания:

- ҚҚҚ, СҚҚ және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңдарында заң жобаларын талқылауға белсенді қатысады;
- заңнамадағы және реттеуші нормативтердегі өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізеді;
- ішкі рәсімдерді, тарифтік саясатты және андеррайтинг қағидаларын жаңа талаптарға уақтылы бейімдейді;
- Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының және Сақтандыру омбудсмені өкілдері кеңесінің жұмысына қатысады, бұл сақтанушылардың мүдделерін қорғауға және қызметтің ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

# Комплаенс және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы әрекет

«Номад Иншуранс» СК» АҚ-да Компанияның ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын **ақшаны жылыстатуға (заңдастыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (ҚЖ/ТҚ) жүйесі** енгізілген және жұмыс істейді. ҚЖ/ТҚ жүйесі Компанияның, оның қызметкерлері мен клиенттерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру процестеріне тартылуының алдын алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Компанияда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген және қолданылатын **«Номад Иншуранс» СК» АҚ Комплаенс және ҚЖ/ТҚ қызметі туралы ереже (2023 жылғы 12 қаңтардағы №02 хаттама) және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі бақылау қағидалары (2025 жылғы 5 маусымдағы №23 хаттама)** бар. Бұл құжаттар тиімді ҚЖ/ТҚ жүйесін қалыптастыруға және қолдауға бағытталған.

**Компанияның ішкі бақылауының негізгі мақсаты** – ықтимал қауіптерді анықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтандыру нарығы мен сақтандыру ұйымдарының тетіктерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдалануға қарсы іс-қимыл жасау болып табылады.

**ҚЖ/ТҚ мақсаттарында ішкі бақылау келесі бағдарламаларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады :**

- ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы;
- ҚЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы;
- клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы;
- клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы;
- Компания қызметкерлерін даярлау және оқыту бағдарламасы;
- Компанияның ҚЖ/ТҚ мәселелері бойынша өзге тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ҚЖ/ТҚ-ға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды **Компанияның Ішкі аудит қызметі** жүзеге асырады. Бағалау нәтижелері бойынша есеп **Директорлар кеңесіне** және қажет болған жағдайда **Компания Басқармасына** ұсынылады.

**Компаниядағы ҚЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару рәсімдеріне мыналар жатады:**

- клиенттерге тиісті тексеру жүргізу және тәуекел деңгейін бағалау;
- іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту немесе оларды тоқтату, операцияларды жүргізуден бас тарту не операцияларды тоқтата тұру (бұғаттау) шараларын қолдану туралы шешімдер қабылдау;
- ҚЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерді төмендету шараларын қолдану;
- уәкілетті органды шекті және күмәнді операциялар туралы хабардар ету;
- Компанияның басқару органдарын анықталған бұзушылықтар және оларды жою жөніндегі қабылданған шаралар туралы хабардар ету. ҚЖ/ТҚ жүйесін операциялық басқаруда негізгі рөлді **Комплаенс және ҚЖ/ТҚ қызметі** атқарады, ол:
- ҚЖ/ТҚ бойынша Ішкі бақылау қағидаларының орындалуын ұйымдастырады;
- клиенттер мен сақтандыру өнімдерінің тәуекелдерін бағалайды;
- операцияларды күмәнді немесе әдеттен тыс деп тану туралы шешімдер қабылдайды;
- қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға шекті және күмәнді операциялар туралы хабарламалардың жіберілуін қамтамасыз етеді;
- Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасын анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

Шекті, күмәнді және әдеттен тыс операциялар туралы хабарламалар Компания тарапынан Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне заңнамада белгіленген тәртіппен электрондық форматта жолданады.

# Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

**«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 16 наурыздағы №9 хаттамасымен бекітілген және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.**

Саясат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің мақсаттарын, қағидаттары мен ең төменгі стандарттарын, құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру тәртібін белгілейді, сондай-ақ осы процестің қатысушыларының рөлдері мен жауапкершілігін айқындайды. (GRI 2-23).

## Қолданылу аясы және міндеттілігі

Саясат Компанияның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары үшін міндетті болып табылады және үшінші тұлғалармен (клиенттермен, контрагенттермен, мемлекеттік органдармен және олардың өкілдерімен) өзара іс-қимылға қолданылады. Саясаттың талаптары жеке және мемлекеттік секторлардағы қызмет барысында бірдей қолданылады. Бизнес-процестердің иелері ретінде Қауіпсіздік қызметі және COMPLIANCE және ҚЖ/ТҚ қызметі айқындалған. Саясатта негізгі ұғымдар мен терминдерге, оның ішінде пара, коммерциялық сатып алу (параға сатып алу), лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, мүдделер қақтығысы, COMPLIANCE-тәуекел және басқа да ұғымдарға анықтамалар берілген, бұл оларды түсіндіру мен құқық қолдану практикасының бірізділігін қамтамасыз етеді.

## Қағидалар және тыйымдар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі заңдылық пен іскерлік әдеп қағидаттарына, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікке, мүдделер қақтығысына жол бермеуге және басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ымырасыз көзқарас ұстануға негізделген. Парақорлықтың және коммерциялық сатып алудың (параға сатып алу) кез келген нысандарына, «жеделдету үшін төлемдерге», қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалануға және заңсыз пайда алудың өзге де түрлеріне қатаң тыйым салынады. Мұндай әрекеттерді жеке өзі, делдалдар арқылы, тікелей немесе жанама түрде, сондай-ақ олардың мақсатына қарамастан жүзеге асыруға жол берілмейді. (GRI 205-3).

## 0/20

Компанияның 20 жылдық қызметі барысында сыбайлас жемқорлық немесе парақорлық фактілері

## 0/20

Компанияның 20 жылдық қызметі барысында кемсітушілік немесе қысым көрсету (харассмент) фактілері

## 0/20

Компанияның 20 жылдық қызметі барысында клиенттердің құпия деректерінің жария болуы немесе сыртқа шығу фактілері

## 0/20

Компанияның 20 жылдық қызметі барысында ақшаны жылыстату немесе инсайдерлік сауда фактілері

# Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

## Профилактика және тәуекелдерді басқару (GRI 205-1)

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің себептері мен жағдайларын анықтауды және жоюды, бақылау рәсімдерін енгізуді, өкілдік шығыстарды бақылауды, сыйлықтарды беру және алу тәртібін сақтауды, мүдделер қақтығысын реттеуді және құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларды қорғау шараларын қамтиды. Саясат талаптары шарттық қатынастарды орнату кезінде ескеріледі. Компания сыбайлас жемқорлық қызметке тартылуы ықтимал контрагенттермен жұмыс істеу тәуекелін азайту мақсатында оларды тиісті тексеруден (due diligence) өткізу бойынша ақылға қонымды шаралар қабылдайды.

Компанияда ақшалай сыйлықтарды беруге және қабылдауға жол берілмейді.

**Өкілдік шығыстардың лимиттерін Басқарма төрағасы бекітеді.** Белгіленген лимиттерден асып кеткен шығыстар Комплаенс және ҚЖ/ТҚ қызметімен және Басқарма төрағасымен келісуге жатады.

### Мүдделер қақтығысы

Қызметкерлер мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуге міндетті және мүдделер қақтығысының фактісі немесе оның туындау қаупі анықталған жағдайда бұл туралы дереу тікелей басшысына хабарлауы тиіс. Егер мүдделер қақтығысын толықтай жою мүмкін болмаса, Компанияның мүдделері басымдыққа ие болады.

## Хабарлау арналары және хабарлаушы тұлғаларды қорғау (GRI 2-26)

Компанияда құқық бұзушылықтар туралы хабарлау арналары жұмыс істейді. Қызметкерлер мен өзге де тұлғалар Компания басшысына немесе Қауіпсіздік қызметіне, оның ішінде сыртқы веб-сайт және тікелей байланыс арналары арқылы жүгіну мүмкіндігіне ие.

Тексеру жүргізу үшін жеткілікті мәліметтер болған жағдайда анонимді хабарламалар қабылданады және қаралады.

Ұсынылған ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына әрі Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес қорғалады. Компания хабарлаушы тұлғаларды қорғау шараларын қамтамасыз етеді және олардың құқықтарын шектеуге, қудалауға немесе қандай да бір қысым көрсетуге бағытталған әрекеттерге жол бермейді.

## Тексерулер және жедел жауап қайтару (GRI 205-3)

Қызметтік тексеру жүргізу тәртібі Компанияның ішкі құжаттарымен бекітілген. Басқарма төрағасы тиісті іс-шараларды ұйымдастырады және жауапты тұлғаларды тағайындайды. Қажет болған жағдайда Қауіпсіздік қызметі, заң қызметі, тәуекелдерді басқару қызметі, Комплаенс және ҚЖ/ТҚ қызметі өкілдерінен тұратын Комиссия құрылады. **Қызметтік тексеру жүргізу мерзімі 10 жұмыс күніне дейін белгіленеді және қажет болған жағдайда 30 жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.** Комиссия дәлелдемелерді жинауды және тіркеуді жүзеге асырады, түсініктемелер алады, келтірілген залалды бағалайды және қорытындылар мен ұсынымдарды қамтитын негізделген қорытынды дайындайды. Тексеру нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірі қабылданады: қарауды тоқтату; материалдарды уәкілетті мемлекеттік органдарға жолдау; тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану.

### Жауапкершілік

Саясат талаптарын бұзғаны үшін тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі актілеріне сәйкес тәртіптік, материалдық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

### Контрагенттермен қарым - қатынас

Саясат талаптары шарттық құжаттамаға енгізіледі. Компания контрагенттерден ұлттық және халықаралық құқық талаптарына сәйкес келетін өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерінің болуын және оларды сақтауын күтеді. Компанияның сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тартылу тәуекелін болдырмау мақсатында контрагенттерді іріктеу және тексеру рәсімдері қолданылады.

### Мониторинг, оқыту және жетілдіру

Комиссия мүшелері мен жауапты тұлғалар үшін еңбек және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негіздері, келіссөздер жүргізу және консенсусқа қол жеткізу мәселелері бойынша жыл сайынғы оқыту көзделген.

Комплаенс және ҚЖ/ТҚ қызметі қызметкерлерді бейімдеу тренингтері шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізеді.

Саясат ҚР заңнамасының және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының өзгеруіне қарай өзектендіріліп отырады. Саясатпен реттелмеген мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптары қолданылады.

# Құпиялық саясаты

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-да Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 22 ақпандағы №07 хаттамасымен бекітілген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Компанияның нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген **Құпия ақпарат туралы ереже (И-03)** қолданылады.

Ережеге сәйкес **қағаз жеткізгіштердегі құжаттарда да, электрондық түрде де қамтылған құпия ақпарат қорғалуға жатады**. Құпия ақпарат сақтандыру құпиясын, коммерциялық құпияны және дербес деректерді құрайтын мәліметтерге бөлінеді. Сақтандыру және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерге, сондай-ақ дербес деректерге қызметкерлердің **қол жеткізуі Компания Басқармасының төрағасының немесе оның уәкілеттік берген лауазымды тұлғаларының** шешімі негізінде жүзеге асырылады. Уәкілетті лауазымды тұлғалар аталған мәліметтерге тек өздерінің қызметтік міндеттерін орындауы үшін қажет болатын тұлғалардың ғана қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында рұқсат беру тәртібіне тұрақты бақылау жүргізуге міндетті.

Сақтандыру және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерге, сондай-ақ дербес деректерге қол жеткізу құқықтарын беру рәсімінен өткен, құпия ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттемеге қол қойған және өздерінің лауазымдық міндеттері шегінде мұндай ақпаратпен жұмыс істеуі қажет тұлғалар ғана жіберіледі. Қол жеткізу құқығын алғанға дейін қызметкерлер Құпия ақпарат туралы ережемен, іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықтармен, мұрағат құжаттарын пайдалану қағидаларымен танысуға, сондай-ақ **құпиялылықты сақтау және ақпаратты жария етпеу туралы** келісімге қол қоюға міндетті.

Қағаз жеткізгіштердегі құпия ақпаратты қамтитын құжаттармен жұмыс істеу кезінде құпиялылық режимі талаптарының сақталуына ағымдағы бақылауды Компанияның Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері және персоналмен жұмыс істеуге жауапты тұлғалар құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен бірлесіп жүзеге асырады.

Компанияның сақтандыру немесе коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерін, сондай-ақ Компанияның, оның клиенттерінің, серіктестерінің және корреспонденттерінің дербес деректерін жария ету, оларды заңсыз пайдалану не құжаттардың жоғалуына жол беру **Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке** әкеп соғады. Бұл тәртіптік жауапкершілікті (жұмыстан шығаруға дейін), қылмыстық жауапкершілікті, сондай-ақ Компанияға, оның клиенттері мен корреспонденттеріне келтірілген залалды өтеу бөлігіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қамтиды.

## Құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге бақылау жүргізу шаралары

- Құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың жай-күйін зерделеу;
- Құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша Компанияның ішкі құжаттарын әзірлеу;
- Құжаттарды сақтау және пайдалану тәртібінің сақталуына тексерулер жүргізу;
- Құпия ақпараттың жария болуы немесе сыртқа шығу фактілері анықталған жағдайда Компания басшылығына қорытындылар мен ұсынымдар дайындау.

Компания клиенттерді олардың дербес деректерін қорғау мәселелері бойынша, оның ішінде ақпаратты үшінші тұлғаларға (жеке және мемлекеттік ұйымдарға) беру тәртібі туралы хабардар етеді.

## Клиенттерге келесі мүмкіндіктер ұсынылады:

- дербес деректерді пайдалануға келісім беру;
- дербес деректерді пайдалануға берілген келісімді кері қайтарып алу;
- заңнамаға сәйкес деректерді басқа қызмет көрсетушілерге беруді сұрату.

# Ақпараттық қауіпсіздік

Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі №37 хаттамасымен бекітілген **Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (И-23)** Компанияның ақпаратты қорғау және ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмыс істеу жүйесіндегі негізгі құжат болып табылады.

**Саясаттың мақсаты** ақпараттың тиісті қорғалуын қамтамасыз етуге, ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қолдауға және ақпараттық қауіпсіздік қатерлеріне қарсы алдын алу және қалпына келтіру шараларын қолдану арқылы оларды пайдалану нәтижесінде туындауы мүмкін залалды барынша азайтуға бағытталған бірыңғай талаптар мен қағидаларды әзірлеу және бекіту болып табылады.

Компанияда **ақпараттық қауіпсіздікті басқаруға жауапты тұлға (Chief Information Security Officer – CISO)** тағайындалған. Ол ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стратегияларды әзірлеуге, тұрақты мониторинг жүргізуге, деректерді қорғау жөніндегі іс-шараларды үйлестіруге, сондай-ақ реттеуші органдармен және сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасауға жауапты.

Осы жүйе шеңберінде Компанияның ішкі нормативтік құжаттары мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне **тұрақты тексерулер** жүргізіледі, сондай-ақ **реттеуші органға** белгіленген мерзімдерде **есептілік ұсынылады**. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты оның өзектілігін қамтамасыз ету және заңнамадағы өзгерістерге, реттеушілердің талаптарына және халықаралық стандарттарға, оның ішінде ISO/IEC 27001 стандартына сәйкестігін сақтау мақсатында **жылына кемінде бір рет** қайта қаралады. Сонымен қатар **қашықтан қызмет көрсету сервистерінің қорғалу деңгейіне тұрақты аудит пен тестілеу** жүргізіледі.

## Негізгі құжаттар

- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты;
- Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару қағидалары;
- Ақпараттық қауіпсіздік бөлімі туралы ереже.

**Ақпараттық қауіпсіздік саясаты талаптарының сақталуына жауапкершілік Компанияның барлық қызметкерлеріне жүктеледі.** Әрбір қызметкер белгіленген талаптарды сақтауға және ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің алдын алу бойынша қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Саясаттың уақтылы өзектендіріліп отыруына Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысы жауапты.

Қызмет **Ақпараттық қауіпсіздік бөлімі туралы ережемен (АҚБ) ПП-19** реттеледі, ол Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы №55 хаттамасымен бекітілген. Бөлім Компанияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады, Басқарма төрағасына тікелей бағынады және АҚБ бастығының басшылығымен қызметін жүзеге асырады. Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесінің негізгі міндеттеріне ақпаратты қорғаудың бірыңғай саясатын әзірлеу және іске асыру, ақпаратпен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде Компанияның барлық бөлімшелерінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды үйлестіру, сондай-ақ қолданылатын қорғау құралдары мен қауіпсіздік шараларының тиімділігін бақылау және бағалау жатады.

Бүкіл қызмет ету кезеңінде ақпараттық қауіпсіздік деректердің сыртқа шығуы немесе қауіпсіздік талаптарының бұзылуы фактілерінің саны **0**

Осылайша, Компанияның ақпараттық қауіпсіздік саясаты ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін үздіксіз жетілдіру, деректердің тұтастығы мен қорғалуын қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін мониторингтеу және оларға ден қою, қызметкерлердің жеке жауапкершілігін белгілеу, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қатысты ақпараттық қауіпсіздік талаптарын қалыптастыру жөніндегі міндеттемелерді қамтиды.

# Ақпараттық қауіпсіздік процестерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-да ақпаратты қорғау процестерінің тұрақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, **Басқарманың 2025 жылғы 23 қыркүйектегі №30 хаттамасымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару қағидалары (И-12)** қолданылады. Осы Қағидалар шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін анықтау, тіркеу, талдау және тергеп-тексеру тәртібі көзделген.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы профилактикалық іс-шараларды іске асыру және қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру үшін жауапкершілік Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына және өз құзыреті шегінде Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесіне және Персоналды басқару бөлімшесіне жүктеледі.

**Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және қызметкерлерді оқыту** Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі мен Персоналды басқару бөлімшесінің бірлескен қатысуымен жүзеге асырылады.

Ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне ден қою бойынша барлық іс-қимылдарды үйлестіруді Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі жүзеге асырады, оның ішінде:

- ақпаратты жинау;
- жедел шешімдер қабылдау;
- техникалық және өзге де бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасау.

Қағидалар талаптарының сақталуын бақылау да Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесіне жүктеледі.

Компанияның әрбір қызметкері:

- Ақпараттық қауіпсіздік бойынша **міндетті оқытулар мен нұсқамалардан** белгіленген мерзімдерде өтуге;
- Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттардың **талаптарын сақтауға**;
- Күдікті әрекеттер немесе ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің туындау қаупі туралы кез келген қолжетімді тәсіл арқылы Ақпараттық қауіпсіздік **бөлімшесіне дереу хабарлауға** міндетті.

Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін тергеп-тексеру олардың туындау себептері мен іске асу тетіктерін анықтауды, жиналған ақпаратты талдауды, сондай-ақ инцидентті жүзеге асыру кезінде пайдаланылған осалдықтарды айқындауды қамтиды.

Егер инцидент бір бөлімшенің құзыреті шегінен шығып кетсе немесе Компанияның аса маңызды процестеріне әсер етсе, Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі мәселені **Компания Басқармасы деңгейінде қарау үшін эскалациялау рәсімін** бастайды.

**Бизнес-процестердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге арналған ішкі құжаттар**

**Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты** (Директорлар кеңесінің 27.03.2025 ж. №12 хаттамасымен бекітілген);

**Төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимылдар және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары** (Директорлар кеңесінің 19.09.2024 ж. №30 хаттамасымен бекітілген).

## (Е) бойынша негізгі жетістіктер

# 1

Компания барлық кеңселерінде қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізіп, жауапты тұтыну мәдениетін қалыптастырды. Қызметкерлер көп рет пайдаланылатын материалдарды белсенді түрде қолданады, бұл тұрмыстық қалдықтар көлемін азайтуға ықпал етеді.

Аталған тәжірибелер Компанияның ішкі экологиялық мәдениетінің ажырамас және тұрақты бөлігіне айналды.

# 2

Компания **Smart Plastic Zone** жобасы аясындағы диагностикалаудан сәтті өтіп, **Silver деңгейіне** ие болды. Бұл Компанияның қалдықтарды басқару саласындағы қолданыстағы жұмысының сапасын және экологиялық стандарттарға бейілділігін растады.

**Диагностика нәтижелері бойынша Компания экологиялық тәжірибелерді одан әрі жетілдіруге арналған егжей-тегжейлі ұсынымдар алды және оларды кезең-кезеңімен енгізуді бастап кетті.**

# 3

Компания **бас кеңседе электр энергиясына жұмсалатын шығындарды төмендетуге қол жеткізді және энергия тұтынуды тұрақты мониторингтеуді, сондай-ақ қызметкерлер арасында ағартушылық жұмыстар жүргізуді бастады.** Бұл шаралар «жасыл кеңсе» қағидаттарын одан әрі дамытуға және 2026 жылға жоспарланған көміртегі ізін есептеу жұмыстарын бастауға негіз қалады.

# 4

Компания **бас кеңседе және жекелеген филиалдарда су тұтыну жөніндегі деректерді жинап, талдайды, бұл ресурстарды пайдалану құрылымын түсінуге және операциялық қызметті жоспарлау кезінде су тұтыну көлемін ескеруге мүмкіндік береді.**

Мұндай тәсіл суды ұтымды пайдалану тәжірибелерін одан әрі дамытуға және «жасыл кеңсе» қағидаттарын енгізуге негіз қалыптастырады.

Энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану «НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы басым бағыттарының бірі болып табылады. Компания өз объектілеріндегі электр энергиясын тұтыну көлеміне жүйелі мониторинг жүргізеді. Энергия тұтыну тұрғысынан негізгі объектілерге Компанияның бас кеңсесі және Қазақстан өңірлеріндегі филиалдары жатады.

**Алматы қаласындағы бас кеңсе (1 480,1 ш.м, Төле би көшесі, 101, «Төле би» БО) ақшалай мәндегі энергия тұтынудың тұрақты төмендеу серпінін көрсетуде: 2022 жылғы 5,2 млн теңгеден 2023 жылы 3,7 млн теңгеге дейін төмендеп, 2024 жылы 3,9 млн теңге деңгейінде тұрақтады.** Бұл ішкі процестерді оңтайландыруды және энергия тиімділігінің артқанын көрсетеді.


**Алматы филиалы (767,1 ш.м, Қабанбай батыр көшесі, 51/78) цифрлық сервистердің кеңеюіне және операциялар көлемінің артуына байланысты электр энергиясын тұтынудың біртіндеп өсуін көрсетуде: 2022 жылғы 44 400 кВт-сағаттан 2023 жылы 47 570 кВт-сағатқа дейін, ал 2025 жылға болжамды көрсеткіш – 51 600 кВт-сағат.**

**Ақтөбе қаласындағы филиал (148,5 ш.м, Әлия Молдағұлова даңғылы, 46, «Капитал Плаза» БО) энергия тұтынудың ауытқуын көрсетеді: 2022 жылғы 17 556 кВт-сағаттан 2023 жылы 14 976 кВт-сағатқа дейін төмендеп, кейін 2024 жылы 20 148 кВт-сағатқа дейін өсті.** Бұл бизнес-процестер қарқындылығының өзгеруін көрсетеді.

**Петропавл қаласындағы филиал (110,9 ш.м, Интернациональная көшесі, 35) бойынша электр энергиясына жұмсалған шығындар ақшалай мәнде есепке алынады: 2022 жылы – 69 206 теңге, 2023 жылы – 108 187 теңге және 2024 жылы – 105 277 теңге.**

Қалған филиалдарда электр энергиясын тұтыну жалдау ақысының құрамына енгізілген және оны ғимараттарды басқарушы компаниялар есепке алады.

Бас кеңседегі энергия тұтыну шығындары , млн теңге



Компания ресурстарды үнемдеудің бастапқы элементтерін енгізіп үлгерді: **энергия тұтынуға тұрақты мониторинг** жүргізіледі, қызметкерлерге **ресурстарды ұтымды пайдалану туралы** жүйелі түрде еске салулар жасалады. Бұл **энергия ресурстарына жауапкершілікпен қараудың корпоративтік мәдениетін** қалыптастыруға ықпал етеді.

Алдағы жылдардағы маңызды міндеттердің бірі – осы тәжірибелерді **ресми құжаттарда бекіту**, оларды **нақты іс-шаралармен** және елшенетін **мақсатты көрсеткіштермен** толықтыру.

Ұзақ мерзімді перспективада Компания өз кеңселерінде **энергия тиімді технологияларды енгізу** мүмкіндігін, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға кезең-кезеңімен көшуді қарастырады.

Алдағы жылға арналған жоспарлардың қатарында барлық филиалдарда энергия **тұтынуды жүйелі есепке алуды** көздейтін «**Жасыл кеңсе**» саясатын әзірлеу және енгізу, сондай-ақ жалдау шарттары арқылы **энергия егжей-тегжейлі деректер** алу мақсатын тұтыну туралы да жалға берушілермен өзара іс-қимыл жасау көзделген.



Су ресурстарын жауапты пайдалану «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның экологиялық стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Компания өзінің бірқатар кеңселерінде **су тұтынуға тұрақты мониторинг** жүргізеді, бұл ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Компанияның Алматы қаласындағы бас кеңсесінде су тұтыну көлемінің біртіндеп артуы байқалады, бұл қызмет ауқымының кеңеюімен және қызметкерлер санының өсуімен байланысты. Соңғы үш жылда су шығындары ақшалай мәнде **2022 жылғы 251 072 теңгеден 2023 жылы 282 464 теңгеге** дейін өсіп, **2024 жылы 304 155 теңгеге** жетті. Бұл Компанияның тұрақты дамуын және операциялық қызмет көлемінің ұлғаюын көрсетеді.

**Алматы филиалында** су тұтыну көлемі іскерлік белсенділіктің ерекшеліктерін көрсететін өзгермелі серпінге ие. **2022 жылы 408 м<sup>3</sup>** су пайдаланылса, **2023 жылы бұл көлем 228 м<sup>3</sup>-ке** дейін азайған, ал **2024 жылы қайтадан 420 м<sup>3</sup>-ке** дейін өскен.


**Петропавл қаласындағы филиалда** су тұтыну ақшалай мәнде есепке алынады. Соңғы жылдары сумен жабдықтауға жұмсалған шығындар екі еседен астам өсті: **2022 жылғы 23 211 теңгеден 2023 жылы 52 668 теңгеге** дейін және **2024 жылы 58 031 теңгеге** жетті.

Басқа филиалдар бойынша су тұтыну деректері жоқ, себебі суға жұмсалатын шығындар жалдау ақысының құрамына енгізілген.

Компания **суды ұтымды пайдалану** бойынша негізгі тәжірибелерді енгізіп үлгерді, оның ішінде су тұтынуды тұрақты мониторингтеу және **қызметкерлерді туралы ақпараттандыру** жүзеге асырылсу ресурстарына ұқыпты қараудың маңыздылығы ады. Алдағы уақытта су ресурстарын басқарудың жүйелі тәсілін дамыту, оның ішінде **есепке алудың неғұрлым дәл құралдарын енгізу** және су пайдаланудың **тиімділігін талдау** жоспарлануда.

Өзірленіп жатқан **«Жасыл кеңсе» саясаты** шеңберінде **барлық филиалдар бойынша су тұтынудың бірыңғай есебін енгізу** және су тұтыну туралы егжей-тегжейлі деректер алу мақсатында жалға берушілермен өзара іс-қимылды жолға қою жоспарланып отыр. Бұл ресурстарды басқарудың жүйелі тәсілін қалыптастыруға, есептіліктің ашықтығын арттыруға және Компанияның көміртегі ізін одан әрі есептеуге негіз қалауға мүмкіндік береді.

Бас кеңседегі су тұтыну шығындары , мың теңге



Компания қалдықтармен жауапты жұмыс істеу және экологиялық корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударады.

Компанияның барлық кеңселерінде **қағазды, пластикті және басқа да қалдық түрлерін бөлек жинауға арналған сұрыптау жәшіктері** орнатылған. Қызметкерлер бір рет қолданылатын материалдарды тұтынуды азайтуға бағытталған бастамаларды белсенді қолдайды: **көп рет пайдаланылатын ыдыстарды, термостарды және түскі асқа арналған контейнерлерді** қолданады. Бұл тұрмыстық қалдықтар көлемін азайтуға ықпал етіп, ресурстарға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастырады.

**Ақтөбе филиалында** қалдықтарды басқаруға байланысты шығындар **2023 жылы 16 044 теңгені**, ал **2024 жылы 19 608 теңгені** құрады.

Петропавл қаласындағы филиалда және Алматы қаласындағы кеңселерде қалдықтарды басқаруға арналған шығындар жалдау ақысының құрамына енгізілген және оларды ғимараттарды басқарушы компаниялар есепке алады.

Қалдықтарды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында Компания жекелеген бастамалардан **формалдандырылған кешенді тәсілге** көшуді жоспарлап отыр.

Маңызды қадамдардың бірі ретінде «жасыл тәжірибелерді» ресми құжаттарда бекіту, түзілетін қалдықтарды және оларды қайта өңдеуге жіберуді есепке алу жүйесін енгізу көзделуде. Мұндай тәсіл экологиялық қызметтің ашықтығын, жүйелілігін және нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Дамудың келесі кезеңі қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеудің толыққанды жүйесін құру болады. Бұл Компания қызметін айналымды экономика қағидаттарына жақындатып, оның экологиялық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

## SMART PLASTIC ZONE SILVER



# Компанияның климаттық мақсаттары

Қоршаған ортаға әсерді азайту «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның негізгі міндеттерінің бірі және оның тұрақты даму күн тәртібінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компания Қазақстан Республикасының қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында бекітілген ESG қағидаттарына сүйене отырып, өз қызметін декарбонизациялау бағыты бойынша дәйекті түрде ілгерілеуді көздейді.

Осы бөлімде Компанияның қоршаған ортаға әсерін азайту, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және климаттық менеджмент жүйесін дамыту мақсатында қабылдайтын міндеттемелері ұсынылған. Бұл міндеттемелер өлшенетін нәтижелерге қол жеткізуге, ашықтықты қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді тұрақты дамуға бағытталған прагматикалық әрі жүйелі тәсілді көрсетеді.

Компания **2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына (Net Zero) қол жеткізуді** ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарлардың бірі ретінде қарастырады. Осыған байланысты келесі қадамдарды уақыт кезеңдері бойынша кезең-кезеңімен іске асыру жоспарлануда.

## 2026-2029 ж. Жол картасы

### 2026 ж.

- Компанияның меншікті кеңселерінде энергияны, суды тұтыну және қалдықтардың түзілуі бойынша деректерді жинауды бастау.
- Тікелей шығарындыларды (Scope 1) және жанама шығарындыларды (Scope 2) есептеуді бастау.

### 2027 ж.

- Климаттық стратегияны қабылдау және климаттық тәуекелдерді басқару кезінде TCFD ұсынымдарына сәйкес есептілікті қалыптастыруды бастау (2026 жыл қорытындысы бойынша).
- SBTi бастамасына қосылу және Scope 3 шығарындыларының жекелеген санаттарын есептеуді бастау.

### 2028 ж.

- Тәуелсіз аудитордың қатысуымен Scope 1 және Scope 2 шығарындылары туралы деректерді верификациялауды бастау.
- 2027 жылы қабылданған Климаттық стратегия шеңберінде климаттық сценарийлік талдау жүргізуді бастау.
- Тәуелсіз аудитордың қатысуымен Scope 3 шығарындылары туралы деректерді верификациялауды бастау.

Компания көмір және мұнай-газ секторларына бағытталған инвестициялар үлесін кезең-кезеңімен қысқартуды көздейді, олардың **жиынтық үлесін 2040 жылға қарай 20%-дан аспайтын деңгейде** шектеуді мақсат етеді.

Сонымен қатар Қоғам тұрақты сақтандыру өнімдері мен инвестициялық шешімдер желісін, оның ішінде қаржылық инклюзияны қолдауға бағытталған өнімдер мен шешімдерді дамытуды жалғастыруды жоспарлап отыр.

# S бағыты бойынша негізгі жетістіктер

# 1

Компания **ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001** сертификаттарын алу арқылы сапа, экология және еңбекті қорғау саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкестігін сәтті растады. Бұл көрсеткіш қызметтердің сапасын басқарудың, экологиялық аспектілерді бақылаудың және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жоғары деңгейін айғақтайды.

# 2

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ Еңбек дауларын сотқа дейін реттеудің ресми әрі қолжетімді тетігі ретінде Келісу комиссиясын тиімді пайдаланады. Комиссияның тепе-тең негізде қалыптастырылған құрамы, нақты рәсімдері және қабылданған шешімдердің міндеттілігі еңбек қатынастарындағы әділдікті, тараптардың қорғалуын және жанжал деңгейінің төмендеуін қамтамасыз етеді.

# 3

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ бекітілген нұсқаулықтар мен төтенше жағдайларға ден қою жоспарларына негізделген еңбекті қорғау және төтенше жағдайларға дайындықтың формалдандырылған жүйесі арқылы қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Компания міндетті нұсқамалар, оқу-жаттығулар және қызметкерлерді ақпараттандыру іс-шараларын тұрақты түрде өткізеді, инфрақұрылым мен ақпараттық жүйелердің дайындығын қолдайды, сондай-ақ барлық қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарымен толық қамтылуын қамтамасыз етеді.

# 4

Компанияның күшті жақтарының бірі – оның корпоративтік мәдениеті. Әлеуметтік пакеттен бастап корпоративтік іс-шараларға дейін, оқыту бағдарламаларынан бастап спорттық бастамаларға дейінгі түрлі бағыттар қызметкерлерді жайлы қарым-қатынас пен тиімді коммуникация ортасына тартуға ықпал етеді. Компания кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермейді және қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты қоса алғанда, тәлімгерлік тәжірибесін белсенді түрде дамытады.

# Стандарттарға сәйкестік

«НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ көрсетілетін қызметтердің сапасына, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға ерекше көңіл бөледі. Компанияның бизнесті жүргізудің жоғары стандарттарына бейілділігі ұлттық менеджмент жүйелерінің келесі сертификаттарымен расталған:

- **СТ РК ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)** — Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;
- **СТ РК ISO 14001-2016 (ISO 14001:2015)** — Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық;
- **СТ РК ISO 45001-2019 (ISO 45001:2018)** — Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық.



**СТ РК ISO 45001-2019  
(ISO 45001:2018) «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық»**



**СТ РК ISO 14001-2016  
(ISO 14001:2015) «Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық»**



**СТ РК ISO 9001-2016  
(ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар»**

# Серіктестік желі

Мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау «НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның тұрақты даму стратегиясының ажырамас бөлігі және оның ұзақ мерзімді табысының негізгі факторларының бірі болып табылады. Компания клиенттермен, серіктестермен, қызметкерлермен, реттеуші органдармен және қоғаммен қарым-қатынасты сенім, ашықтық, өзара жауапкершілік және іскерлік этиканың жоғары стандарттарын сақтау қағидаттары негізінде қалыптастырады.

Сақтандыру қызметтерінің ауқымын кеңейтуге, сақтандыру қорғанысының сенімділігін арттыруға және клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін стратегиялық әріптестікті дамытуға ерекше назар аударылады. «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның **негізгі серіктестерінің** қатарында сақтандыру нарығы экожүйесінің жетекші ұлттық және халықаралық ұйымдары бар:

## Серіктестік бағдарламалар

### Yurta Dom — мүлікті сақтандыру

Бірлескен бағдарлама тұрғын үй иелері мен жалға алушыларға мүлікті негізгі тәуекелдерден сақтандыруды рәсімдеуге мүмкіндік береді.

### Samal Medical Assistance — медициналық және сервистік қолдау

Серіктес «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ клиенттеріне шұғыл көмектен бастап жоспарлы медициналық қолдауға дейінгі медициналық және сервистік қызметтердің толық кешенін ұсынады.

### Қазақстан тұтынушаларының лигасы— тегін заң жөнінен кеңес беру

Ынтымақтастық шеңберінде «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ клиенттері тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тегін заңгерлік кеңес ала алады.



**Samal Medical Assistance** – медициналық ассистанс қызметін көрсететін қазақстандық компания.



**Lloyd's Syndicates** – Халықаралық қайта сақтандыру қызметтерін ұсынатын Lloyd's of London нарығындағы қайта сақтандыру синдикаттарының бірлестігі



**Hannover Rückversicherung AG** – Германияда негізделген әлемдегі ең ірі қайта сақтандырушылардың бірі




A FAIRFAX Company

**POLISH RE** – тәуекелдерді үйлестіру және сақтандыру портфелін қорғау бойынша қызметтер көрсететін халықаралық қайта сақтандыру компаниясы


# Қауымдастықтарға мүшелік

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ сақтандыру және қаржы нарығының негізгі институттарымен белсенді өзара іс-қимыл жасай отырып, саланы дамытуға, клиенттердің құқықтарын қорғауды нығайтуға және сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдайды. Кәсіби бірлестіктерге төленетін мүшелік жарналардың өсуі Компанияның салалық диалогқа қатысуының күшейіп келе жатқанын және оның тұрақты сақтандыру эकोжүйесін қалыптастыруға қосып отырған үлесін көрсетеді.

2022-2024 жж. аралығындағы «Сақтандыру омбудсманы кеңсесіне» жарна мөлшері,



2022-2024 жж. аралығындағы жарна мөлшері, млн теңге



2024 жылы Компанияның бизнес-қауымдастықтарға төлеген мүшелік жарналарының жалпы сомасы

**22,7 млн.теңге**

## Сақтандыру Омбудсманы кеңсесі

Сақтандыру омбудсманының кеңсесі сақтанушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде және дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Жарналар мөлшерін есептеу әдістемесі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының қаулысымен бекітілген Әдістемеге сәйкес айқындалады. Омбудсман кеңсесін ұстауға жұмсалатын шығыстардың өсуі қаралатын істер санының артуымен байланысты. Бұл барлық санаттағы істер бойынша дауларды міндетті түрде сотқа дейін реттеу тәртібінің енгізілуіне, сондай-ақ осыған байланысты қызметкерлер штатының кеңейтілуіне байланысты болып отыр.

## ЗТБ «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» (ҚКҚ)

АҚКҚ елдің жетекші қаржы ұйымдарын біріктіретін және қаржы секторын дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеуге арналған алаң болып табылады. Компанияның мүшелік жарналары **2022 жылғы 1,5 млн теңгеден 2024 жылы 2,7 млн теңгеге** дейін ұлғайып, **80%-ға өсті**. Бұл серпін Компанияның қаржы қауымдастығымен өзара іс-қимылының кеңейгенін және стратегиялық маңызды бастамаларды талқылауға белсенді қатысатынын көрсетеді.

## ЗТБ «Қазақстан сақтандырушыларының қауымдастығы» (ҚСҚ)

Сақтандырушылардың салалық бірлестігі ретінде Сақтандырушылар қауымдастығы кәсіби стандарттарды талқылаудың, заңнаманы жетілдірудің және салалық міндеттерді бірлесіп шешудің негізгі алаңы болып табылады. Компанияның мүшелік жарналары **2022–2024 жылдар аралығында 3,5 млн теңгеден 4,1 млн теңгеге** дейін өсіп, **17%-ды құрады**. Бұл Компанияның сақтандыру саласын дамытуға бағытталған жүйелі жұмысқа белсенді қатысатынын растайды.

## «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы (ҰҚП)

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заңға сәйкес Компания кәсіпкерлер үшін жүйелі маңызы бар мәселелер бойынша кәсіпкерлік қоғамдастықпен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті жарналар төлейді. Компанияның жарналары **2022 жылғы 4,6 млн теңгеден 2024 жылы 5,6 млн теңгеге** дейін өсті.

# Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары

## Корпоративтік қағидалар және еңбек мәдениеті

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ еңбек қатынастарын құрмет, теңдік және сенім қағидадары негізінде қалыптастырады. Компания қолданыстағы Корпоративтік әдеп кодексіне сәйкес жайлы әрі қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етеді. Аталған Кодекс барлық қызметкерлер үшін бірыңғай мінез-құлық нормалары мен кәсіби стандарттарды бекітеді. Бұл қағидадар корпоративтік мәдениетті нығайтуға, серіктестік қатынастарды дамытуға және әрбір қызметкердің әлеуетін толық ашуға ықпал ететін қолайлы атмосфера қалыптастыруға бағытталған.

Компания қызметкерлерінің жалпы саны

# 691

## Тең мүмкіндіктер және жеке тұлғаға деген құрмет


«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ барлық қызметкерлерге олардың **жынысына, жасына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, діни сеніміне немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан** әділ қарым-қатынас жасауға кепілдік береді. Әрбір қызметкердің қадір-қасиетін құрметтеуге және оның ортақ іске қосқан үлесін мойындауға ерекше көңіл бөлінеді. **Кемсітушілікке жол бермеу және тең мүмкіндіктер қағидадары компанияның корпоративтік құндылықтарының ажырамас бөлігі болып табылады.** Компания ұжымды әрбір қызметкер тек жеке нәтижелері үшін ғана емес, бүкіл ұйымның табысы үшін де жауапкершілік атқаратын серіктестік команда ретінде қарастырады. **Қызметкерлердің басым бөлігін 35 пен 45 жас аралығындағы тәжірибелі мамандар құрайды.**

Қызметкерлердің жынысы бойынша бөлу, %

Әйелдер  
66,3



Ерлер  
33,7



Қызметкерлердің орта жасы, жас.

Жалпы Компания бойынша

39

Басты кеңсе

36

Филиалдар

40



# Жұмыспен қамту және еңбек қатынастары

## Әдеп нормалары және дауларды шешу

Компания кәсіби қарым-қатынастардың этикалық қырларына ерекше көңіл бөледі. **Әрбір қызметкер әріптестеріне құрметпен қарап, олардың пікірін ескеруге міндетті.** Келіспеушіліктер туындаған жағдайда қызметкерлер кәсіби этика, өзара диалог және ымыраға келу қағидаттарын басшылыққа алады.

## Келісу комиссиясы

«Номад Иншуранс» СК» **АҚ-да жеке еңбек дауларын сотқа дейін реттеудің ресми тетігі** – Жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан паритеттік негізде құрылған Келісу комиссиясы жұмыс істейді. (Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 11 сәуірдегі №11 хаттамасымен бекітілген Ереже) Комиссияның құзыретін, оны қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін, өкілеттіктерін және тараптардың процестік кепілдіктерін айқындайды. Бұл еңбек қатынастары шеңберінде туындайтын келіспеушіліктерді шешудің қолжетімді әрі болжамды тетігін қамтамасыз етеді.

Іс жүргізу мерзімі орнатылған :

### Жұмысқа қайта алу дау туралы


шартты тоқтату туралы акт табыс етілген күннен бастап бір айға дейін.

### Басқа сұрақтар бойынша

тарап өз құқығының бұзылғанын білген немесе білуге тиіс болған сәттен бастап бір жыл ішінде.

Бұл рәсімдер **еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге, қоса атқарушыларға, үйде жұмыс істейтін қызметкерлерге, сондай-ақ бұрынғы еңбек қызметіне қатысты мәселелер бойынша бұрынғы қызметкерлерге** қолданылады. Өтініш беру жұмыс берушімен тікелей келіссөздер арқылы дауды реттеуге әрекет жасалғаннан кейін мүмкін болады. Комиссияның шешімдері тараптар үшін міндетті болып табылады және белгіленген мерзімдерде орындалуға тиіс. **Шешім орындалмаған жағдайда тараптар сотқа жүгінуге құқылы.**

**Біз құрамында 15-тен аса этникалық топтардың өкілдері қызмет ететін көпұлтты компаниямыз .**



\*қырғыздар, дүнгендер, немістер, күрдтер, поляктар, тәжіктер, лезгиндер, ингуштер, түріктер және удмурттер.

# Еңбек тәртібі

Компанияда еңбек қатынастарын реттеудің бірыңғай жүйесі қолданылады. Бұл жүйе **Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына** және ішкі нормативтік құжаттарға, оның ішінде Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 4 мамырдағы №20 хаттамасымен бекітілген **Ішкі еңбек тәртібі қағидаларына негізделген**. Белгіленген нормалар Жұмыс беруші мен Компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

## Жұмыс уақыты және шектен тыс жүктемені алдын алу

Қағидаларға сәйкес Компанияда **ұзақтығы аптасына 40 сағат болатын бес күндік жұмыс аптасы белгіленген**. Жұмыс күні сағат **09:00-ден 18:00-ге дейінгі** тұрақты жұмыс режимімен жүзеге асырылады. Жұмыс берушімен келісім бойынша қызметкерге аптасына 40 сағаттан аспайтын **жеке жұмыс режимі** белгіленуі мүмкін.

Компания әрбір қызметкердің **жұмыс уақытын, оның ішінде үстеме жұмыс сағаттарын дәл есепке алады**. Бұл жұмыс жүктемесін бақылауға және шамадан тыс жұмыс уақытының тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

## Еңбек ақысы

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу **(Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 27 наурыздағы №12 хаттамасымен бекітілген) Қызметкерлерге еңбекақы төлеу саясатына** және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес **уақытылы әрі толық көлемде жүзеге асырылады**. Еңбекақы төлеу жүйесі **объективтілік және қызметкердің жеке үлесіне сай** сыйақы беру қағидаларына негізделген.

## Әлеуметтік кепілдік және қорғаныс

Компания қызметкерді еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

Сондай-ақ **әлеуметтік демалыстар қарастырылған, оның ішінде жүктілік және босану бойынша демалыс, бала күтіміне байланысты демалыс, оқу демалысы және өзге де әлеуметтік демалыс түрлері бар**.

## Ақылы еңбек демалысы

Қызметкерлерге демалыс кестесіне сәйкес **ұзақтығы күнтізбелік 24 күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы** беріледі.


Қызметкерге еңбек демалысын қатарынан екі жыл бойы бермеуге жол берілмейді. Бұл қызметкерлердің демалу және еңбек қабілетін қалпына келтіру құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

## Жұмыстан шығару тәртібі

Еңбек шартын тоқтату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша ғана жүзеге асырылады. Егер еңбек шартында өзгеше белгіленбесе, **қызметкер Жұмыс берушіні бір ай бұрын жазбаша хабардар ету арқылы еңбек шартын бұзуға құқылы**.

**Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде белгіленген талаптар мен рәсімдерге қатаң сәйкес жүргізіледі.**

Жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлер, адам саны



# Компанияның іскерлік этикасы

Компанияның іскерлік этикаға және еңбек тәжірибелерін басқаруға қатысты ұстанымы ішкі нормативтік құжаттарға, соның ішінде Корпоративтік этика кодексіне, Кадр саясатына және Қызметкерлерге еңбекақы төлеу саясатына негізделген. Аталған құжаттар әділ сыйақы төлеу, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау және қызметкерлермен жауапты өзара іс-қимыл қағидаттарын белгілейді. Сондай-ақ олар еңбек қатынастары саласындағы корпоративтік стандарттарды іске асырудың негізгі іргетасы болып табылады.

## Қызметкерлермен еңбек жағдайлары бойынша өзара іс-қимыл

Қызметкерлердің пікірін ескеру және еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында Компанияда персоналмен тұрақты өзара іс-қимыл жүйесі қалыптастырылған. **Жыл сайын қызметкерлер арасында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері персоналды басқару департаменті тарапынан талданып, айына екі рет өткізілетін персонал стратегиясын дамыту жөніндегі жұмыс тобының отырыстарында қарастырылады.**

бір штаттық қызметкерді  
жұмысқа алудың орта бағасы

**250 000 теңге**


## Оқыту және дамыту

Адами капиталды дамыту шеңберінде қызметкерлердің кәсіби дамуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін **оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары жүзеге асырылады.** Олардың қатарына жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу кезінде цифрлық трансформация бағдарламасы бойынша оқыту да кіреді. Бұл бағдарламалар **қызметкерлердің технологиялық және салалық өзгерістерге бейімделуіне** бағытталған.


## Адам құқығын сақтау

Компания адам саудасына, заманауи құлдыққа, мәжбүрлі еңбекке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін балалар еңбегін пайдалануға байланысты кез келген тәжірибелер мен әрекеттерді қабылдамайды.

Қызметкерлерге қатысты жалпы шығыс, теңге



Ішкі үміткерлермен толықтырылған ашық вакансиялар, пайыздар



# Компанияның іскерлік этикасы

Компания тең мүмкіндіктер мен кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын ұстанады, оның ішінде бірдей құндылықтағы еңбек үшін **ерлер мен әйелдерге бірдей сыйақы төлеу қағидатын қамтамасыз етеді**. Еңбекақы төлеу жүйесі объективті өлшемшарттарға негізделген және **қызметкерлердің кәсіби қасиеттеріне қатысы жоқ белгілер бойынша айырмашылықтарға жол бермейді**.

Компания кез келген қудалау мен кемсітушілікті мүлдем жол беруге болмайтын әрекет деп санайды. Атап айтқанда, жынысына, жасына, дене мүмкіндіктерінің деңгейіне, діни сеніміне, ұлтына немесе нәсіліне, саяси көзқарастарына, мүліктік және лауазымдық жағдайына, отбасылық мәртебесіне немесе өзге де жеке ерекшеліктеріне байланысты кемсітушілікке жол берілмейді. Сондай-ақ **қысым көрсету, қорқыту, буллинг, әлімжеттік, харассмент, психологиялық қысым, физикалық зорлық-зомбылық, мазақ ету және ұжымдағы моральдық ахуалды нашарлататын кез келген басқа әрекеттерге** тыйым салынады. Мұндай мінез-құлықтың барлық жағдайлары дереу тоқтатылуға тиіс.

## Қоршаған орта және әлеуметтік жауапкершілік

Компания өз қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсері үшін жауапкершілігін сезінеді және су, электр энергиясы мен қағазды қоса алғанда ресурстарды ұтымды пайдалану, қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу тәжірибелерін енгізу, кеңсе және операциялық үдерістерде экологиялық шешімдерді қолдану, сондай-ақ тұрақты жеткізушілер мен «жасыл» технологияларды қолдау арқылы бұл әсерді барынша азайтуға ұмтылады.

Компания әлеуметтік және еріктілік бастамаларды қолдайды әрі қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауға ерекше көңіл бөледі. Бұл бағытқа психикалық саулық пен эмоционалдық әл-ауқат мәселелері де кіреді.

Осы қағидаттарды сақтау Компанияның барлық қызметкерлері, оның ішінде барлық деңгейдегі басшылар үшін міндетті болып табылады және корпоративтік мәдениеттің, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқын бағалау жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Қағидаттардың сақталуын қамтамасыз ету үдерісі құрылымдық бөлімшелерде талаптарды түсіндіруді қамтиды, бұл үшін тиісті бөлімше басшылары жауап береді. Сонымен қатар командаларда этикалық мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру және қолдау, сондай-ақ белгіленген нормалардың орындалуын бақылау жүзеге асырылады.

Бұзушылықтар анықталған жағдайда Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.


# Корпоративтік мәдениет

## Көшбасшылық және басқарушылық тәжірибе

Компанияның барлық деңгейдегі басшылары корпоративтік стандарттарды қолдауда және қызметкерлердің жұмысқа тартылуын арттыруда маңызды рөл атқарады.

**Көшбасшылық мәдениеті жеке үлгі көрсету, ашықтық және өзара құрмет қағидаттарына негізделген.** Басшылар қызметкерлердің бастамашылдығын қолдап, көтермелейді, жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал етеді және дерекілікке, әділетсіз көзқарасқа немесе қысым көрсетуге жол бермейді.

**Қызметкерлер . Компаниядағы жұмыс өтілі , жыл .**



Басшылар . Жынысы бойынша бөлу , %

47.8  
Әйел



52.2  
Ер



«Номад Иншуранс» СК» АҚ еңбек тәртібінің, кәсіби этиканың және корпоративтік имидждің жоғары стандарттарын қолдайды.

**Ұқыптылық, мұқияттылық және жұмыс уақытына құрметпен қарау корпоративтік мәдениеттің міндетті элементтері болып табылады.**

Клиенттермен жұмыс істеу және **телефон арқылы келіссөздер жүргізу барысында қызметкерлер сыпайылық, нақтылық және ізгі ниеттілік қағидаттарын ұстанады.** Бұл корпоративтік қызмет көрсетудің бірыңғай стандартын қалыптастырады.

Компанияда

**200+**

адам 10 жылдан аса қызмет етіп келеді.



### Мерекелер және и корпоратив тер

Компанияда тақырыптық мерекелік күндерді өткізу арқылы жылы әрі ұжымдық корпоративтік атмосфера қалыптастырылады. **Дәстүрлі түрде қызметкерлер Наурыз мерекесін атап өтуге қатысып, ұлттық киімдер киеді.** Бұл мәдени бірлік пен ұлттық дәстүрлерге құрмет көрсету рухын нығайтып, ерекше мерекелік көңіл-күй қалыптастырады.

**Жаңа жыл қарсаңында кеңседе кабинеттерді ең үздік мерекелік безендіру байқауы өткізіледі.** Бұл қызметкерлердің шығармашылығын, жұмысқа тартылуын және командалық ынтымақтастығын ынталандырады. Осындай бастамалар жұмыс ортасын жандандырып, оны тату әрі жайлы етеді, ұжым мүшелерінің ортақ іске қатыстылық сезімін күшейтіп, жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасуына ықпал етеді.



### Біздің саламатты өмірді қолдайтын кеңсе

Компанияда қызметкерлер үшін қолайлы әрі қолдаушы жағдайлар жасауға бағытталған жайлы кеңсе ортасы жүйелі түрде дамытылып келеді. Жұмыс кеңістіктері күнделікті еңбек пен демалыстың сапасын арттыру мақсатында тұрақты түрде жетілдіріліп отырады, сондай-ақ эргономика мен қызметкерлердің әл-ауқатына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келтіріледі.

Қызметкерлер үшін **ұзақтығы 15 минут болатын тұрақты техникалық үзілістер, сондай-ақ толыққанды түскі асқа арналған уақыт қарастырылған**. Бұл жұмыс міндеттерінен уақытша алаңдап, күш-қуатты қалпына келтіруге және жоғары еңбек өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс режимі эмоционалдық күйзелістің алдын алуға және қызметкерлердің өнімділігін жоғары деңгейде ұстауға ықпал етеді.



**Кеңсе ортасы демалысты әртараптандыруға және жалпы жайлылықты арттыруға көмектесетін элементтермен жабдықталған:**

- қызметкерлер қысқа үзілістер кезінде күйзелісті азайту үшін пайдаланатын дартс орнатылған;
  - қалпына келу және демалу мақсатында қолдануға болатын массаж креслосы қарастырылған;
  - ұжымдық ойындар, шахмат және басқа да шағын белсенділіктер ұйымдастырылады, олар қолайлы атмосфера қалыптастырып, ұжым ішіндегі бейресми қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.
- Сонымен қатар Компанияда жылына бірнеше рет өткізілетін **дәруменді таңғы астар ұйымдастыру тәжірибесі енгізілген**. Бұл бастама қызметкерлердің иммунитетін қолдауға, салауатты әдеттерді қалыптастыруға және корпоративтік рухты нығайтуға бағытталған.



## Турнирлерге және жарыстарға қатысу

Компанияның маңызды корпоративтік іс-шараларының бірі – сақтандыру ұйымдары арасында жыл сайын өткізілетін футбол турниріне қатысу. «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ командасы бірнеше жыл қатарынан бірінші орынды иеленіп, жоғары дайындық деңгейін және мықты командалық өзара іс-қимылды көрсетті. Компанияның өз футбол командасы мен черлидерлер тобы бар. Жарыстарға 150-ден астам қызметкер келіп, әріптестеріне қолдау көрсету ұжымның ішкі корпоративтік дәстүрінің ажырамас бөлігіне айналды.

Қызметкерлердің қалалық марафондарға қатысуы да ерекше орын алады. Жыл сайынғы жүгіру жарысы корпоративтік мәдениеттің символдарының біріне айналып, әртүрлі бөлімшелердің қызметкерлерін біріктіреді және Компанияның бастамашылдық пен белсенді өмір салтын қолдайтын жұмыс беруші ретіндегі оң имиджін қалыптастырады.

«НОМАД Иншуранс»СК» АҚ-ның спорттық бастамалары корпоративтік қауымдастықты нығайтып, қолайлы жұмыс атмосферасын қалыптастырады және қызметкерлердің жеке дамуға әрі салауатты өмір салтын ұстануға деген ұмтылысын қолдайды.



“

*«Бірлескен жаттығулар мен спорттық іс-шараларға қатысу адамдарды шын мәнінде жақындастырады. Әріптестеріңді тек жұмыс барысында ғана емес, спорт алаңында да көргенде, командалық рухтың ерекше, жылы сезімі қалыптасады. Бізде әркім өзін ортақ істің маңызды бөлігі ретінде сезінетін сенім мен өзара қолдау атмосферасы орнықты. Ал спорт осының қалыптасуына ең көп ықпал етеді.»*

”



## Белсенді өмір салты

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ спорт мәдениетін дамытуға және қызметкерлердің денсаулығын қолдауға ерекше көңіл бөледі. Дене белсенділігі қызметкерлердің әл-ауқаты мен тұрақты жұмыс ортасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Спорттық бастамалар командалық өзара іс-қимылды нығайтуға, корпоративтік бірлікті қалыптастыруға және жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтауға қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

Компания қызметкерлері **волейбол және футбол ойындарын қоса алғанда, спорттық іс-шараларға тұрақты түрде қатысады**. Мұндай кездесулер кемінде айына бір рет өткізіледі. Бұл спорттық шаралар ұжымның ұйымшылдығын арттыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға және қызметкерлердің жақсы дене дайындығын сақтауға ықпал етеді.

Компания сондай-ақ қызметкерлерге корпоративтік бағдарламалар аясында **фитнес пен йога сабақтарына қатысу мүмкіндігін ұсынды**. Бірлесіп қаржыландыру моделі бойынша абонемент құнының бір бөлігі қызметкердің жалақысынан ұсталып отырды, ал алты айлық абонементтердің құнын Компания толықтай өз мойнына алды. Бұл спорттық және сауықтыру қызметтерін барлық ниет білдірушілер үшін қолжетімді етті. Мұндай шаралар Компанияның қызметкерлердің денсаулығына инвестиция салуға және белсенді өмір салты мәдениетін қалыптастыруға ұмтылысын көрсетеді.



“

*«Я сам почувствовал, насколько участие в спортивных активностях помогает справляться со стрессом и поддерживать энергию в течение рабочего дня. Поддержка компании в этом процессе действительно мотивирует оставаться активным и беречь своё здоровье.»*

”

## Көшбасшылық және басқарушылық тәжірибе

Қызметкерлердің жалпы санынан

**18,3%**

басшылар\*

Барлық басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі

**2,6%**

Кіші басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесі

**7,8%**


Табыс әкелуге байланысты лауазымдардағы әйелдердің үлесі

**36%***\*бөлім басшылары, директорлар, басқарушы директорлар*

STEM- бағыттарындағы (ғылым , технология, инженерия, математика) лауазымдардағы әйелдердің үлесі

**10,8%**

2021–2024 жылдар аралығындағы кадрлар тұрақсыздығының жалпы деңгейі, қызметкерлердің жалпы санының %ы.



# Әлеуметтік жауапкершілік

## Әлеуметтік жобалар

Қоғамға көмек көрсету «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компания мұндай бастамаларға қатысуды қоғам алдындағы жауапкершілігінің маңызды элементі және оң өзгерістерді қалыптастыруға қосқан үлесі ретінде қарастырады. Негізгі бағыттардың бірі – қайырымдылық іс-шараларына қатысу. Жыл сайын Компания қызметкерлері Балаларды қорғау күні мен Жаңа жыл мерекелеріне орай ұйымдастырылатын акцияларға қатысады. **Ұжым балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылардың балаларына арналған сыйлықтар жинап, оларға қолдау көрсетіп, қамқорлық пен көңіл бөлу атмосферасын қалыптастырады. Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құттықтау дәстүрі ерекше маңызға ие. Бұл Компанияның тарихи мұраға және аға буынның еңбегі мен ерлігіне деген терең құрметін көрсетеді.**



## Экологиялық бастамалар

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ қызметкерлер арасында экологиялық мәдениетті дамытуға да белсенді түрде көңіл бөледі. Соның бір мысалы – **таулы аймақтарға барып, табиғи аумақтарды тұрмыстық қалдықтардан тазарту бойынша экологиялық акцияларды ұйымдастыру.** Мұндай бастамалар экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етіп, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар **қызметкерлер қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға және әлеуметтік мекемелерді қолдауға бағытталған қалалық сенбіліктер мен еріктілік акцияларына тұрақты түрде қатысады.** Осындай іс-шаралар командалық өзара іс-қимылды дамытуға, корпоративтік бірлікті нығайтуға және Компанияның құндылықтық негізін күшейтуге ықпал етеді. Компания әлеуметтік және экологиялық бастамаларға қатысу қызметкерлер, серіктестер және қоғам арасындағы өзара сенімді арттырады деп есептейді. Сонымен қатар бұл «НОМАД Иншуранс» СК» АҚ-ның жауапты корпоративтік азамат болуға деген ұмтылысын көрсетеді.




# Жұмысқа тартылу белсенділігін зерттеу

2025 жылдың үшінші тоқсанында Компания қызметкерлердің жұмысқа тартылуы мен адалдығын бағалау бойынша кезекті зерттеу жүргізді. Зерттеудің мақсаты қызметкерлердің қанағаттану деңгейін, негізгі ынталандыру факторларын және корпоративтік ортаны дамытуға қажетті бағыттарды анықтау болды. Сауалнамаға 650 қызметкердің 488-і қатысып, бұл жалпы штат санының 75%-ын құрады. Зерттеу анонимді форматта өткізіліп, онлайн сауалнама жүргізу және ашық пікірлерді талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу іріктемесі , %

Зерттеуге қатыспағандары саны 25



Қатысқандар саны 75

89%

Қызметкерлердің жұмысқа тартылу деңгейі

92%

Қызметкерлердің адалдық деңгейі

89%

Басшылыққа қанағаттану деңгейі

88%

Даму және мансаптық өсу мүмкіндіктеріне қанағаттану деңгейі

- Көрсеткіштердің динамикасы қызметкерлердің қанағаттану деңгейі 2021 жылдан бері жоғары деңгейде сақталып келе жатқанын және 85%-дан төмен түспегенін көрсетеді (2021 - 85%, 2022 - 86.2%, 2023 - 86%, 2024 - 89%). **2025 жылға мақсат 94%-ға жету.**
- **Employee Net Promoter Score** 2021 жылдан бері 73%-дан төмен түспеді (2021 - 85%, 2022 - 89%, 2023 - 90%, 2024 - 92%). **2025 жылға мақсат 95%.**



# Қызметкерлерді оқыту және дамыту

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ адами капиталды дамытуды тұрақты өсудің және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырады. Компаниядағы оқыту жүйесі білімді үнемі жаңартып отыруға, кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамытуға бағытталған. 2024 жылы Компания мамандардан, бөлімше басшыларынан бастап өңірлік филиалдардың қызметкерлеріне дейінгі барлық персонал деңгейлерін қамтитын кең ауқымды білім беру бағдарламаларын іске асырды. Оқыту сыртқы оқу орталықтарымен және кәсіби ұйымдармен әріптестік негізде, сондай-ақ ішкі форматта жүргізіледі.



## Кәсіби даму және біліктілікті жоғарлату


Қызметкерлер бизнес пен технологияларды дамытудың заманауи бағыттары бойынша оқытудан өтті:

- ISO/IEC 27001:2022 халықаралық ақпараттық қауіпсіздік стандарттары бойынша;
- DevOps бағдарламалары бойынша;
- адам ресурстарын басқару (HR-сарапшы) бағыты бойынша;
- актуарлық қағидаттар, оның ішінде өмірді және денсаулықты сақтандыру мәселелері бойынша.

Бұл бағдарламалар кәсіби сараптамалық деңгейдің артуына, талдамалық дағдылардың жетілдірілуіне және стратегиялық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Компанияда жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу шеңберінде қызметкерлердің цифрлық құзыреттерін арттыруға және өзгеріп жатқан жұмыс үдерістеріне бейімделуіне бағытталған цифрлық трансформация бағдарламасы бойынша оқыту іс-шаралары тұрақты түрде өткізіледі.

### 2024 жылдағы оқыту түрі



## 62%

2024 жылы оқытудан өткен қызметкерлер үлесі

## 78 300 теңге

2024 жылы бір қызметкерді оқытуға жұмсалған орташа шығын сомасы

# Қызметкерлерді оқыту және дамыту

## Корпоративтік тренингтер және жұмсақ дағдыларды дамыту

Компания қызметкерлері үшін жеке тиімділік пен коммуникациялық дағдыларды дамытуға бағытталған **тұрақты топтық тренингтер** өткізіледі. Жыл бойы келесі тақырыптар бойынша сабақтар ұйымдастырылды:


- уақытты тиімді басқару (тайм-менеджмент);
- SMART қағидаты бойынша мақсаттар мен міндеттер қою;
- келіссөздер жүргізу;
- зейінді шоғырландыру және назарды басқару.

Аталған бағдарламалар **көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал етеді және қызметкерлерге** қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізуге **көмектеседі**.

# 40,5

среднее количество часов обучения на одного сотрудника, среди тех, кто прошел обучение

2024 жылы оқытудан өткен қызметкерлердің жыныстық ара салмағы, %



## Сату және клиенттерге қызмет көрсету саласындағы қызметкерлерді оқыту

Клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлердің құзыреттерін дамытуға ерекше назар аударылады. 2024 жылы оқытудан сату менеджерлері мен орта буын менеджерлері өтті.

2024 жылы сату дағдыларын жетілдіруге, клиентке бағдарлануды арттыруға және командалық өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған **«Nomad Games» корпоративтік тренингі** өткізілді. Оған барлық өңірлік бөлімшелердің өкілдері қатысты.



**Абейталипова Айнур**  
Қызметкерлерді басқару басқармасының басшысы

“

Адамдар – біздің ең басты капиталымыз. Біз әрбір қызметкердің кәсіби дағдыларын дамытып, құзыреттерін кеңейтіп, компаниямен бірге өсуіне мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға ұмтыламыз. Оқыту мен дамытуға салынған инвестициялар – ұйымның тұрақты болашағына салынған инвестициялар.

”

# Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ бас офис пен филиалдық желіні қамтитын еңбекті қорғауды басқарудың формалдандырылған жүйесін қалыптастырды.

Негізгі талаптар «Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықта» (2020 жылғы 18 ақпандағы Басқарманың №7 хаттамасымен бекітілген) бекітілген. Ал төтенше жағдайларға дайындық мәселелері қолданыстағы **«Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары»** (2024 жылғы 19 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің №30 хаттамасымен бекітілген) арқылы реттеледі. Аталған құжаттар мақсаттарды, жауапкершілік аймақтарын, тәуекелдердің алдын алу рәсімдерін, сондай-ақ оқиғаларға **дейінгі, оқиға барысында және одан кейінгі** іс-қимыл тәртібін айқындайды.

**Жүйе алдын алу қағидаттарына негізделген.**

Компанияда төмендегілер қолданылады:

- қауіпті факторларды анықтау және бағалау;
- қолжетімділігі шектеулі үй-жайларға кіру регламенттері;
- АТ-жүйелердің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру қағидалары;
- жер сілкінісі мен өрттен бастап химиялық қауіптер мен пандемияларға дейінгі табиғи және техногендік тәуекелдерге ден қою сценарийлері.

**Әрбір сценарий бойынша құрылымдық бөлімшелердің** (АТ департаменті, Әкімшілік-шаруашылық бөлімі, Қауіпсіздік қызметі, Персоналды басқару басқармасы, филиалдар) **рөлдері**, эвакуациялау, хабарландыру және операциялық қызметті қалпына келтіру тәртібі **айқындалған**.

**«Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық » 2020 жылғы 18 ақпандағы Басқарманың №07 хаттамасымен бекітілген .**

**Коммуникация арналарына** электрондық пошта арқылы хабарландырулар тарату, ақпараттық тақталар, дабылдық ескертулер және жедел нұсқаулықтар кіреді. Сондай-ақ филиалдарға енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты тұрақты түрде жеткізу қарастырылған.

Қызметкерлер тағайындалған жауапты тұлғалар арқылы, оқу-жаттығуларға қатысу және тәуекелдер мен сәйкессіздіктер туралы хабарлау мүмкіндігі арқылы процестерге тартылады. Жүйенің қамту аясы толық болып табылады: талаптар барлық штаттық қызметкерлерге, филиал қызметкерлеріне, әкімшілік және АТ-персоналға, сондай-ақ фронт-офис және бэк-офис қызметкерлеріне қолданылады.

Қызметкерлерді оқыту және ақпараттандыру жүйелі түрде жүзеге асырылады. **Осы мақсатта төмендегі іс-шаралар өткізіледі:**

- ҚТ және ЕҚ бойынша міндетті нұсқамалар;
- эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар;
- ТЖ кезіндегі іс-қимылдарға арналған оқыту сессиялары;
- жауапты тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелер басшыларына арналған мақсатты брифингтер (GRI 403-5).



**Танатарова Молдир**

Әкімшілік-шаруашылық бөлім басшысы

“

*Төтенше жағдайлар кезінде инфрақұрылымның тұрақтылығын сақтау және қызметкерлердің денсаулығын қорғау мақсатында ғимараттар мен жабдықтарды қауіпсіз пайдалану, резервтік байланыс арналары, аса маңызды жүйелерді резервтік деректер орталығына репликациялау, санитариялық өңдеу, сондай-ақ эпидемиялар кезеңінде ұйымдастырушылық шараларды қолдану көзделген (байланыстарды шектеу, ЖҚҚ пайдалану және қажет болған жағдайда карантин енгізу).*

”

# Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ тәуекелдерді азайтуға және өмірдің күрделі жағдайларында қолдау көрсетуге бағытталған сақтандыру шешімдерінің кең ауқымы арқылы **өз клиенттерінің денсаулығын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын жоғары деңгейде қорғауды** қамтамасыз етеді. Компанияның сақтандыру өнімдері денсаулық жағдайы мен жеке қауіпсіздіктен бастап мүліктің сақталуына, бизнесті қорғауға, экологиялық жобаларға және қауіптілігі жоғары салаларға дейін тұтынушылық және корпоративтік тәуекелдердің барлық негізгі санаттарын қамтиды.

Сақтандыру бағдарламалары клиенттерге медициналық көмекті уақтылы алуға, емдеуден қаржылық шығынсыз өтуге, жазатайым оқиғалар, төтенше жағдайлар, техногендік және табиғи апаттар кезінде өтемақы алуға, сондай-ақ өз мүлкі мен кәсіби қызметін қорғауға мүмкіндік береді. Компания сондай-ақ тұтынушылардың құқықтық және қаржылық қорғалуын қамтамасыз етіп, авариялардың, қоршаған ортаға келтірілген залалдың, міндеттемелердің бұзылуының және өмір сапасына немесе бизнестің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін өзге де оқиғалардың салдарын барынша азайтуға көмектеседі.



**Компания қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарын ұстанады:** сақтандыру талаптарының ашықтығын, тәуекелдерді әділ бағалауды, сақтандыру жағдайларын жедел реттеуді және консультациялық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. **Цифрлық сервистермен үйлесімде бұл клиенттерге қажетті қолдауды жедел алуға және өз қауіпсіздігіне сенімді болуға мүмкіндік береді.**



Тұтынушылардың қауіпсіздігін арттыруға **халықаралық ынтымақтастық пен сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі жаһандық бағдарламаларға қатысу** да ықпал етеді. Бұл Компанияға ірі апаттық оқиғалар кезінде де, сондай-ақ жергілікті нарықтан тыс жағдайларда да клиенттерге сақтандыру төлемдері мен қажетті көмекті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде Компанияның сақтандыру қорғанысы анағұрлым сенімді әрі тұрақты бола түседі, ал клиенттер тәуекелдің географиялық орналасуына қарамастан қорғалған болады. Осылайша, **Компания денсаулықты, қауіпсіздікті және тұтынушылардың тұрақтылығын басты орынға қоятын сақтандыру қорғанысының экожүйесін қалыптастырады**, сондай-ақ елеуметтік маңызы бар және экономиканың стратегиялық маңызды салаларындағы тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді.

## Клиенттердің қаржылық сауаттылығы

«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ жастардың және сақтандыру саласының болашақ мамандарының қаржылық сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізеді.

Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық аясында Компания Ашық есік күндерін және тақырыптық кездесулер ұйымдастырады. Бұл іс-шараларда студенттер сақтандыру өнімдері, тәуекелдер және қаржылық қорғау қағидаттары туралы базалық білім алады.

Мұндай іс-шаралар жастар арасында сақтандыруды жеке және кәсіби тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде түсінуді қалыптастыруға, сондай-ақ елдегі қаржылық қызметтер туралы жалпы хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған.

Компанияның серіктес жоғары оқу орындарының қатарында Халықаралық Бизнес Университеті (UIB), International IT University және Алматы Экономикалық Колледжі бар.

Біз жас мамандардың даярлық деңгейі мен қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ұмтыламыз.




**2024 жылы Компания 2GIS жүйесі арқылы 381 пікір алды**, оның ішінде 312-сі оң, ал 69-ы теріс пікір болды. Бұл клиенттердің қанағаттану деңгейінің тұрақты түрде жоғары екенін көрсетеді. 2022 жылдан бастап **99 теріс пікір негізсіз немесе** платформа ережелерін бұзған деп танылып, **шағымдану нәтижесінде жойылды**.

**Әрбір теріс пікір ішкі талдаудан өткізіледі**, бұл клиенттердің наразылығын тудыратын **себептерді** жүйелі түрде **анықтауға** және олардың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді. 2022–2024 жылдар аралығындағы шағымдар динамикасы маңызды үрдісті көрсетеді: 2023 жылы **шағымдар саны ең жоғары деңгейге жетіп (102 шағым)**, **2024 жылы 69-ға дейін төмендеді**. Бұл бизнес-процестер сапасының жақсарғанын және клиенттерге көрсетілетін қолдаудың тиімдірек болғанын айғақтайды.

Жалпы алғанда, деректер **Компанияның қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында тиімді жұмыс жүргізіп жатқанын көрсетеді**: клиенттік базаның өсуіне қарамастан, шағымдар саны азайып келеді, ал теріс кері байланыс жүйелі түрде талданып, тиісті шаралар қабылданады.


2024 жылы алынған пікірлердің саны



99

2022 жылдан бері  
шағымдалып жойылған  
жағымсыз пікірлер саны

Шағымдар . Шағым себебі бойынша бөлу. 2022-2024 жылдар .



## Шағымдар

**Төлемдерге қатысты шағымдар**

Төлемдерге қатысты шағымдар саны 2023 жылғы 24-тен 2024 жылы 8-ге дейін төмендеді, яғни 67%-ға қысқарды. Бұл сақтандыру жағдайларын реттеу үдерісінің жеделдігі мен ашықтығының артқанын көрсетеді.

**Сатуға қатысты шағымдар**

Сатуға қатысты шағымдар қалыпты динамиканы көрсетеді: 2024 жылы 13 өтініш тіркелсе, 2023 жылы олардың саны 19 болған. Бұл клиенттерге кеңес беру сапасын одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсететін назар аударуды талап ететін бағыт болып қала береді.

**«Өзге» санаты**

«Өзге» санаты ең ірі топ болып қала береді (32 өтініш), бұл клиенттердің сұрақтары мен өтініштерінің алуан түрлі екенін және коммуникацияларды одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

**Шартты бұзу және есептеулердің дұрыстығына қатысты шағымдар**

Шартты бұзу және есептеулердің дұрыстығына қатысты шағымдар саны аз болғанымен, бұл бағыттар бойынша процестерге тұрақты бақылауды сақтап отыру қажет.

**ТМС бойынша шағымдар**


МСТ бойынша (көлік құралдарын медициналық сақтандыру/міндетті сақтандыру түрлері бойынша) шағымдар саны төрт есеге қысқарып, 2023 жылғы 12-ден 2024 жылы 3-ке дейін төмендеді.

2024 жылы 2023 жылмен  
салыстырғанда төлемдерге қатысты  
шағымдар саны  
**67%-ға**  
азайды .

2024 жылы 2023 жылмен  
салыстырғанда ТМС-ға қатысты  
шағымдар саны  
**4 есе**  
азайды .

2024 жылы 2023 жылмен  
салыстырғанда сатылымдарға  
қатысты шағымдар саны  
**32%-ға**  
азайды .

2024 жылдың соңындағы 2ГИС бағасы



# Указатель GRI

GRI коды	Сипаттама	Бет нөмірі
GRI 2.1	Ұйымдастырушылық жайттар	1, 7, 11
GRI 2.3	Есеп беру кезеңі, мерзімділік және байланыс ақпараты	1, 106
GRI 2.6	Қызмет, құн қалыптастыру тізбегі және басқа да іскерлік байланыстар	6, 7, 9, 11, 13-30
GRI 2.7	Қызметкерлері	82, 83
GRI 2.9	Құрылым және басшылық құрамы	12, 46-55
GRI 2.10	Жоғары басқару органын қалыптастыру және тағайындау	47
GRI 2.11	Жоғары басқару органының төрағасы	4, 55
GRI 2.22	Тұрақты даму стратегия туралы мәлімдеме	4, 5, 50, 59, 77
GRI 2.23	Компания саясатына сәйкес міндеттемелер	44-45, 57, 66-72, 77, 84-86
GRI 2.24	Міндеттемелерді Компания қызметіне енгізу	44-45, 57, 66-72, 77, 84-86
GRI 2.27	Заңнамаларды және нормативті талаптарды сақтау	11, 20, 27, 30, 43, 44, 47, 49, 51-53, 55, 57, 58, 60-71, 81, 84-86
GRI 2.28	Қауымдастыққа мүшелік	81
GRI 2.29	Мүдделі тараптарды тарту тәсілі	30-35
GRI 3.1	Маңызды тақырыптарды таңдау барысы	34, 35
GRI 3.2	Маңызды тақырыптар тізімі	33-35

GRI коды	Сипаттама	Бет нөмірі
GRI 201	Экономикалық көрсеткіштер	10, 18-22, 56
GRI 202	Нарыққа қатысу	9, 40
GRI 205	Жемқорлыққа қарсы тұру	45, 68, 69
GRI 206	Арамзалы бәсеке	45, 67
GRI 207	Салықтар	57
GRI 302	Энергия	74
GRI 303	Су және ағынды сулар	75
GRI 306	Қалдықтар	76
GRI 401	Жұмысбастылық	82-84
GRI 402	Еңбек қатынастары	82-83, 85-86, 87-94
GRI 403	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	97
GRI 404	Оқыту және қызметкерлерді дамыту	95-96
GRI 405	Әртүрлілік және тең мүмкіншіліктер	5, 85-86
GRI 406	Кемсітпеушілік	87
GRI 416	Тұтынушылардың денсаулығы және қауіпсіздігі	26, 98-99
GRI 417	Маркетинг и маркалау	100
GRI 418	Тұтынушылар деректерінің құпиялылығы	70


# Қолданылатын қысқартулар және аббревиатуралар


- **ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару)** — қоршаған ортаны қорғауға, қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасауға, қызметкерлер мен клиенттерге адал қарым-қатынасқа және тиісті корпоративтік басқаруға негізделген Компания қызметінің қағидаттары. Бұл қағидаттар Компанияның тиімділігі мен әлеуетті тәуекелдерін бағалауға көмектеседі.
- **ТДМ (Тұрақты даму мақсаттары)** — 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы әзірлеген, «барлығы үшін неғұрлым жақсы әрі тұрақты болашаққа қол жеткізу жоспары» ретінде айқындалған өзара байланысты 17 мақсаттың жиынтығы.
- **TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosures)** — климаттың өзгеруінің жаһандық экономикаға ықтимал әсері туралы ақпаратты ашуға арналған есептілік стандарттары.
- **GRI (Global Reporting Initiative)** — компаниялардың қаржылық емес көрсеткіштерін ашуға арналған жаһандық бастама, бірыңғай есептілік стандарттары мен ұсынымдары.
- **Net zero (таза нөлдік шығарындылар, «таза нөлдік»)** — көмірқышқыл газы шығарындыларын табиғат сіңіріп, ұзақ уақыт сақтай алатын қалдық шығарындылар деңгейіне дейін қысқарту, сондай-ақ атмосферадағы көмірқышқыл газының таза деңгейін нөлге жеткізуге бағытталған өзге де шаралар.
- **Scope 1** — Компанияның тікелей шығарындылары. Оларға энергияны (бу, жылу) өндірінен өндіру, өндірістік процестерде, қазандықтарда және көлік құралдарында отынды жағу, сондай-ақ хладагенттерден шығатын шығарындылар жатады.
- **Scope 2** — сыртқы жеткізушілерден сатып алынатын электр энергиясын, жылуды және буды тұтыну нәтижесінде пайда болатын жанама шығарындылар.
- **Scope 3** — құн қалыптастыру тізбегі бойынша туындайтын парниктік газдардың өзге де жанама шығарындылары.
- **SBTi (Science Based Targets initiative)** — климаттың өзгеруімен күрес мәселелерімен айналысатын ұйымдар үшін ғылыми негізделген климаттық мақсаттарды белгілеуге бағытталған халықаралық бастама.
- **IFRS (International Financial Reporting Standards)** — Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС).
- **IFRS S1** — кәсіпорындардың бүкіл құн қалыптастыру тізбегі бойынша тұрақтылыққа байланысты елеулі тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптарды қамтитын қаржылық емес есептілік стандарты.
- **IFRS S2** — климатқа байланысты ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды қамтитын қаржылық емес есептілік стандарты.
- **ISO** — Халықаралық стандарттау ұйымы.
- **STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics)** — ғылымды, технологияларды, инженерияны және математиканы бірыңғай жүйеге біріктіретін білім беру тәсілі.
- **CRM (Customer Relationship Management)** — клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқару жүйесі.

# Қолданылатын қысқартулар және аббревиатуралар

- **S&P Global ESG Score** — Standard & Poor's Global агенттігінің ESG рейтингі, Corporate Sustainability Assessment (CSA) деректеріне негізделген Компанияның экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG) салаларындағы тиімділігін сандық бағалау көрсеткіші.
- **АҚЖ МС** — көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру.
- **КҚИ** — көлік құралдарының иелері.
- **КАСКО** — автокөлікті ерікті сақтандыру.
- **РЕПО / РЕПО** — репо операциялары.
- **ROE (Return on Equity)** — меншікті капиталдың рентабельділігі.
- **KASE (Kazakhstan Stock Exchange)** — Қазақстан қор биржасы.
- **ҚҚҚ** — «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.
- **СҚҚ** — «Қазақстан сақтандырушылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.
- **ҰКП** — «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.
- **ҚНРДА** — Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- **ҚЖТҚҚ** — қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл.
- **ҚЖТҚ** — қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру.

 Email: [info@nomad.kz](mailto:info@nomad.kz)

 Тел.: +7 (727) 321-21-21,  
+7 (727) 321-20-00

 Мекенжай : Алматы қ., Төле би  
к-сі, 101 (Байтұрсынов көш.  
қиыл.)